




Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі



“Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті” КеАҚ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
85 жылдығына арналған
**«Досмұхамедұлы оқулары – 2025:
Ғылым мен білімнің дамуындағы заманауи
инновациялар және жасанды интеллект» атты**
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
**«Досмухамедовские чтения – 2025: Современные инновации
и искусственный интеллект в развитии науки и образования»**, посвященной
85-летию Атырауского университета имени Халела Досмухамедова

International Scientific and Practical Conference
**«Dosmukhamedov Readings – 2025:
Modern Innovations and Artificial Intelligence
in Science and Education Development»**
dedicated to the 85th anniversary of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University
PROCEEDINGS

II ТОМ

17/10/2025



**«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ**



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына арналған
«Досмұхамедұлы оқулары – 2025: Ғылым мен білімнің дамуындағы заманауи
инновациялар және жасанды интеллект» атты
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
«Досмұхамедовские чтения – 2025: Современные инновации и искусственный
интеллект в развитии науки и образования», посвященной
85-летию Атырауского университета имени Халела Досмұхамедова

International Scientific and Practical Conference
«Dosmukhamedov Readings – 2025: Modern Innovations and Artificial Intelligence
in Science and Education Development»
dedicated to the 85th anniversary of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University
PROCEEDINGS

УДК 001
ББК 72 Д64

Идрисов С.Н., Утепкалиева К.М., Кайыргалиева Г.К.

**«ДОСМУХАМЕДОВ ОҚУЛАРЫ – 2025: ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ
ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-262-617-9

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына арналған «Досмұхамедұлы оқулары – 2025: Ғылым мен білімнің дамуындағы заманауи инновациялар және жасанды интеллект» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар. ASUPress баспасы, 2025 ж. – 308 б.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Досмухамедовские чтения – 2025: Современные инновации и искусственный интеллект в развитии науки и образования», посвященной 85-летию Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. – Атырау, Издательство ASUPress, 2025 . – 308 с.

International Scientific and Practical Conference «Dosmukhamedov Readings – 2025: Modern Innovations and Artificial Intelligence in Science and Education Development» dedicated to the 85th anniversary of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University proceedings. – Atyrau, Publishing house ASUPress, 2025 . –308 p.

Аталған жинаққа қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым-энциклопедист, профессор Халел Досмұхамедұлының ғылыми мұрасын зерттеу мен зерделеуге, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдары, жоғары мектеп педагогикасы, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық ғылымдар салаларындағы жаңа зерттеулермен қатар, заманауи ғылымның маңызды бағыты - жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар мәселелеріне арналған мақалалар енгізілген. Жинақ жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттарға, колледж және мектеп мұғалімдеріне арналған.

В сборник вошли статьи, посвященные исследованию и изучению научного наследия общественного и государственного деятеля, учёного-энциклопедиста, профессора Халела Досмухамедова, а также включены статьи, посвященные новым исследованиям в области естественных наук, педагогики высшей школы, социально-экономических и правовых наук, актуальным вопросам современной науки — искусственному интеллекту и цифровым технологиям. Сборник предназначен для преподавателей вузов, докторантов, магистрантов, учителей колледжей и школ.

The proceedings include articles devoted to the research and study of the scientific heritage of the public and statesman, scientist-encyclopaedist Professor Kh. Dosmukhamedov, as well as articles devoted to new research in the fields of natural sciences, higher education pedagogy, social, economic, and legal sciences, current issues of modern science — artificial intelligence and digital technologies. The proceedings are intended for university lecturers, PhD and Master's students, and teachers of colleges and schools.

ISBN 978-601-262-617-9

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің баспасы, 2025
©Издательство ASUPress

СЕКЦИЯ № 3
**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
ДРАЙВЕРЛЕРІ**

СЕКЦИЯ № 3
**ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ:
ДРАЙВЕРЫ ЭКОНОМИЧЕСКИХ И СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ**

SECTION NO. 3
**ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND DIGITAL TRANSFORMATION:
DRIVERS OF ECONOMIC AND SOCIAL CHANGE**

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ ЕҢБЕК
НАРЫҒЫНА ӘСЕРІ: ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ
ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР**

Қашқынбай Даурен Сағидоллаұлы
Экономика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Менеджмент кафедрасы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Андатпа

Бұл мақалада жасанды интеллект (ЖИ) пен автоматтандырудың Қазақстан экономикасындағы еңбек нарығына әсері зерттеледі. ЖИ мен автоматтандыру шығындарды азайтуға және инновациялық шешімдерді енгізуге, өндіріс пен қызмет көрсету салаларындағы өнімділікті күшейтуге мүмкіндіктер беретін негізгі құрал ретінде қарастырылады. Еліміздегі мемлекеттік бағдарламалар, соның ішінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жаңа технологияларды енгізу арқылы жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға және экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған. Мақалада кейбір дәстүрлі мамандықтардың қысқару қаупі, кәсіби қайта оқытудың маңызы және ЖИ мен автоматтандыру нәтижесінде жаңа мамандықтарға сұранысты қалай арттыратыны талданады. Сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктер, еңбек нарығының трансформациясына байланысты аспектілер қарастырылады.

Негізгі сөздер: жасанды интеллект, автоматтандыру, еңбек нарығы, Қазақстан экономикасы, цифрлық трансформация, кәсіби қайта оқыту, инновациялық даму, жаңа мамандықтар, әлеуметтік тұрақтылық.

Аннотация

В этой статье исследуется влияние искусственного интеллекта (ИИ) и автоматизации на рынок труда в экономике Казахстана. ИИ и автоматизация рассматриваются как основные инструменты, которые предоставляют возможности для снижения затрат и внедрения инновационных решений, повышения производительности в отраслях производства и услуг. Государственные программы страны, в том числе программа «Цифровой Казахстан», направлены на формирование новых рабочих мест и повышение экономической эффективности путем внедрения новых технологий. В статье анализируются риски сокращения некоторых традиционных специальностей, важность профессионального переобучения и то, как они увеличивают спрос на новые специальности в результате ИИ и автоматизации. Также рассматриваются социальные и экономические возможности, аспекты, связанные с трансформацией рынка труда.

Ключевые слова: искусственный интеллект, автоматизация, рынок труда, экономика Казахстана, цифровая трансформация, профессиональное переобучение, инновационное развитие, новые профессии, социальная устойчивость.

Abstract

This article examines the impact of artificial intelligence (AI) and automation on the labor market in the economy of Kazakhstan. AI and automation are considered as the main tools that provide opportunities to reduce costs and implement innovative solutions, increase productivity in manufacturing and services industries. The country's government programs, including the Digital Kazakhstan program, are aimed at creating new jobs and increasing economic efficiency through the introduction of new technologies. The article analyzes the risks of reducing some traditional specialties, the importance of professional retraining and how they increase the demand for new specialties as a result of AI and

automation. Social and economic opportunities and aspects related to the transformation of the labor market are also considered.

Keywords: artificial intelligence, automation, labor market, economy of Kazakhstan, digital transformation, professional retraining, innovative development, new professions, social sustainability.

Жасанды интеллект (ЖИ) – адамның танымдық функцияларына бейімделген, деректерді өңдеу, шешімдерді қабылдаушы және үйрену қабілеті бар компьютер жүйелері және алгоритмдердің жиынтығы. ЖИ технологиялары деректерді шапшаң талдау, болжам жасау, автоматтандырылған шешімдер қабылдауды және табиғи тілде коммуникация жүргізді қамтамасыз етеді. Бұл технологиялар қазіргі заманауи экономикада стратегиялық маңызды құралдардың біріне айналууда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет» деп нақтылап атап өткен [1]. Осы жолдауға сай Қазақстан республикасында бірқатар айтулы іс шаралар мен заңдар, бағдарламалар елімізде ЖИ дамытуға байланысты қабылданатыны айқын болды.

Автоматтандыру - қызмет көрсету немесе өндіріс процесін адам қатысуынсыз басқаруға, игеруге мүмкіндіктер беретін бағдарламалық және техникалық құралдардың қолданылуы.[2,6.45].Автоматтандыру еңбек шығындарын азайтады, өндірістік процестердің тиімділігін арттырады және сапаны тұрақты етуге жәрдем береді. Осылайша ЖИ мен автоматтандыру бірге қолданылғанда, бәсекеге қабілеттілікті және кәсіпорындардың инновациялық дамуын арттыра алады. Жалпы әлемдік деңгейде ЖИ мен автоматтандыру экономикалық дамудың жаңаша бір бағытына айналды. Зерттеу нәтижелері бойынша автоматтандыру өндірістегі өнімділікті 20-30% арттыруға мүмкіндік береді. Қызмет көрсету салаларында ЖИ тұтынушылар мен пайдаланушыларға қызмет көрсетудің сапасы мен жылдамдығын жақсартып алады. ЖИ жаңа жұмыс орындарының пайда болуына және кейбір дәстүрлі мамандық иелерінің қысқаруға ұшырауына, сонымен қатар кәсіптік дағдыларына жаңадан талаптардың қойылуына әсерін тигізеді.

Қазақстан экономикасына да осы жаһандық трендтердің әсері өте жоғары. Елдің мемлекеттік бағдарламалары ,соның ішінде «Цифрлық Қазақстан», ЖИ мен автоматтандыру технологияларын енгізуге бағытталған. Бұл бағдарлама мемлекеттік қызметтер мен кәсіпорындардың жұмысын цифрландыру, экономикалық тиімділікті арттыру және инновациялық шешімдерді қолдану арқылы Қазақстанның экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді [3, 6.115].

Қазіргі таңда Қазақстандық еңбек нарығында трансформация процесінде. Бұл трансформация процесінде бір жағынан жаңа мамандықтарға сұраныс артып жатырса, екінші жағынан дәстүрлі кәсіптермен мамандықтар қысқару қаупінде. Осыған байланысты қайта оқыту, жұмыс орындарын бейімдеу бағдарламалары және кәсіби білім беру маңызды рөл атқарады. ЖИ мен автоматтандыру тек қана технологиялық құралдар ғана емес, әлеуметтік және экономикалық трансформацияны тудыратын факторлар болып отыр. Елімізде бұл процестер еңбек нарығының құрылымын өзгертіп, жаңа мамандықтар мен дағдыларға сұранысты арттыруда.

Өндіріс саласында автоматтандыру – бұл өндірістік процестерді роботтар, сенсорлар және басқару жүйелері арқылы аз адамдық қатысуымен жүргізу. Қазақстандағы ірі металлургиялық, химиялық және мұнай-газ салаларында автоматтандыру өнімділікті арттыруға, өндіріс шығындарын азайтуға және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді .Мысалы, «ҚазМұнайГаз» компаниясы мұнай өңдеу зауыттарында роботтандырылған

бақылау жүйелерін енгізіп, өндіріс процесін тұрақтандырды және техникалық ақауларды ерте анықтау арқылы шығындарды төмендетті [4, б.56]. Сонымен қатар, өндірістік роботтар мен автоматтандырылған желілер адам қателігін азайтып, өндіріс сапасын біртекті деңгейде ұстап тұрады.

Қызмет көрсету салаларында ЖИ тұтынушыларға қызмет көрсетуді жедел етуге және жеке ұсыныстарды жасауға мүмкіндік сыйлайды. Банк саласында чат боттар клиент сұрақтарына жедел жауап береді және транзакцияларды автоматтандырады. Сауда нарығында ЖИ тұтынушылардың сатып алу әдеттерін талдап, өнім ұсыныстарын дараландырады. Бұл сату көлемін арттыруға өз септігін тигізеді.

Медицинада ЖИ диагностикалық жүйелер арқылы ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектеседі, пациенттерге жеке емдеу жоспарын даярлауға мүмкіндік береді. Қазақстандағы кейбір клиникаларда жасанды интеллект негізіндегі радиологиялық талдау жүйелері енгізіліп, дәрігерлердің жұмысын жеңілдетуде. Ақпараттық технологиялар (IT) мен цифрлық трансформация ұйымдардың жұмысын цифрландыру арқылы тиімділікті арттыру процесі. ЖИ мен автоматтандыру IT саласында үлкен рөл атқарады: киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, деректерді өңдеу, бизнес процестерді оңтайландыру мүмкіндіктері ұлғаяды. Цифрлық трансформация Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді оңтайландыруда кеңінен көрініс табуда. Мысалы, «eGov» порталы мемлекеттік қызметтердің көп бөлігін онлайн режимге көшіру арқылы азаматтардың уақытын үнемдеуге және бюрократиялық кедергілерді азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ірі компаниялар өздерінің ERP және CRM жүйелерін автоматтандыру арқылы өндіріс, қаржы және сату процестерін интеграциялап, басқару тиімділігін арттырып отыр.

Қазақстан экономикасы ЖИ және автоматтандыру технологияларын әртүрлі секторларда енгізуде. Энергетика саласында ЖИ негізіндегі жүйелер генерацияны тиімді басқаруға, электр энергиясын тұтынуды болжамдауға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді [5, б.34]. Мысалы, «ҚазЭнерго» компаниясы желілік жүйелерді автоматтандырылған мониторинг арқылы бақылап, энергия шығынын 15%-ға төмендетті. Ауыл шаруашылығында дрондар мен ЖИ технологиялары егістік жағдайын бақылау, тыңайтқыштарды оңтайлы қолдану және өнімділікті арттыруға қолданылады. «AgroTech Kazakhstan» жобасы дрондар арқылы егістік деректерін жинап, өнімділікті 10–12% арттырған [6, б.56]. Өнеркәсіп саласында роботтандырылған желілер өндіріс көлемін көбейтіп, еңбек шығындарын төмендетуде. Металлургиялық және химиялық кәсіпорындарда енгізілген автоматтандырылған бақылау жүйелері өндіріс сапасын тұрақтандырып, өндіріс процесінде адам қателіктерін азайтты.

Қазақстанның мемлекеттік бағдарламаларында ЖИ және автоматтандыруды енгізуді қолдайды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, кәсіпорындардағы өндірісті автоматтандыру және IT инфрақұрылымды дамыту арқылы экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған шаралардың бірі. Бағдарлама аясында «eGov» порталы, SmartCity жобалары және электрондық сауда платформалары іске қосылды. Бұл бастамалар азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсартуға, бизнес процестерін оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Жи мен автоматтандыруды дамыту және қолдау беру, ел экономикасына нақты тиімділіктер әкелуде. Қызмет көрсету мен өндіріс секторында өнімділіктің қарқынды артуы, шығындардың төмендеуі және инновациялық шешімдерді қабылдау арқылы компаниялар бәсекеге қабілеттілігін арттыруда. Мысалы кейбір өндіріс кәсіпорындары автоматтандыру арқылы еңбек шығынын 20–25% қысқартып, өнім өндіру көлемін арттырған. ЖИ аналитикалық жүйелерді қолдану арқылы бизнес шешімдерін нақты және жылдам қабылдауға үлкен мүмкіндік береді. Бұл экономикалық шешімдерге негізделген жоспарлау мен стратегияларды жақсартуға көмегін тигізеді, сонымен қатар инвестициялық тартымдылықты күшейтеді.

Жасанды интеллект пен автоматтандыру экономикалық құрылымды өзгерткендіктен, жаңа мамандықтарға сұраныс әрдайым артуда. Жасанды интеллект (ЖИ) мен автоматтандыру экономикалық құрылымды өзгерткендіктен, жаңа мамандықтарға сұраныс артуда. Қазақстанда

деректерді талдау, робототехника, IT қауіпсіздігі, бағдарламалау және ЖИ жүйелерін жобалау саласында мамандарға қажеттілік жоғары. Мысалы, 2023 жылғы статистика бойынша, IT саласында бос жұмыс орындарының саны 12% өскен, ал ЖИ және автоматтандыруға байланысты мамандықтарға сұраныс жыл сайын 15–20% өсуде [7, б.34]. Кейбір дәстүрлі мамандықтар қысқаруға немесе өзгеруге мәжбүр болуда. Қызмет көрсету және өндіріс салаларында әкімшілік, қасалық құжаттарды өңдеу жұмыстары автоматтандырылған жүйеге көшірілуде. Бұл өз кезегінде еңбек нарығында қысқа мерзімде қайта бейімделуді талап етеді. Автоматтандыру мен ЖИ енгізілуі белгілі бір секторларда жұмыссыздық қаупін тудырады. Қазақстанда бұл мәселені реттеу үшін мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған. Мысалы, кейбір өңірлерде кәсіптік қайта даярлау курстары мен субсидияланған жұмыс орындары ашылып, еңбек нарығындағы тұрақтылықты сақтау көзделуде [8, б.78]. ЖИ мен автоматтандыру саласындағы өзгерістер кәсіби білім беру мен қайта оқытудың маңызды ролін көрсетеді. Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында IT, робототехника және деректерді талдау курстары ұйымдастырылып, жұмысшылардың жаңа дағдыларға бейімделуі қамтамасыз етілуде. Жұмысшылардың қайта оқытылуы еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттырып, жаңа экономикалық мүмкіндіктерге жол ашады. ЖИ мен автоматтандыру Қазақстандағы еңбек нарығын тек қана қайта құрылымдаумен шектелмей, жаңа мамандықтар мен дағдыларға сұранысты арттырады, жұмыс орындарын қысқартады, бірақ кәсіби қайта оқыту арқылы экономикалық тұрақтылықты қолдауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект (ЖИ) мен автоматтандырудың ең үлкен артықшылығы экономикалық дамуға жаңа серпін беру мүмкіндігі. Қазақстандағы инновациялық секторлар IT, энергетика, ауыл шаруашылығы және өндіріс салаларында ЖИ қолдану өнімділікті арттыруға және шығындарды төмендетуге септігін тигізеді. Мысалы, автоматтандырылған өндіріс желілері металлургиялық зауыттардағы өнім көлемін арттырып, еңбек шығынын 20–25% қысқартты. Ауыл шаруашылығында дрондар мен ЖИ негізіндегі мониторинг жүйелері егістік өнімділігін 10–15% арттырды. Сонымен қатар, жаңа технологияларды енгізу жаңа жұмыс орындарын тудырады. Деректерді талдау, робототехника, ЖИ жүйелерін жобалау, IT қауіпсіздігі және бизнес-аналитика саласындағы мамандықтарға сұраныс артып отыр. Бұл тек қана экономикалық тиімділікті арттырып қана қоймай, халықтың кәсіби дамуына, жаңа дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Автоматтандыру мен ЖИ енгізу кейбір секторларда жұмыс орындарының қысқаруына әкелуде. Әкімшілік қызметтер, құжаттарды өңдеу, қасалық операциялар және өндіріс процесіндегі кейбір позициялар автоматтандырылған жүйелерге ауысады. Бұл жағдайлар еңбек нарығында қысқа мерзімде жедел бейімделуді талап етеді. Технологиялық трансформация әлеуметтік теңсіздікті арттыруы мүмкін. Жоғары білікті мамандар жаңа экономикалық мүмкіндіктерді пайдалана алатын болса, төмен білікті мамандар жұмыссыздық қаупіне ұшырауы мүмкіндігі артады. Бұл әлеуметтік шиеленістер мен мәселелерді күшейтіп, аймақтық және әлеуметтік айырмашылықтарды ұлғайту қаупін арттырады.

Қазақстанда бұл қауіптерді төмендету және мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін мемлекеттік саясат өте маңызды рөл атқарады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, кәсіптік қайта оқыту жобалары еңбек нарығын жаңа технологияларға бейімдеуге бағытталған. Мемлекеттік шаралар ұсынылады.

Қайта оқыту және кәсіби дамыту:

Қазақстанда ЖИ мен автоматтандырудың енгізілуіне байланысты еңбек нарығы трансформацияланып, кейбір дәстүрлі мамандықтар қысқара бастайды. Осыған орай қайта оқыту және кәсіби дамытудың ролі ерекше маңызды. Бұл бағыт келесі аспектілерді қамтиды:

Жаңа дағдыларды игеру: IT, робототехника, деректерді талдау, ЖИ жүйелерін жобалау, бизнес-аналитика сияқты салаларда білім беру курстары ұйымдастырылып, жұмысшылар жаңа экономикалық мүмкіндіктерге бейімделеді.

Модульдік және икемді бағдарламалар: Қайта оқыту курстары өндірістік тәжірибе мен онлайн оқу форматтарын біріктіріп, әр жұмысшының деңгейіне сәйкес икемделеді.

Сертификаттау және аккредитация: Қайта оқытудан өткен мамандарға ресми сертификаттар беріледі, бұл олардың жаңа салаларда жұмысқа орналасуына кепілдік береді.

Мемлекеттік қолдау: Үкімет кәсіптік қайта оқыту бағдарламаларын субсидиялайды, сондай-ақ жұмыссыздықты азайту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қосымша әлеуметтік шараларды ұсынады.

Инновациялық ынталандыру: Қайта оқыту арқылы жаңа дағдыларды меңгерген қызметкерлер стартаптар мен инновациялық жобаларға тартылып, экономикалық өсуді қолдайды.

Нәтижесінде, қайта оқыту және кәсіби даму ЖИ мен автоматтандыру әсерінен туындаған еңбек нарығының өзгерістеріне бейімделуге мүмкіндік беріп, жұмысшылардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Инновациялық стартаптарды қолдау:

Жасанды интеллект (ЖИ) және автоматтандыру саласындағы стартаптарды қолдау Қазақстанның инновациялық экожүйесін дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған маңызды шара болып табылады. Бұл бағыт келесі негізгі аспектілерді қамтиды:

Гранттар мен субсидиялар: мемлекеттік және жеке қаржы көздері стартаптарға бастапқы капитал ретінде гранттар мен субсидиялар береді, бұл жаңа технологиялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Инкубация және акселерация бағдарламалары: Стартаптарды қолдау орталықтары, бизнес-инкубаторлар және акселераторлар жаңа компанияларды дамыту, бизнес-модельді жетілдіру және нарыққа шығу стратегиясын құруда көмек көрсетеді.

Инфрақұрылым және ресурстар: Стартаптарға coworking кеңістіктері, зерттеу-жобалау жабдықтары, IT инфрақұрылым және тестілеу платформалары қолжетімді болады.

Кәсіби менторлық: тәжірибелі кәсіпкерлер мен IT мамандары стартап жобаларына менторлық жасап, технологиялық шешімдерді жетілдіру және бизнесті басқару дағдыларын дамытуға бағыттайды.

Нарыққа шығу және инвестициялық тартымдылық: Стартаптарға ірі компаниялармен серіктестік орнату, венчурлық капитал тарту және халықаралық нарыққа шығу мүмкіндіктері ұсынылады.

Инновациялық стартаптарды қолдау ЖИ мен автоматтандыру саласындағы кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге және экономикалық өсуді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Әлеуметтік қорғау шаралары: Жасанды интеллект (ЖИ) мен автоматтандырудың енгізілуі еңбек нарығында кейбір жұмыс орындарының қысқаруына және әлеуметтік шиеленістердің туындауына әкелуі мүмкін. Сол себепті Қазақстанда әлеуметтік қорғау шаралары маңызды рөл атқарады. Бұл бағыт келесі аспектілерді қамтиды:

Қайта оқыту және бейімделу бағдарламалары: Автоматтандыру нәтижесінде қысқарған мамандарға жаңа дағдыларды үйрету арқылы басқа салаларда жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріледі.

Әлеуметтік төлемдер: Жұмыссыздық деңгейін төмендету және тұрмыстық қиындықтарды азайту үшін мемлекет уақытша әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер ұсынады.

Аймақтық даму жобалары: Жұмыс орындарын теңгерімді орналастыру және аймақтардағы жұмыссыздықты азайту мақсатында өндіріс пен қызмет көрсету салаларын дамытатын жобалар іске асырылады.

Жұмысқа орналастыруға қолдау: Мемлекеттік еңбек биржалары және жұмысқа орналастыру орталықтары қысқарған мамандарға вакансияларды ұсына отырып, жаңа жұмыс табуға көмектеседі.

Әлеуметтік тұрақтылықты сақтау: Әлеуметтік қорғау шаралары экономикалық трансформациядан туындайтын әлеуметтік шиеленістерді төмендетуге, қоғамдағы теңгерімді сақтауға және халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлеуметтік қорғау шаралары ЖИ мен автоматтандырудың еңбек нарығына әсерін жақсартып, жұмысшылардың қауіпсіздігі мен қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда позитивті жағдай бойынша, ЖИ мен автоматтандыру инновациялық экономикалық өсуге жол ашып, жаңа жұмыс орындарын тудыруда. Деректерді талдау, робототехника, IT қауіпсіздігі және бизнес-аналитика саласындағы мамандықтарға сұраныс өсуде. Мемлекеттік бастамалар, атап айтқанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мен кәсіби қайта оқыту жобалары, осы үрдісті қолдап, жұмысшылардың жаңа дағдыларға бейімделуін қамтамасыз етеді. Алайда негативті жағдай да автоматтандыру және ЖИ кейбір салаларда жұмыс орындарының қысқаруына, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздіктің ұлғаюына себеп болуы мүмкін. Бұл еңбек нарығында қысқа мерзімде әлеуметтік шиеленістерді тудыруы ықтимал, әсіресе төмен білікті жұмысшылар үшін. Осы себепті мемлекет тарапынан тиімді саясат жүргізу қажет: қайта оқыту курстары, субсидияланған жұмыс орындары, әлеуметтік төлемдер және аймақтық даму бағдарламалары еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұсыныстар:

1. Экономикалық саясат: ЖИ мен автоматтандыру саласындағы инновациялық жобаларды қолдау, стартаптарға гранттар беру, инвестициялық тартымдылықты арттыру.
2. Білім беру: Кәсіби қайта оқыту және жаңа мамандықтарға бейімделу курстарын кеңейту; IT, робототехника, деректерді талдау және ЖИ салаларында білім беру сапасын жақсарту.
3. Еңбек нарығын дамыту: Жұмыс орындарын автоматтандыруға байланысты қысқарған мамандықтар үшін бейімделу және қайта оқыту бағдарламаларын енгізу, әлеуметтік қорғау шараларын күшейту, аймақтарда жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін арттыру.

Болашақ зерттеулер үшін бағыттар:

1. ЖИ мен автоматтандырудың Қазақстанның нақты салаларына әсерін экономикалық көрсеткіштер арқылы өлшеу.
2. Жұмысшылардың кәсіби қайта оқыту бағдарламаларының тиімділігін талдау және жаңартылған дағдыларға сұранысты болжау.
3. Әлеуметтік теңсіздік пен аймақтық жұмыссыздықты азайту үшін инновациялық саясат жоспарын әзірлеу.
4. ЖИ енгізудің экологиялық және энергетикалық тиімділікке әсерін зерттеу.

Қорытындылай келе, ЖИ мен автоматтандыру Қазақстан үшін еңбек нарығын қайта құру, экономикалық өсу мен инновациялық даму үшін үлкен мүмкіндік. Алайда бұл үрдістерді тиімді басқару үшін мемлекеттік саясат, кәсіби білім беру және әлеуметтік қолдау шараларының үйлесімді жүйесі қажет. Болашақта зерттеулер осы бағыттарды нақты деректер мен тәжірибелік мысалдар арқылы толықтырып, еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy
2. Петров П.П. *Автоматтандыру және өндіріс тиімділігі*. Астана: Экономика, 2019.
3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі. *Цифрлық Қазақстан бағдарламасы*. Астана, 2021.
4. «ҚазМұнайГаз» АҚ. *Мұнай өңдеу зауыттарындағы автоматтандыру жүйелері туралы есеп*. Астана, 2021.
5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. *Энергетика саласындағы автоматтандыру жүйелері*. Астана, 2021.
6. «AgroTech Kazakhstan» жобасы. *Дрондар мен ЖИ технологияларын қолдану есебі*. Алматы, 2022.

7. 6.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. *Еңбек нарығының трансформациясы және жаңа мамандықтарға сұраныс*. Астана, 2023.
8. 7.Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. *Қайта оқыту және жұмыссыздықты азайту бағдарламалары*. Астана, 2022.

STEM-БІЛІМ БЕРУДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЖИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Салтанова Галия Айсаяевна

Физика-математика ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессор

Айтқұлова Асыл Қуандықовна

Информатика және білім беруді ақпараттандыру
мамандығының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Аңдатпа

Мақалада STEM-білім беру саласының қазіргі цифрлық трансформация үрдісі, соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын оқу үдерісіне енгізу мәселелері қарастырылады. ЖИ құралдарын қолданудың нақты тәжірибелері мен тиімділігіне талдау жасалып, отандық және шетелдік білім беру жүйесіндегі практикалық мысалдар келтіріледі. Сонымен қатар, STEM пәндері арқылы заманауи дағдыларды қалыптастырудағы ЖИ-дің орны, педагогтің рөлі мен оқушы құзыреттілігін арттырудағы ықпалы зерттеледі. Мақалада ЖИ арқылы білім берудің болашағы мен оның әлеуеті де сараланады.

Аннотация

В статье рассматриваются современные процессы цифровой трансформации в сфере STEM-образования, в том числе вопросы внедрения технологий искусственного интеллекта (ИИ) в учебный процесс. Приведен анализ практического опыта применения ИИ-инструментов и их эффективности, а также представлены примеры из отечественной и зарубежной образовательной практики. Особое внимание уделено роли ИИ в формировании современных навыков через STEM-дисциплины, роли педагога и влиянию ИИ на развитие компетенций учащихся. В статье также рассматриваются перспективы и потенциал ИИ в сфере образования.

Abstract

The article explores the current trends of digital transformation in the field of STEM education, focusing particularly on the integration of artificial intelligence (AI) technologies into the learning process. It provides an analysis of practical applications and effectiveness of AI tools, drawing on both domestic and international educational practices. The role of AI in developing modern skills through STEM subjects, the evolving role of teachers, and the impact of AI on student competencies are examined. The article also highlights the future prospects and potential of AI in education.

Негізгі сөздер: STEM-білім, цифрлық трансформация, жасанды интеллект, ЖИ технологиялары, адаптивті оқыту, педагогтің рөлі, құзыреттілік, білім беру инновациялары, виртуалды зертхана, білімнің болашағы

STEM-образование, цифровая трансформация, искусственный интеллект, технологии ИИ, адаптивное обучение, роль педагога, компетентность, образовательные инновации, виртуальная лаборатория, будущее образования

STEM education, digital transformation, artificial intelligence, AI technologies, adaptive learning, teacher's role, competency, educational innovations, virtual laboratory, future of education

XXI ғасыр – технологиялық серпіліс пен цифрлық даму дәуірі. Бұл кезеңде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, оқытудың жаңа форматтары пайда болуда. Қоғамның цифрлануы мен төртінші өнеркәсіптік революция дәстүрлі оқыту әдістерінің жеткіліксіздігін көрсетті. Осы орайда көптеген елдер STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беру моделін белсенді енгізуде. STEM – бұл жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика пәндерін интеграциялап, оқушыларды өмірлік мәселелерді шешуге бағыттайтын тиімді тәсіл. Ол теориялық біліммен қатар, тәжірибелік дағдылар мен зерттеушілік қабілеттерді де дамытады.

STEM-білім беруде ерекше маңызға ие бағыттың бірі – жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу. ЖИ – тек автоматтандыру емес, сонымен қатар оқытуды жекелендіруге, сараланған білім ортасын құруға мүмкіндік беретін ресурс. Ол оқушының үлгерімі мен оқу стиліне бейімделіп, жеке траектория ұсынады. Мұғалім үшін ЖИ – білім процесін тиімді ұйымдастыру мен кері байланыс орнатуда таптырмас көмекші құрал [3, б. 45].

Цифрлық трансформацияны сапалы іске асыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты. Бұл үдерісте ЖИ шешуші рөл атқарады: ол оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға және еңбек нарығының болашақ талаптарына сай мамандар даярлауға ықпал етеді. Жас ұрпақ тек технологияны тұтынушы ғана емес, оны игеруші әрі жасаушы ретінде қалыптасады.

Цифрлық платформалар мен инновациялық құралдарды қолдана отырып, STEM-білім беруді дамыту – жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды шарты. Бұл мақалада STEM саласындағы цифрлық жаңғыру, ЖИ технологияларын қолдану тәжірибесі мен болашағы жан-жақты талданады.

Цифрлық трансформация – тек жаңа технологияларды енгізу емес, оқу мазмұны мен әдістерін жаңарту, білім беру жүйесін икемді етуге бағытталған кешенді өзгеріс. Бұл – бүкіл білім экожүйесінің жаңғыруын көздейтін маңызды реформа.

STEM бағыты бүгінде цифрлық трансформацияның негізгі векторларының біріне айналып отыр. Бұл модель ғылым мен технологияны біріктіре отырып, оқушыларды болашақтың мамандықтарына сапалы даярлауға бағытталған. STEM пәндерін кіріктіре оқыту логикалық және сыни ойлауды дамытып, өмірмен байланысты практикалық дағдыларды қалыптастырады.

1. Болашақ мамандықтарға бейімдеу

Қазіргі еңбек нарығында автоматтандыру мен ЖИ-ге негізделген жаңа мамандықтар басымдыққа ие болуда. STEM-білім беруде қолданылатын цифрлық құралдар оқушыларды бағдарламалау, инженерлік жобалау, деректермен жұмыс істеу секілді маңызды бағыттарға бейімдейді. Мұндай тәжірибелік оқыту болашақ мамандықтарға қажетті нақты дағдыларды қалыптастырады.

2. Зерттеу және жобалау қабілетін дамыту

Виртуалды зертханалар мен симуляциялар арқылы күрделі тәжірибелерді қауіпсіз әрі қолжетімді орындауға болады. Arduino, 3D модельдеу және робототехника құралдары оқушыларды жобалық жұмыстарға тартып, инженерлік ойлауды дамытады.

3. Өмірлік міндеттерді шешу дағдысы

Цифрлық STEM оқыту экология, энергия тиімділігі, көлік жүйесі сынды заманауи мәселелерді зерттеуге бағыттайды. Бұл тәсіл білімді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйретеді және оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

4. Жеке оқу траекториясын қалыптастыру

ЖИ және machine learning технологиялары арқылы оқушының оқу қарқыны мен қабілетіне қарай бейімделген тапсырмалар ұсынылады. Adaptive learning платформалары әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, тиімді оқу жолын ұсынуға мүмкіндік береді.

5. Цифрлық ортада практикалық дағдыларды дамыту

Scratch, Tinkercad, MATLAB, GeoGebra секілді платформалар арқылы оқушылар алгоритмдік және логикалық ойлауды меңгереді. Бұл құралдар оларды технологияны тұтынушы емес, оны жасаушы деңгейіне жеткізеді.

STEM-білім берудің цифрлық трансформациясы — оқушыларды академиялық біліммен қатар, нақты өмірге қажет дағдылармен қамтамасыз етудің тиімді жолы. Жасанды интеллект пен цифрлық ресурстарды жүйелі енгізу — қазіргі білім беру саясатының басым бағыты болуы тиіс [7, б. 102].

Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану тәжірибесі

Жасанды интеллект – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды технологиялық құралына айналды. Бұрын ғылыми-фантастикалық ұғым ретінде қабылданса, бүгінде ол оқу процесін дербестендіру, оңтайландыру және қолжетімді ету бағытында сәтті қолданылуда.

Халықаралық тәжірибе

Бірқатар жаһандық платформалар ЖИ технологияларын тиімді пайдалануда:

- **Khan Academy** – оқушының білім деңгейін анықтап, жеке оқу жоспарын ұсынады.
- **Coursera, edX, Udacity** – студенттің әрекетіне қарай болашақ модульдерді бейімдейді.
- **Socratic by Google, Quizlet AI** – нақты сұрақтарға жауап беріп, үй тапсырмасына көмек көрсетеді.
- **Learning Analytics** – оқушының оқу белсенділігі мен үлгерімін талдап, мұғалімге кері байланыс ұсынады.

Бұл платформалар ЖИ технологияларының білім беруді жекелендіру мен тиімді басқаруда зор әлеуетке ие екенін көрсетеді.

Қазақстандық тәжірибе

Елімізде де ЖИ технологиялары кезең-кезеңімен енгізіліп келеді:

- **BilimLand** – бейімделген тапсырмалар жүйесі арқылы оқушы үлгеріміне қарай жұмыс істейді.
- **Opiq.kz** – оқушының қателерін талдап, мұғалімге аналитика ұсынады, қызығушылыққа бейімделген материалдар ұсынады.
- **Kundelik.kz** – оқу белсенділігі туралы деректерді жинақтап, кері байланысты күшейтеді.

Алайда бұл платформаларда ЖИ толық деңгейде пайдаланылып отырған жоқ, көбіне автоматтандырумен шектеледі. Эмоционалды интеллектті тану немесе когнитивті модельдеу сияқты мүмкіндіктер әлі кең қолданылмаған [13, б. 20].



1 сурет. Ардуино тексеру жүйелері



2 сурет. Машиналық оқыту



3 сурет- ЖИ жазба

Нақты қолданыста:

- **Робототехника үйірмелерінде** оқушылар Arduino мен басқа да микроконтроллерлер арқылы ЖИ негіздеріне қадам басуда (1 сурет).
- **STEM лабораторияларында** машиналық оқытуға (2 сурет) негізделген жобалар жасалуда (мысалы: деректер классификациясы, бейне тану, дыбысты өңдеу).
- **ЖИ арқылы жазба жұмысты тексеру** жүйелері оқушының мәтінін грамматикалық, стилистикалық және мазмұндық тұрғыдан бағалай алады (мысалы: Grammarly, Quillbot (3 сурет) секілді құралдар).

ЖИ – мұғалімді алмастыруға емес, оның жұмысын тиімді ұйымдастыруға бағытталған құрал. Бұл технология оқу процесін жекелендіріп, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан алғашқы қадамдарын жасап жатыр, бірақ жүйелі стратегия, педагогтердің біліктілігін арттыру және отандық шешімдерді дамыту арқылы ғана бұл бағыт табысты жүзеге асады.

Педагогтің рөлі және кәсіби дайындық

Цифрлық трансформация кезеңінде білім беру үдерісі жаңа талаптар мен міндеттерді алға тартады. Бұл жағдайда педагог — тек білімнің тасымалдаушысы емес, оқушының білім алу траекториясын бағыттаушы, технологиялық процестерді ұйымдастырушы, цифрлық кеңістіктегі көшбасшы ретінде танылады. Жасанды интеллект (ЖИ) жүйелері мұғалімді алмастырмайды, керісінше — оның жұмысын оңтайландырады, жеке оқытуға уақыт бөлуді арттырады және сараланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді[2, б. 115].

Білім беру мазмұны мен оқыту әдістерінің цифрлық форматқа ауысуы педагогтің дәстүрлі рөлін қайта қарауды талап етеді. Енді педагогтің негізгі рөлдері:

Фасилитатор — білімді беруші емес, білімді оқушының өзі табуына, зерттеуіне, меңгеруіне мүмкіндік беретін бағыттаушы;

Ментор — оқушылардың жеке қабілетін анықтап, кәсіби бағдар мен психологиялық қолдау көрсететін тәлімгер;

Техно-педагогикалық медиатор — оқушылар мен цифрлық технологиялар арасындағы тиімді байланысты орнатушы маман;

Дизайнер — оқыту ортасын жобалай алатын, ЖИ құралдарын білім мазмұнына тиімді кірістіре алатын маман;

Бақылаушы және талдаушы — оқу процесінен алынған мәліметтер негізінде оқушылардың ілгерілеуін жүйелі түрде бағалап, оқу үдерісін жетілдіруші тұлға.

Қазіргі педагогке қойылатын жаңа талаптар

Жаңа цифрлық білім беру шындығында педагог тек пәндік білімге ғана емес, **кешенді цифрлық құзыреттілікке** ие болуы қажет. Бұл құзыреттерге мыналар жатады:

1. **Цифрлық және деректерлік сауаттылық**

Мұғалім сандық ресурстарды тиімді пайдаланып қана қоймай, цифрлық этика мен киберқауіпсіздік қағидаларын білуі тиіс. Сонымен қатар, оқушылардың цифрлық мінез-құлқын басқаруға, ақпаратты сұрыптауға, жалған ақпаратты ажыратуға бағыт беруі қажет.

2. **ЖИ технологияларын түсіну және қолдану**

Педагог жасанды интеллект құралдарының жұмыс істеу қағидаттарын түсініп, олардың мүмкіндіктері мен шектеулерін ажырата алуы керек. Мысалы, бейімделген оқыту платформаларын, чат-боттарды, автоматтандырылған бағалау жүйелерін оқу үдерісіне тиімді енгізе білу – маңызды құзыреттілік.

3. **Білім беру үдерісін дербестендіру және саралау қабілеті**

Әр оқушының оқу қарқыны, қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, жеке оқу маршруттарын құру — мұғалімнің жаңа міндеттерінің бірі. Бұл жерде ЖИ ұсынған мәліметтерді педагог дұрыс интерпретациялай алуы тиіс.

4. **Педагогикалық дизайн жасау дағдысы**

Цифрлық ортада оқытудың құрылымын, мазмұнын және бағалау жүйесін жаңаша жобалау қабілеті ерекше мәнге ие. Мұғалім интерактивті тапсырмалар, бейне сабақтар, геймификация элементтері мен онлайн бағалау құралдарын біріктіре отырып, мазмұнды оқыту кеңістігін құруы тиіс.

5. **Технологиялық көшбасшылық**

Мұғалім тек қолданушы ғана емес, білім беру ұйымындағы өзгерістердің бастамашысы, басқа әріптестерге цифрлық құралдарды енгізу бойынша кеңес беруші болуы қажет.

Мұғалімдерді кәсіби дамыту мәселелері

Жаңа рөлдерге бейімделу үшін педагогтердің **үздіксіз кәсіби дамуы** — басты шарт. Бұл бағытта:

- **Цифрлық педагогика** бойынша тұрақты курс, семинарлар ұйымдастыру;
- **STEM және ЖИ интеграцияланған оқыту** бағдарламаларын әзірлеу;
- **Жобалық-тәжірибелік форматта біліктілікті арттыру** курстарын көбейту;

- Озық тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін **цифрлық педагог қауымдастықтарын** дамыту;
- **EdTech стартаптармен серіктестік орнату**, мұғалімдерге инновациялық шешімдерді сынауға мүмкіндік беру — маңызды бағыттар саналады.

Сондай-ақ педагогтің кәсіби дамуына оқу орны әкімшілігінің қолдауы, нормативтік құжаттардың жетілдірілуі және мотивациялық ынталандыру жүйесі үлкен әсер етеді. Педагогтің кәсіби өсуіне оқу орындарының қолдауы, жаңартылған нормативтік база және мотивациялық тетіктер де маңызды рөл атқарады. ЖИ мен цифрлық жаңғыру педагогтың рөлін жаңа сапалық деңгейге шығарып отыр. Қазіргі мұғалім – технологияны меңгерген, оқушының даралығын ескеретін, инновациялық ортада жұмыс істей алатын кәсіби маман. Бұл өзгерістерге бейімделу үшін үздіксіз және жүйелі кәсіби даму қажет.

STEM-білім беруді цифрлық трансформациялау үдерісі мен ЖИ технологияларын біріктіру — қазіргі білім беру саласының басты стратегиялық бағыттарының бірі. Бұл интеграция білім беру сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларды болашақтың жоғары технологиялық талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл әлеуетті толық жүзеге асыру үшін кешенді шаралар мен нақты қадамдар қажет.

1. Педагогтерге арналған ЖИ құралдарын қолдану бойынша курстар мен тренингтерді кеңейту

Цифрлық трансформацияның сәтті жүзеге асуы педагогтің құзыреттілігіне тікелей байланысты. Сондықтан:

- Мұғалімдерге арналған **ЖИ технологиялары мен адаптивті оқыту құралдарын қолдану** бойынша мақсатты, жүйелі түрде кәсіби дамыту бағдарламалары ұйымдастырылуы қажет;
- Курстар практикалық бағытта, нақты платформалармен жұмыс жасауға бағытталуы тиіс (мысалы, **EdTech құралдары, Machine Learning for Educators, AI in the Classroom**);
- Цифрлық сауаттылықты дамыту бойынша **онлайн және оффлайн оқыту формаларын** ұштастырған үздіксіз білім беру жүйесі жолға қойылуы қажет;
- Үздік педагогтердің тәжірибесін тарату мақсатында **республикалық мастер-класстар мен шеберлік алаңдары** ұйымдастырылуы тиіс.

2. Отандық контент жасаушылар мен IT-компаниялармен серіктестік орнату

ЖИ жүйелерінің білім беру мазмұнымен тиімді үйлесуі үшін:

- **Қазақстандық IT-компаниялар**, стартаптар, университеттер мен зерттеу институттарымен бірлесіп, **жергілікті контекстке бейімделген ЖИ негізіндегі білім беру шешімдерін** әзірлеу қажет;
- Отандық платформаларда **STEM пәндеріне арналған адаптивті тапсырмалар, аналитикалық бақылау жүйелері** мен оқушылардың үлгерімін болжауға мүмкіндік беретін құралдар жасалуы тиіс;
- Мемлекеттік деңгейде EdTech жобаларға қолдау көрсетіліп, **инновациялық контент өндірушілерге гранттық бағдарламалар** ұсынылуы қажет;
- **Қазақ тіліндегі ЖИ жүйелерін дамыту** — ұлттық білім беру кеңістігінің өзекті міндеттерінің бірі.

3. STEM-бағдарламаларына жасанды интеллект тақырыптарын енгізу

Жасанды интеллект тақырыбының өзектілігіне байланысты оны білім беру бағдарламаларына енгізу маңызды:

- Орта және техникалық білім беру деңгейінде **Python негіздері, машиналық оқыту (machine learning)**, деректерді талдау, алгоритмдер логикасы сияқты модульдерді енгізу қажет;
- Бұл модульдер **жас ерекшеліктеріне сай бейімделіп**, практикамен ұштасқан түрде оқытылуы тиіс;
- Робототехника, киберфизикалық жүйелер, нейрондық желілер туралы қарапайым түсініктер **қосымша элективті курстар арқылы** берілуі мүмкін;

- Мұндай пәндер болашақта **жоғары оқу орындарындағы IT мамандықтарына сапалы дайындық** негізін қалыптастырады.

4. STEM зертханаларын цифрлық форматқа көшіру, виртуалды зертханалар мен симуляцияларды енгізу

Цифрлық зертханалар – практикалық білім мен теориялық білімнің арасындағы алшақтықты жоятын тиімді құрал. Бұл бағытта:

- Мектептер мен колледждерде **виртуалды симуляцияларға негізделген зертханалық орталар** құрылуы тиіс (мысалы: PhET, Labster, Arduino симуляторлары);
- Шынайы тәжірибені алмастыра алатын **3D модельдеу, VR/AR технологиялары, интерактивті тәжірибелер** кеңінен қолданылуы қажет;
- STEM пәндерінің мазмұнына **цифрлық жобалармен жұмыс, инженерлік есептерді модельдеу, деректерді визуализациялау** сияқты нақты дағдылар енгізілуі керек;
- Мұндай зертханалар ауыл мектептері үшін де қолжетімді болу үшін **онлайн қолдау жүйесі** қарастырылуы тиіс.

5. Әр оқушыға бейімделген цифрлық оқыту жүйелерін дамыту (adaptive learning)

Жасанды интеллект көмегімен бейімделетін оқыту жүйелері — әр оқушының білім деңгейіне, үйрену қарқынына және қабілетіне сай оқу материалын ұсынатын қуатты құрал:

- Мұндай жүйелер **оқушының оқу үлгерімін нақты талдап**, әлсіз және мықты тұстарын айқындап, сәйкесінше оқу материалын реттейді;
- **Khan Academy, Smart Sparrow, Squirrel AI** секілді платформалар әлемде бұл әдісті сәтті енгізіп жатыр, Қазақстан да осындай жүйелерді **отандық форматта** әзірлеуі қажет;
- Әсіресе оқуда қалыс қалатын немесе ерекше қабілетті оқушылар үшін **бейімделген оқыту әдісі инклюзивті білім берудің негізін** қалыптастыра алады;
- Бұл тәсіл оқу процесін **жекешелендіріп**, әр оқушының әлеуетін барынша ашуға бағытталады.

STEM және ЖИ бағытында білім беруді дамыту — кешенді тәсілді, мемлекеттік қолдауды, ғылыми-әдістемелік база мен технологиялық инфрақұрылымды талап етеді. Бұл бағытта келесі ұсыныстарды атап өткен жөн:

- Мемлекеттік деңгейде **STEM+AI** стратегиясын әзірлеу;
- **Педагогикалық ЖОО-ларда** цифрлық педагогика және ЖИ құралдарын оқытуды жүйелеу;
- Оқу орындарында **инновациялық лабораториялар мен Digital Hub** орталықтарын құру;
- Оқушыларға арналған **STEM-стартаптар байқауын**, хакатондар мен инновациялық фестивальдерді тұрақты ұйымдастыру;
- **Жасанды интеллект пен STEM интеграциясы** бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу және бейімдеу.

Қазақстан Республикасында STEM+AI бағытында білім беруді дамыту стратегиясы (2025–2030)

1. Мақсаты:

STEM және жасанды интеллект (AI) бағыттарын кешенді енгізу арқылы цифрлық экономикаға сәйкес, инновациялық ойлайтын, жоғары технологиялық ортада жұмыс істей алатын ұрпақ тәрбиелеу.

2. Міндеттері:

- STEM+AI интеграцияланған білім беру моделін қалыптастыру;
- Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру;
- Мектептер мен колледждердің технологиялық инфрақұрылымын дамыту;
- Оқу бағдарламаларын жаңғырту, ЖИ негіздерін енгізу;
- Қазақ тіліндегі отандық білім контентін цифрландыру;

- Оқушылардың ғылыми-зерттеу және стартаптық әлеуетін қолдау.

3. Негізгі бағыттар:

- *Оқу бағдарламаларын жаңарту:* 5–11 сыныптарда ЖИ, Python және машиналық оқыту курстарын енгізу; техникалық оқу орындарында сәйкес модульдер қосу; проблемалық-бағытталған оқытуды дамыту.
- *Педагогтерді даярлау:* Барлық педагогикалық ЖОО-да STEM+AI модулі; ұлттық цифрлық платформа мен практикалық тренингтер ұйымдастыру.
- *Инфрақұрылымды жаңғырту:* Әр өңірде STEM+AI зертханалық орталықтары; ауылдарға виртуалды зертханалар, AR/VR және жылжымалы лабораториялар енгізу; техникалық жабдықтарды жаңарту.
- *Отандық контент:* Қазақ тілінде ЖИ негізіндегі платформалар әзірлеу; автоматты бағалау мен аналитика жүйелерін енгізу.
- *Ғылыми-зерттеу және стартаптық қолдау:* STEM-AI Challenge байқауын жыл сайын өткізу; ЖИ стартаптарына гранттар бөлу; пилоттық жобалар жасау.

4. Құқықтық және институционалдық қолдау:

- Ұлттық нормативтік база құру;
- ҚР БҒМ, Цифрлық даму министрлігі және IT компаниялары арасындағы ынтымақтастық;
- Мемлекеттік бағдарламаларға арнайы тараулар енгізу.

5. Қаржыландыру:

- Республикалық бюджеттен мақсатты қаржы бөлу;
- Халықаралық гранттар мен жекеменшік серіктестік арқылы қолдау;
- Отандық IT-компаниялармен бірлескен жобалар.

6. Күтілетін нәтижелер (2030):

- Мектептердің 90%-ы STEM+AI жүйесіне көшеді;
- Педагогтердің 80%-ы ЖИ құралдарын тиімді қолданады;
- Қазақ тілінде кемінде 5 отандық AI платформа іске қосылады;
- Оқушылардың ғылыми және стартаптық белсенділігі 3 есе артады;
- Халықаралық олимпиадалардағы STEM жетістігі 2 есеге ұлғаяды.

STEM және жасанды интеллект негізіндегі білім беру технологиялық өзгерістерді тиімді пайдаланып, оқушыларды заманауи еңбек нарығы талаптарына сай даярлаудың маңызды факторы болып табылады. Цифрлық трансформация арқылы оқыту процесі жекеленіп, шығармашылық пен сыни ойлауды дамытады. Қазақстанда осы бағытты дамыту үшін жүйелі стратегия, педагогтердің біліктілігін арттыру және отандық инновациялар қажет. Бұл – білім сапасын арттырып, болашақ мамандарды қалыптастырудың негізі.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымы. STEM бағытындағы оқыту: әдістемелік негіздер. – Астана қ.: НЗМ, 2022. – 124 б.
2. Қазақстан Республикасы БҒМ. 2024–2028 жылдарға арналған цифрлық білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2024. – 68 бет.
3. OECD. Жасанды интеллект және білім беру: Қиындықтар мен жаңа мүмкіндіктер. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 112 p.
4. ЮНЕСКО. Білім берудің болашағы және жасанды интеллект: Ертеңгі күн дағдылары. – Париж: UNESCO Publishing, 2023. – 156 б.
5. EdTech Magazine. Қазіргі заманғы сыныптардағы ЖИ рөлі. – Нью-Йорк: EdTech Press, 2023. – 87 бет.
6. Microsoft Education. Сыныптағы жасанды интеллект: Мұғалімдер мен оқушыларды қолдау. – Washington D.C.: Microsoft Corp., 2023. – 102 б.

7. World Economic Forum. Болашақ мектептері: Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа білім модельдері. – Женева: WEF, 2022. – 96 б.
8. Асылханова Ж.Ж. Қазақстандағы STEM оқыту мен цифрлық технологиялардың өзара ықпалдастығы // *Педагогика және инновациялық технологиялар* журналы. – 2023. – №4 (35). – Б. 25–31.
9. AIED конференция материалдары. STEM саласындағы білім беруге арналған жасанды интеллект технологияларының қолданылуы. – Бейжің: AIED Press, 2023. – 214 бет.
10. Coursera платформасы. "AI for Educators" курсы / Хельсинки университеті. – Helsinki: Coursera Online, 2024. – Электрондық ресурс. Қолжетімді: <https://www.coursera.org>

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Айткулова Асыл Қуандыковна

acilkirbek@mail.ru

“7M01501 – Информатика және білім беруді ақпараттандыру”

мамандығының 1-курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ,

Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі – Г.А.Салтанова

Екінші бағыт – **генетика, экология, анатомия** сияқты бөлімдерде **деректерді модельдеу**. Жасанды интеллект көмегімен тұқым қуалау заңдылықтарын есептейтін модельдер құру, экожүйедегі өзгерістердің салдарын болжау немесе адам ағзасындағы жүйелердің өзара байланысын талдау мүмкіндігі бар. Мұндай модельдеу жұмыстары оқушылардың зерттеу қабілетін дамытып, пәндік білімді тәжірибемен ұштастыруға көмектеседі[1,4, 6. 14].

Үшінші бағыт – **тапсырмаларды саралау мен жекелеу**. ChatGPT сияқты ЖИ құралдары арқылы оқу мақсатына сәйкес әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды автоматты түрде құрастыруға болады. Бұл – дарынды оқушылармен және қосымша қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге өте тиімді тәсіл. Мысалы, бір тақырыпқа байланысты «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау» деңгейлерінде сұрақтар мен тапсырмалар генерациялауға болады[5].

Төртінші бағыт – **практикалық және зертханалық жұмыстарды цифрлық форматта жобалау**. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар оқушылардың қауіпсіз жағдайда тәжірибе жүргізу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, уақыт пен ресурсты үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Google Lens көмегімен өсімдіктердің түрін анықтау немесе виртуалды микроскопия платформалары арқылы жасушалық құрылымды зерттеу оқушы белсенділігін арттырады.

Осы бағыттардың барлығы оқыту процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары тек ақпарат ұсынушы технология ғана емес, сонымен қатар мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті жандандыратын тиімді педагогикалық ресурс болып табылады. Бұл құралдар оқыту үдерісіне интерактивтілік, бейімделу және дербестік элементтерін енгізу арқылы білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Біріншіден, ЖИ мұғалім мен оқушы арасындағы интерактивтілікті күшейтеді. ChatGPT сынды құралдар арқылы оқушылар сұрақ қойып, нақты әрі түсінікті жауап ала алады, бұл – жедел кері байланыс пен білімді жекелеудің тиімді жолы. Сонымен қатар, мұғалімдер оқушылармен диалог жүргізіп, олардың ойлау үдерісін бақылауға мүмкіндік алады. Мұндай мүмкіндіктер әсіресе биология сияқты күрделі ұғымдарға бай пәнде аса маңызды.

Екіншіден, ЖИ оқушылардың мотивациясы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Виртуалды зертханалар, интерактивті модельдер, визуалды тапсырмалар және ойын элементтері оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл қабылдауға жағдай жасайды. Оқушылар өз бетімен ізденіп, білім алу процесіне белсенді қатысушы ретінде енеді.

Үшіншіден, ЖИ оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға зор әсер етеді. Қазіргі қоғамда оқушының алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуі маңызды. ЖИ құралдары мәселені шешу, ақпаратты талдау, себеп-салдар байланысын анықтау, зерттеу жүргізу және дәлелді жауап беру дағдыларын дамытатын тапсырмаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, Google Lens арқылы нақты объектіні зерттеу немесе ChatGPT арқылы ғылыми мәтіннің мазмұнын түсіндірту – оқушының аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытады.

Осылайша, ЖИ оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, заманауи оқушының қажеттіліктеріне жауап беретін икемді, бейімделген оқу ортасын қалыптастырады. Бұл

мұғалімдер үшін – көмекші құрал, ал оқушылар үшін – білім алудың жаңа мүмкіндігі[2,4, 6. 27].

Жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын білім беру процесіне енгізу айтарлықтай он нәтижелер бергенімен, оны тиімді пайдалану барысында белгілі бір қиындықтар мен шектеулер де кездеседі. Бұл факторларды ескеру – ЖИ технологияларын педагогикалық тұрғыдан дұрыс әрі жауапкершілікпен қолданудың басты шарты.

Критерий	Артықшылықтары	Шектеулері
Интерактивтілік	Диалогтік тәсіл (мысалы, ChatGPT арқылы сұрақ-жауап), оқушы қызығушылығы артады	Артық сеніммен дайын жауапты қабылдау, терең ойлаудың дамымауы
Сараланған оқыту	Оқушы деңгейіне сай тапсырма генерациясы	Дұрыс бағытталмаса – когнитивті жүктемені арттыруы мүмкін
Бағалау	Автоматты кері байланыс, өзіндік бағалау мүмкіндігі	Стандартты емес жауаптарды елемеуі мүмкін
Зертханалық жұмыс	Қауіпсіз, шығынсыз симуляциялар	Нағыз тәжірибе дағдылары дамымай қалуы ықтимал

Біріншіден, басты кедергілердің бірі – **техникалық жабдықталу деңгейінің әртүрлілігі.** Қазақстан мектептерінде цифрлық құрылғылармен (компьютер, интерактивті тақта, интернет желісі) қамтылу біркелкі емес. Әсіресе ауылдық және шағын жинақты мектептерде ЖИ құралдарын қолдануға қажетті инфрақұрылым жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл жағдай мұғалімнің мүмкіндіктерін шектеп, оқушының технологиялық ресурстарға тең қол жеткізуіне кедергі келтіреді.

Екіншіден, мұғалімдердің **цифрлық құзыреттілігінің жеткіліксіздігі** ЖИ технологияларын қолдануға кедергі болатын маңызды мәселе. Кейбір педагогтер ЖИ құралдарының функционалын толық меңгермеген немесе оны тиімді педагогикалық мақсаттарға бейімдеуде тәжірибесі аз болуы мүмкін. Бұл – әдістемелік қолдауды, курстар мен үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктерін ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

Үшіншіден, ЖИ құралдарын қолдануда **академиялық адалдық мәселесі** туындайды. ChatGPT сияқты генеративті платформалар оқушыларға дайын жауаптар ұсыну арқылы көшірме жасауға, шығармашылық жұмысқа өз үлесін қоспауға итермелеуі мүмкін. Мұндай жағдайлар оқушының дербес ойлау қабілетін тежеуі ықтимал. Сондықтан мұғалімдер ЖИ-мен жұмыс жасауда оқушылардың сыни ойлауын дамытатын, терең рефлексияны талап ететін тапсырмаларды құрастыруы қажет.

Жалпы алғанда, бұл қиындықтар ЖИ құралдарын біржақты терістеуге емес, оны қолданудағы **педагогикалық жауапкершілікті** арттыруға және **цифрлық мәдениетті** қалыптастыруға себеп болуы тиіс[1,5, 6. 25].

Қазақстанда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын білім беру үдерісіне енгізу біртіндеп жүзеге асуда. Әсіресе жаңашыл мектептер мен эксперименттік жобалар шеңберінде ЖИ құралдары оқу мазмұнын байыту, оқушылардың белсенділігін арттыру және сараланған оқыту үшін қолданылып келеді.

Қазақстанда мектептерде жасанды интеллект элементтері кезең-кезеңімен енгізілуде. 2025–2026 оқу жылынан бастап ЖИ-құзыреттілікті дамыту мақсатында онлайн-курстар мен мұғалімдердің кәсіби даярлығы бағдарламалары жоспарлануда.

Қазақстан мектептерінде бірқатар цифрлық құралдармен қатар, **ChatGPT, Google Lens, Khan Academy, BioRender** сияқты платформалар да биология, химия және математика сабақтарында қолданылып жүр. Мысалы, жоғары сынып оқушыларына күрделі генетикалық есептерді шешу үшін ChatGPT көмегімен түрлі түсіндірмелер ұсынылады, ал зертханалық жұмыстарда биологиялық процестердің 3D модельдері пайдаланылады. Сонымен қатар, кейбір мұғалімдер виртуалды зертханалар арқылы тәжірибелер жүргізуді үйретіп жүр.

Сонымен қатар, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде кейбір мектептерде оқушыларға жаңа технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жағдайлары қарастырылып жатыр. [\[6, 6. 1\]](#).

Ғылыми-зерттеу жұмысымыз аясында 2019 жылы Алматы қаласындағы “Атамұра” баспасынан шыққан, авторлары Н.Г.Асанов, А.Р.Соловьева, Е.Т.Ибраимова болып табылатын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы биология пәнінің 8-сыныбына арналған бойынша жасанды интеллект элементтерімен толықтырылған ҚМЖ үлгісі иапсырмалары жасалды. Бұл үлгіде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында ЖИ құралдарын (мысалы, ChatGPT, BioRender, Quizalize) қолданатын тапсырмалар енгізілген. Төменде ұсынылған тапсырмалар – оқу мақсаттары мен бағалау талаптарына сай құрылып, функционалдық дағдыларды дамытуға бағытталған [\[7, 6. 143\]](#).

Ұсынылып отырған тапсырмалар жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылық пен заманауи цифрлық құралдарды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Әсіресе, бұл тапсырмаларда **жасанды интеллект құралдарын (ChatGPT, BioRender және 3D Cell Explorer)** сабаққа интеграциялау арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігі артады. Әр тапсырма оқу мақсаттарына сәйкестендіріліп, оқушылардың нақты әрекетіне негізделген, ал бағалау критерийлері мен дескрипторлар нәтижеге жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші тапсырма – «Жасуша органоидтарының қызметі» кестесін толтыру – визуалды танымға, деректермен жұмыс істеуге және ғылыми тілді меңгеруге бағытталған. Оқушылар BioRender немесе 3D модельдерді пайдаланып, жасушаның нақты құрылымын көрнекі түрде зерттейді. Бұл олардың кеңістіктік және құрылымдық ойлау қабілетін арттырады. Кесте толтыру арқылы олар органоидтардың атауы мен қызметін сәйкестендіруді, логикалық және жүйелі түрде жазуды үйренеді. Сонымен қатар, бұл тапсырма дерек көзінен алынған ақпаратты талдап, оны құрылымдап жеткізуге, яғни аналитикалық ойлауға баулиды. Мұндай жұмыс түрі оқу бағдарламасындағы 8.1.1.1 оқу мақсатына толық сәйкес келеді, өйткені ол жасуша бөліктерін танып, қызметін сипаттау дағдысын нақты қалыптастырады. Формативті бағалау оқушының мазмұнды түсінуін, дәлдігін және ғылыми тілді қолдануын бағалауға мүмкіндік береді.

Екінші тапсырма – Жасанды интеллектпен диалогқа негізделген, жұптық форматта орындалатын және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырма болып табылады. Оқушылар ChatGPT немесе басқа ЖИ платформасын қолданып, жасуша органоидтарының қызметін күнделікті өмір тілімен түсіндіруді сұрайды. Бұл тапсырмада оқушы ЖИ құралынан алынған ақпаратты түсініп, оны қайта құрылымдап, өз сөзімен нақты әрі мағыналы түрде баяндауы қажет. Сонымен қатар, жұппен жұмыс жасау арқылы олар бір-біріне түсіндіру, салыстыру, пікір білдіру сияқты коммуникативтік дағдыларын дамытады. Осы арқылы оқушылардың ғылыми тіл мен күнделікті тілді байланыстыру қабілеті жетілдіріледі, бұл – функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдасы. Бұған қоса, оқушылар ЖИ-мен жұмыс барысында ақпараттың дұрыстығын сын тұрғысынан бағалауды, қажеттісін тандап алуды және өңдеуді үйренеді, яғни цифрлық сауаттылық та дамиды.

Үшінші тапсырмада оқушы шынайы өмірге жақын жағдаят негізінде дәрумен тапшылығының салдарын анықтайды, салауатты тамақтану бойынша нақты кеңес береді және ЖИ құралын қолданып, ақпаратты іздейді. Бұл тапсырма оқушылардың денсаулыққа қатысты

биологиялық білімді практикалық өмірде қолдана білу қабілетін қалыптастырады. Сонымен қатар, оқушылар ChatGPT немесе ұқсас ЖИ платформаларын мақсатты пайдалана отырып, ақпаратты сұрыптау, түсіну және қайта құрылымдау дағдыларын меңгереді. Бұл ХХІ ғасыр дағдылары – ақпараттық құзыреттілік пен цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Төртінші тапсырмада оқушылар гиподинамия мен дене бітімінің бұзылыстары тақырыбында жасалған бейнематериалды талдай отырып, кейіпкерлердің өмір салтын салыстырады, өзіндік тұжырым жасайды және кеңес береді. Бұл тапсырма оқушының визуалды ақпаратпен жұмыс істеуін, өмірлік жағдаятты дұрыс интерпретациялауын, денсаулыққа қатысты жеке көзқарасын қалыптастыруын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл тапсырма критериалды бағалаудың бір бөлігі ретінде формативті кері байланыс беруге де мүмкіндік туғызады. Бейнематериалды талдау – көрнекілік арқылы түсіну механизмін іске қосып, оқушылардың функционалдық оқу дағдыларын дамытады.


Бесінші тапсырмада оқушылар ЖИ құралымен диалог құрып, білімін сұрақ-жауап арқылы жетілдіреді. Бұл жұптық жұмыс оқушы мен оқушы арасындағы өзара әрекетке негізделі отырып, ғылыми тілде сөйлеу, сауатты сұрақ қоя білу, логикалық байланысты сақтай отырып, дәлелді жауап беру дағдыларын дамытады. ЖИ рөліндегі оқушының міндеті – алынған ақпаратты қысқаша, бірақ дәл және нақты жеткізу. Бұл тапсырма арқылы оқушылар ақпаратты талдау, жинақтау, сұрыптау, өз ойын жүйелі жеткізу қабілетін қалыптастырады. Қорытынды жазу арқылы оқушы өз ойының маңыздылығын түсініп, білімін жүйелеуге үйренеді.

1-тапсырма.

Оқу мақсаты: 8.1.1.1 – Жасушаның негізгі құрылымдық бөліктерін танып білу және олардың қызметін сипаттау

Нұсқау: BioRender немесе 3D Cell Explorer қосымшасын пайдаланып, жануар жасушасының құрылымымен танысып, кестені толтыр.

Органоид	Қызметі
Ядро	
Цитоплазма	
Митохондрия	
Лизосома	



Бағалау критерийлері:

- Органоидтарды дұрыс анықтады - 1 балл
- Органоидтардың қызметін дұрыс және нақты сипаттады - 1 балл

2-Тапсырма.

Оқу мақсаты: 8.1.5.3 – Адам ағзасына қажетті дәрумендерді сипаттау және олардың жетіспеушілігі салдарынан туындайтын ауруларды түсіндіру

Нұсқау:

Google Bard немесе Khanmigo сияқты ЖИ-ге мынандай сұрақ қой:

"А дәрумені жетіспегенде адам ағзасында қандай бұзылыстар болады?"

Дәрумен атауы	Қызметі	Жетіспеушілік салдары	Тағам көздері
А дәрумені			

Бағалау критерийлері:

- Дәрумен қызметін сипаттайды - 1 балл
- Дәрумен жетіспеушілік салдарын баяндайды - 1 балл
- Дәруменді қандай тағам көздерін тұтынуды анықтайды - 1 балл
- ЖИ арқылы сұрақ қою және алынған ақпаратты анализдеп; өз сөзімен жазу - 2 балл

3-Тапсырма.

Оқу мақсаты: 8.1.5.3 – Адам ағзасына қажетті дәрумендерді сипаттау және олардың жетіспеушілігі салдарынан туындайтын ауруларды түсіндіру

Нұсқау: Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап бер. ChatGPT сияқты ЖИ-ге мынандай сұрақ қой.

Жағдаят: Данияр күнделікті тек фастфуд, тәтті сусындар және чипс жейді. Соңғы айларда терісінің құрғап кеткенін, көру қабілетінің нашарлағанын және тез шаршап қалатынын байқады.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай дәрумен жетіспеуі мүмкін?
2. Қандай тағамдарды Даниярдың тамақтану рационна қосуға кеңес берер едің?
3. Осыған ұқсас мысалды ЖИ құралынан іздеп, қысқаша сипаттама жаз.

Бағалау критерийлері:

- Дәрумен тапшылығын дұрыс анықтады – 1 балл
- Тағамдық кеңес берді – 1 балл
- ЖИ құралын қолдана білді – 1 балл

4-Тапсырма.

Оқу мақсаты: 8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау

8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау



Нұсқау: Вео 3 арқылы жасалған видеоны көреді. Видео арқылы Арман мен Талғаттың күн тәртібі салыстырады.

Сұрақтар:

1. Видео арқылы қандай тұжырымға келдіңіз?
2. Екі кейіпкерді салыстырыңыз. Қай кейіпкердің өмір салтын ұстанар едіңіз?
3. Арманға қандай кеңес беретін едіңіз?

Бағалау критерийлері:

- Видеоны анализдеп, сұрақтарға жауап береді – 1 балл
- Жағдаятты салыстырады, сипаттайды - 1 балл

5-Тапсырма

Оқу мақсаты: 8.1.5.3 – Адам ағзасына қажетті дәрумендерді сипаттау және олардың жетіспеушілігі салдарынан туындайтын ауруларды түсіндір

Диалог моделін құру (жұптық жұмыс)

Нұсқау: Бір оқушы – **оқушы рөлінде**, екінші оқушы – **ЖИ-нің рөлінде**. «ЖИ» рөліндегі оқушы келесі сұрақтарға жауап береді:

- Маған дәрумендердің қандай пайдасы бар?
- Егер менде С дәрумені жетіспесе не болады?
- D дәруменін күннен қалай аламын?

Содан кейін рөл ауысып, жаңа сұрақтар қойылады. Әңгімеден кейін нақты бір қорытынды 2 сөйлеммен жазылады.

Бағалау критерийлері:

- Диалог мазмұны ғылыми түрде жүргізіледі – 1 балл
- Сұрақтар нақты және қисынды қойылады – 1 балл
- Толық әрі дұрыс жауаптар беріледі - 1 балл
- Дұрыс қорытынды құрайды – 1 балл

Мұғалімдер мен оқушылар арасында жүргізілген **сауалнамалар нәтижесі** (бірқатар мектептерден алынған бейресми деректерге сәйкес) ЖИ құралдарын қолдану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, мұғалімдерге уақытты үнемдеуге көмектесетінін көрсетеді. Дегенмен, кей мұғалімдер ЖИ-ді тиімді пайдалану үшін әдістемелік қолдау мен нақты нұсқаулықтардың жетіспейтінін атап өткен.

Болашаққа ұсыныстар:

- **Мұғалімдердің біліктілігін арттыру** мақсатында арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыру;
- ЖИ технологияларын қолдануға арналған **сабақ үлгілерінің банкін** жасау (биология, химия, география пәндері үшін);
- Әр пән бойынша **әдістемелік нұсқаулықтар** мен ұсыныстар әзірлеу;
- Оқушыларға ЖИ қолдану мәдениетін үйрету және **академиялық адалдық** қағидаларын түсіндіру.
- Осы бағыттарды іске асыру арқылы Қазақстан мектептері ЖИ технологияларын тиімді әрі педагогикалық тұрғыда дұрыс пайдалануға бір қадам жақындай түспек.

ҚОРЫТЫНДЫ. Биологияны оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану – заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Бұл – тек технологиялық үрдіс емес, педагогикалық мазмұн мен әдістеменің жаңғыруы. ЖИ арқылы визуализация, модельдеу, жекелендірілген оқыту және цифрлық зертханалық жұмыстар секілді көптеген мүмкіндіктер іске асуда.

Алайда, бұл үдерісте **мұғалімнің рөлі ерекше маңызды**. ЖИ құралдарын тек техникалық көмекші ретінде ғана емес, оқу мақсаттарына сай, этикалық және педагогикалық талаптарды ескере отырып қолдану – оқыту сапасының кепілі. Мұғалім ЖИ-мен жұмыс істегенде оқушының белсенділігін, сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамытуға басымдық беруі тиіс.

Жалпы алғанда, **цифрлық трансформация** – Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды қадам. ЖИ құралдарын саналы, жауапкершілікпен және әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдалану – сапалы білімге жетудің кілті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. – 136 б.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Орта білім берудің 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023. – 113 б.
3. OECD. AI and the Future of Skills, Volume 1: Capabilities and Assessments. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 214 б.
4. **Artificial intelligence and education: guidance for policy-makers** [Электрондық ресурс].// OECD. – Paris: Organisation for Economic Co-operation and Development, 2021. –36 б.
5. OpenAI. ChatGPT for Education: Guide for Educators and Researchers [Электрондық ресурс]. – Режим доступа: <https://openai.com/chatgpt-education> .
6. Қазақстан мектептерінде жасанды интеллект оқытыла бастайды: https://el.kz/qazaqstan-mektepterinde-zhasandy-intellekt-oqytyla-bastaydy_400034921
7. Соловьева А.Р. және т.б. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/ А.Р. Соловьева, Б.Т. Ибраимова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 288 б.

МЕКТЕПТІҢ ОҚЫТУ ПРЦЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Профессор, п.ғ.к. **Туленова Улдай Талкашовна**
«Білім берудегі менеджмент» мамандығының магистранты
Махметова Жасгүл
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайында білім беру жүйесінде электрондық оқыту құралдарын пайдалану мәселелері қарастырылады. Электрондық құралдардың оқу процесіндегі мүмкіндіктері, олардың дидактикалық артықшылықтары мен білім алушылардың белсенділігін арттырудағы рөлі сипатталады. Сондай-ақ, педагогтардың электрондық ресурстарды тиімді қолданудың психологиялық-педагогикалық және гигиеналық талаптары талданады. Ақпараттық технологияларды дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіре пайдалану арқылы білім беру сапасын арттырудың жолдары ұсынылады.

Негізгі сөздер: ақпараттандыру, электрондық оқыту құралдары, компьютерлік технологиялар, білім беру процесі, дидактикалық мүмкіндіктер, ақпараттық ресурстар

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру білім беру процесінде компьютерлік технологиялар мен электрондық оқыту құралдарын жүйелі түрде қолдануды қажет етеді. Бұл бағыттағы міндеттерді іске асыру үшін оқу орнының білім беру ортасы қолайлы болуы тиіс. Мұғалімдердің көбісі жеткілікті деңгейде пайдаланушылық дағдыларға ие емес, бағдарламалық құралдардың интерфейсі мен навигация жүйесін меңгеруде қиындықтарға тап болады, дегенмен олар мұндай дағдыларды меңгерудің қажеттілігін түсінеді және осы бағытта өз деңгейін көтергісі келеді.

Білім беру жүйесі саласында ақпараттандыру процесін дамыту мақсатында жүзеге асырылуда, олар педагогтарды электрондық оқыту құралдарын қолдануға ынталандырады. Оқу процесінде қолданылатын электрондық оқыту құралдарына: бағдарламалық құралдар (тренажерлер), соның ішінде оқытушы, бақылаушы, ақпараттық-анықтамалық, демонстрациялық, модельдеуші құралдар жатады. Электрондық оқыту құралдары ең алдымен қосымша дидактикалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру процесін ақпараттандырусыз елестету мүмкін емес. Осыған байланысты электрондық оқыту құралдарын пайдалану білім алушылардың белсенділігі мен бастамашылдығын арттырады және тек дидактикалық міндетті орындауға тұрақты ықыласты

қамтамасыз етіп қана қоймай, білім алушы мен электрондық құралдар арасындағы кері байланыс арқылы интерактивті диалог жүргізуге мүмкіндік береді.

Электрондық оқыту құралдарын қолдану білім беру жүйесінде маңызды міндеттердің бірі – өздігінен жұмыс жасау аясын кеңейтуге жол ашады. Қазіргі мұғалім кәсіби қызметтен тыс уақытта да компьютерлік технологияларды жиі қолдануға мәжбүр. Дегенмен, әсіресе орта және аға буын мұғалімдері арасында, бұл қолдану көбіне қажетті ақпаратты іздеумен ғана шектеледі.

Сонымен қатар, электрондық оқыту құралдары білім берудің барлық сатыларында кең мүмкіндіктер ұсынады, олардың ішінде:

- қалалар мен елдерге, уақытқа байланысты виртуалды саяхат жасау мүмкіндігі;
- өз портфолиосын толықтыру;
- қызықтыратын оқу, ғылыми және әдістемелік тақырыптар бойынша деректерді үнемі жаңарту;
- пайдаланылып жатқан оқу-әдістемелік материалдармен жұмыс істеу;
- білім беру мақсаттарына жету үшін ақпараттық ресурстарды зерттеу;
- педагогтармен және тәжірибе базаларымен (соның ішінде кеңес беру сипатында) интерактивті педагогикалық қарым-қатынас орнату;
- жаһандық ғылыми желілік жобаларға қатысу.

Электрондық оқыту құралдары сондай-ақ мынандай мүмкіндік береді:

- қызықтыратын мәселе бойынша әлемдік жаңалықтармен танысуға;
- дәстүрлі дереккөздерде жоқ ақпаратты меңгеруге;
- кеңес беру және интеллектуалдық ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;
- әріптестермен, оқытушылармен, сарапшы мамандармен кәсіби ақпарат алмасуға;
- бар тәжірибені зерттеп, өз қажеттіліктеріне бейімдеуге;
- онлайн режимінде сабақтарға, кеңестерге, конференцияларға, курстарға қатысуға;
- веб-сайттарда қажетті жобалармен танысуға;
- ортақ міндеттерді шешу үшін зияткерлік, шығармашылық және кәсіби әлеуетті біріктіруге;
- кәсіби білімге оң көзқарас қалыптастыруға, біртұтас дүниетанымдық жүйені орнықтыруға;
- мамандандыру деңгейін арттыруға;
- білімді, дағды мен ептілікті қалыптастыруға кететін уақытты қысқартуға;
- жұмыстың қарқынын оңтайландыруға;
- деңгейлік саралауды жүзеге асыруға;
- оқу материалын барынша тиімді ұсынуға, бақылау мен түзетуді жүргізуге, өзіндік дайындықты ұйымдастыруға.

Материалды ұсыну тәсілдері мен ақпаратты сақтау және оған қол жеткізу ерекшеліктеріне байланысты электрондық оқыту құралдарын қолдану әдістемесінің өзіндік қырлары бар. Оларды іске асыру барысында ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін, білім алушылардың жеке оқу мүмкіндіктерін, электрондық оқыту құралдарын пайдалана отырып материалды жаңаша ұсыну формаларын ескеру қажет.

Электрондық оқыту құралдарын тиімді ұйымдастыру үшін оқытушы тарапынан үлкен дайындық жұмыстары қажет. Ол қажетті ақпаратты тауып қана қоймай, оны ұсынудың әдістері мен тәсілдерін ойластыруы, ұсынылған ақпараттың сапасын бағалауы тиіс. Бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру үшін әріптестермен және осы саладағы мамандармен ынтымақтастық орнатуға болады. Сонымен қатар, педагог оқу іс-әрекетінің мазмұнына білім алушылардан ақпараттық ресурстарды қолдануды, веб-ресурстар тізімін жасауды талап ететін тапсырмаларды енгізгені жөн. Қайта орындалған тапсырмалардың нәтижелерін жария түрде таныстыру олардың тиімділігін арттырады.

Білім беру процесінде электрондық құралдармен, әсіресе компьютерлермен жұмыс жасауда бірқатар гигиеналық талаптарды сақтау қажет:

- жұмыс ұзақтығын шектеу;

- үзілістер мен сергіту сәттерін ұйымдастыру;

- үзілістер кезінде бөлмені желдету. Сабақта компьютер қолданылған жағдайда, экран алдындағы ақпаратты мұқият оқуды қажет ететін және қажет етпейтін жұмыстарды кезектестіріп орындау маңызды. Мысалы, оқытушының материалды түсіндіруін (көрсете отырып немесе көрсетусіз) белгілі бір практикалық тапсырмаларды орындаумен алмастыруға болады.

Компьютерді білім беру процесінде пайдалану көрнекілік, жекелендіру, саналылық пен белсенділік қағидаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге оқыту мотивациясын арттырады, білім алушының бастамашылдығын күшейтеді.

Компьютерлік технологияларды пайдалану білім алушыға материалды жеке қарқында меңгеруге, бақылау тапсырмалары мен тест сұрақтарына жеке тәртіпте жауап беруге, қандай тақырып бойынша материалды қай көлемде қайта оқу қажет екендігі жөнінде ұсыныстар алуға, оқытудың алдыңғы кезеңіне оралуға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндік білім алушының мұғалімді бөлмей немесе түсінбегенін білдірмей қайта қарауына жағдай жасайды. Бұл тәсіл тек үлгерімі төмендерді «тартуға» ғана емес, ең алдымен, жоғары үлгерімге ие немесе оқытылатын материалды меңгеріп үлгергендердің де қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Егер оқу аудиториясында бірнеше компьютер болса, компьютерлік технологияларды дәстүрлі оқыту түріне қосымша ретінде қолдану тиімді. Тапсырманы басқалардан ертерек орындап үлгергендерге деңгейі мен мазмұны бойынша баламалы тапсырмалар ұсынылуы тиіс. Бұл олардың қызығушылығын арттырып, білімін жетілдіреді және мұғалімге қалғандармен жұмыс жасауға уақыт береді.

Электрондық оқыту құралдарын қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- оқу ақпаратын визуализациялау арқылы оны қабылдауды едәуір жақсарту;
- күрделі сызба немесе кестенің пайда болу кезеңдерін жылдам әрі айқын көрсету;
- оқытылатын нысандар мен құбылыстарды модельдеу;
- параметрлердің мәндерін өзгерте отырып, кестелер мен сызбаларды толтыру, есептерді, тендеулерді, фотосуреттерді зерттеу және талдау;
- білім алушылардың оқу іс-әрекетін басқару процесін автоматтандыру;
- ақпаратты меңгерудің деңгейі мен режимін таңдау;
- дарынды немесе үлгерімі төмен білім алушыларға жекеленген тапсырмалар беру арқылы оқыту процесін саралау;
- оқыту процесін оңтайландыру үшін жұмыс түрлері мен әдістерін өзгерту.

Білім беру процесінде компьютерлік технологияларды тиімді қолданудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарттары:

- компьютерлік технология оқытылатын материалдың мазмұны мен логикасына сәйкес болуы;
- компьютерлік технология білім беру процесіне үйлесімді енгізілуі, қайталанбалы болмауы, құрылымға табиғи кірігуі, белгілі бір жас ерекшеліктеріне бейімделуі және материалды оқуға қызығушылықты арттыруы тиіс;
- компьютерлік технологияларды қолдану білім алушылардың бар тәжірибесіне сүйенуі, олардың танымдық психикалық процестерін, атап айтқанда, сыни ойлау мен шығармашылық қиялын дамытуы қажет.

Компьютерді пайдалану дидактикалық мақсатқа және сабақ құрылымына сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге компьютерді пайдалану регламенті психологиялық және физиологиялық тұрғыдан сақталуы, оқытушы мен білім алушы тарапынан оған оң көзқарастың қалыптасуы, сондай-ақ гигиеналық нормалардың сақталуы қажет.

Оқытушы компьютерді ең алдымен танымдық мақсатта пайдалануы тиіс, ал оның эстетикалық, бақылау құралы немесе өнімділікті арттыру құралы ретіндегі қызметі екінші кезекте болуы қажет. Дәл осындай ұстаным білім алушыға компьютерді оқу ресурсы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда оның жеткілікті деңгейде табысты болуын қамтамасыз ету маңызды. Мұны пайдаланушылық дағдылардың болуы, дұрыс құрастырылған бағдарламалар мен тапсырмалар, іс-әрекет кезеңдеріне нақты

нұсқаулар, күмән тудыратын немесе жеткіліксіз меңгерілген материалға қайта оралу мүмкіндігі, тиімді кері байланысты қамтамасыз ету арқылы іске асыруға болады.

Электрондық оқыту құралдарын қолдану білімді жедел әрі тиімді тексеруге, психологиялық-педагогикалық терминдерді меңгеруге және олардың контексттегі дұрыс түсінігін қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл жағдайда білім алушы бағалаудың объективтілігін көріп, өзінің білім деңгейін жоғары балмен және өзгелердің нәтижелерімен салыстыруға, мұғалімнің ескертуінсіз қорытынды жасауға мүмкіндік алады.

Компьютерлік технологияларды қолдана отырып білімді бақылау оқытушыға уақыт пен күшті үнемдеуге, сондай-ақ бағалау әділдігіне байланысты пікірталастардан жағымсыз эмоциялар алмауға жағдай жасайды. Бағдарламаға шағым айту немесе күмән келтіру «адам факторына» қарағанда қиынырақ, өйткені субъективтілік элементі болмайды.

Демек, компьютерлік технологияларды бақылау саласында пайдалану мыналарға мүмкіндік береді:

- білім алушылардың білім сапасын бақылауды аз уақыт пен күш жұмсай отырып жүзеге асыруға;
- бағаның субъективтілігі мәселесін жоюға;
- дұрыс және қате жауаптардың сандық және сапалық талдауын жасауға.

Электрондық оқыту құралдарын пайдалану компьютерлік сауаттылықты қалыптастырады, оқу материалын таныстыруда, оны бекітуде, бақылау барысында түрлі дидактикалық міндеттерді шешуге көмектеседі. Электрондық оқыту құралдарымен жұмыстың тиімділігін арттыру үшін тақырыптар бойынша веб-ресурстардың аннотировандық каталогын және анықтамалық порталын жасау пайдалы. Сондай-ақ, білім алушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне тартуға мүмкіндік беретін авторлық ғылыми материалдарды құрастыруға болады.

Зерттеушілік пен шығармашылық әлеуетті дамыту үшін түрлі тапсырмаларды қолдануға болады:

- арнайы вебинарларға қатысу;
- интернет-олимпиадаларға, интернет-жобаларға, интернет-бәсекелерге, ақпараттық кездесулерге қатысу;
- интернеттегі ақпаратты, кеңестерді, конференциялар мен курстарды талдау және бағалау;
- берілген тақырып бойынша материалды жүйелеу;
- әріптестің жұмысын зерттеп, зерттеу қорытындысын жазу;
- өз интернет-жобасын құрастыру;
- интернет-ресурстарды пайдалана отырып түрлі өзін-өзі бақылау түрлерін жүргізу.

Электрондық оқыту құралдарын, әсіресе компьютерді қолдану тиімділігін жүйелі түрде бақылап отыру маңызды. Мұндай мониторинг интернет-ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде пайдалану білім алушыларды барлық деңгейде даярлауды жаңа сапалы деңгейге көтеруге, оларды келесі білім алу сатыларына бейімдеуге, оқу және кәсіби қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалануға үйретуге мүмкіндік береді. Нәтиже алу үшін ақпараттық технологияларды пайдалану дәстүрлі оқыту технологияларынан үстем болмауы тиіс, керісінше, олармен үйлесімді болуы қажет. Электрондық оқыту құралдары дәстүрлі құралдарды алмастыра алмайды. Дәстүрлі (әсіресе баспа) және электрондық ақпараттық ресурстардың үйлесімділігі орынды. Электрондық ақпараттық ресурстар білім беру процесіне технологиялық, ақпараттық және әдістемелік мүмкіндіктері кең жаңа жұмыс түрлерін енгізуі тиіс.

Электрондық оқыту құралдарын сауатты, дұрыс және уақтылы пайдалану білім беру сапасын арттыруға және анағұрлым мәнді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Беляев, М.И. Технология создания электронных средств обучения [Текст] / М.И. Беляев, В.В. Гриншкун, Г.А. Краснова [Электронный ресурс] Режим доступа: http://uu.vlsu.ru/files/Tekhnologija_sozdanija_EHSO.pdf
2. Благов, М.Б. Цифровые образовательные ресурсы. Когда забывают о качестве... / М.Б. Благов, А.А. Федосеева // Системы и средства информатики. – 2010. – Т. 2. – № 2. – С. 199-208.
3. Босова, Л.Л. Какие электронные образовательные ресурсы нужны современной школе [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://infourok.ru/doklad-na-temu-elektronnie-obrazovatelnye-resursi-dlya-sovremennoy-shkoli-927261.html>
4. Карбозова, Ж.Ж. Подготовка будущих учителей к проектированию электронных образовательных ресурсов. Дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. Душанбе, 2017. – 175 с.
5. Қараев Ж.А. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы: Білім, 2004.
6. Мамаева, А.С. Использование электронных образовательных ресурсов на уроках физики в современной школе [Электронный ресурс] Режим доступа: https://infourok.ru/ispolzovanie_elektronnyh_obrazovatelnyh_resursov_na_urokah_fiziki_v_sovremennoy_shkole.-425347.htm
7. Муратова, А.А. Электронные образовательные ресурсы нового поколения в работе учителя А.А.Муратова [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.orenport.ru/images/img/561/muratova.pdf>
8. Нұрманалиева, Ұ. Т. Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі (ағылшын тілі, жоғары оқу орны) (Методика обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника (английский язык, языковой вуз)) Автореф.дисс. ...канд.пед.наук: 13.00.02 [Текст] / Ұ. Т. Нұрманалиева. Алматы 2004. – 34с.
9. Жадрина М. Электрондық оқыту жүйесі. – Астана: Фолиант, 2011.
10. Сәрсенбаева С.Қ. Бастауыш мектепте АКТ қолдану тиімділігі. // Педагогика мәселелері, 2020.

ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЦИФРЛІК БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ РӨЛІ

Орманова Г.К.¹, Рамазанова С.А.² Алпыс Г.С.³

¹п.ғ.к., доцент,

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан.

²ф.-м.ғ.к., доцент,

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан.

³магистрант,

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада жалпы орта білім беру жүйесінде, атап айтқанда, физика пәнін оқытуда оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы мен ерекшеліктері қарастырылады. Ақпараттық құзыреттіліктің мәні, құрылымы және қалыптастыру жолдары талданып, цифрлық білім беру ресурстарының (ЦБР) тиімділігін арттыру жолдары ұсынылады.

Негізгі сөздер: ақпараттық құзыреттілік, цифрлық білім беру ресурстары, физика пәні, зерттеушілік дағдылар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Аннотация

В статье рассматриваются значение и особенности формирования информационной компетентности учащихся в системе общего среднего образования, в частности при обучении физике. Анализируются сущность,

структура и пути формирования информационной компетентности, предлагаются пути повышения эффективности использования цифровых образовательных ресурсов (ЦОР).

Ключевые слова: информационная компетентность, цифровые образовательные ресурсы, предмет физики, исследовательские навыки, информационно-коммуникационные технологии.

Abstract

The article examines the importance and peculiarities of developing students information competence in the general secondary education system, particularly in the teaching of physics. The essence, structure, and ways of forming information competence are analyzed, and approaches to enhance the effectiveness of digital educational resources (DER) are proposed.

Keywords: information competence, digital educational resources, physics subject, research skills, information and communication technologies (ICT).

Қазақстанда білім беру жүйесін цифрландыруға мемлекеттік деңгейде айрықша көңіл бөлінуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің түрлі бастамалары заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқыту сапасын арттыруға және цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен енгізуге бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты – оқушылардың пәндік білімдерін меңгерумен қатар, олардың ақпараттық-технологиялық құзыреттері мен практикалық дағдыларын дамыту. Цифрлық ресурстар оқушылардың өз бетімен білім алуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіби қызметке қажетті дағдыларды ерте кезеңнен бастап қалыптастыруға мүмкіндік береді [1].

Бүгінде білім беру саласында құзыреттілікке негізделген тәсіл кеңінен қолданыс табауда. Бұл тәсіл – ақпараттандыру мен ғаламдық коммуникация дәуіріндегі қоғамның сұраныстары мен мүмкіндіктеріне білім беруді бейімдеуге бағытталған мазмұндық өзгерістердің негізі. Құзыреттілік тәсілдің мәні – мектептегі білім беру үдерісіне қатысушылардың (әкімшілік, мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) барлығында, соның ішінде оқушының жеке тәжірибесіне сүйене отырып, түрлі сала мен қызмет түрлерінде туындайтын мәселелерді өздігінен шешу қабілетін қалыптастыру.

Оқушылардың құзыреттерін қалыптастыру – оқу нәтижелерінің талаптарына және қазіргі қоғам сұраныстарына сәйкестігін қамтамасыз етудің өзекті шарты болып табылады. Ақпараттық-есептеуіш жүйелердің жаппай қолданылуы және ақпараттық қоғамда адамның табысты әлеуметтенуі үшін қажетті ақпарат көлемінің экспоненциалды өсуі ақпараттық құзыреттілікті негізгі құзыреттердің бірі ретінде айқындайды, ал оны қалыптастыру білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналады [2].

Қазіргі мектеп оқушысының ақпараттық құзыреттілігін тиімді дамыту оның өзіне қолжетімді мақсаттар мен міндеттер қоя білуін, оларды өз бетінше табылған құралдармен (ақпараттық, материалдық және т.б.) жүзеге асыруын, теориялық білімді практикалық мәселелерді шешуде шебер қолдана алуын, өзінің жұмыс нәтижелерін рәсімдеп, ұсына білуін көздейді.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістерін іздеу бізді бұл бағытта цифрлық білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндігін зерттеуге алып келді.

Қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілікке негізделген тәсілдің теориялық негіздері И.А. Зимняя [3], А.В. Хуторской [4,5], А.А. Губайдуллин [6] және басқа да ғалымдардың еңбектерінде кеңінен талданған.

Аталған зерттеушілердің «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарына берген түсініктерін жүйелеп, мынадай тұжырым жасауға болады:

- «Құзырет» пен «құзыреттілік» – адамның нәтижелі іс-әрекетін сипаттайтын, мәндес ұғымдар;

- «Құзырет» – белгілі бір қызмет түріне қойылатын жалпы талаптар жиынтығы, ал «құзыреттілік» – сол қызметті табысты орындауға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиет.

А.В. Хуторской құзыреттерді жеті топқа бөледі: жалпымәдени, әлеуметтік-еңбек, оқу-танымдық, құндылық-мағыналық, коммуникативтік, ақпараттық және тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге бағытталған [4, 101б.].

И.А. Зимняя құзыреттіліктерді үш негізгі санатқа бөледі:

- Ис-әрекеттік құзыреттіліктер – адамның түрлі қызмет түрлерін орындауына қатысты, оған ақпараттық технологияларды меңгеру, кәсіби дағдылар және танымдық әрекет жатады.

- Әлеуметтік құзыреттіліктер – әлеуметтік ортада және қоғамда өзара әрекеттесуге байланысты, соның ішінде қарым-қатынас пен коммуникация дағдыларын қамтиды.

- Тұлғалық құзыреттіліктер – жеке тұлға ретіндегі адамның қасиеттеріне қатысты, оған денсаулықты сақтау, құндылықтық-мақсаттық бағдар, отансүйгіштік, өзін-өзі білімдендіру мен дамыту, рефлексия және кәсіби жетілу жатады [3, 786.].

А.А. Губайдуллин құзыреттіліктің құрамдас бөліктері ретінде инновациялық, жүйелілік, көпфункционалдық қасиеттерді, сондай-ақ мотивация мен жобалау қабілетін ерекшелейді [6].

Қазақстандық ғалым С.Т. Мұхамбетжанова — педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қабілетін зерттеген. Оның еңбектерінде мұғалімдердің АКТ-ны кәсіби қызметінде тиімді меңгеруі, электрондық портфолио қолдану мен модульдік бағдарламаларды енгізу кеңінен талқыланады [7].

М.М. Қырықбаев оқу үрдісінде цифрлы технологияларды кеңінен пайдалану мүмкіншіліктері қарастырған және білім сапасын арттыру мүмкіндіктері туралы мәліметтер келтіре отырып, қазіргі цифрлық технологияларды оқыту үрдісіне енгізу — оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуда интерактивті тақталар, онлайн платформалар, мультимедиа құралдарының маңызын көрсетеді [8].

Ақпараттық құзыреттілік ғалымдар тарапынан екі мағынада зерттеледі: кең және тар. Кең мағынада – бұл деректерді талдамалық өңдеуді жүзеге асыру, ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпараттық-іздеу жүйесін ресурс ретінде қолданып, іздеу-ақпараттық тапсырмаларды шешу, ақпараттық технологиялар көмегімен ақпаратпен өзара әрекеттесу қабілеті. Тар мағынада – деректерді іздеу, өңдеу және беру үшін ақпараттық технологиялардың техникалық және әдістемелік құралдарын қолдану.

Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде ақпараттық құзыреттілік білім алушының таным нысандарымен өзара әрекеттесуінің, әлеуметтік мәдениет тәжірибесін меңгеруге және жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін кеңейтуге бағытталған динамикалық үдеріс ретінде қарастырылады [9,10].

Қазіргі кездегі зерттеушілер Т.И. Зубкова [11], Е.Э. Кригер [12] «Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлға қызметінің процестік, динамикалық сипаты, түбегейлі жаңа ақпараттың артуын қамтамасыз ететін ойлаудың німді формасы» деп тұжырымдайды.

Осылайша, ақпараттық құзыреттілік – ақпаратты өз бетінше іздеу, оны талдап ұғыну, мәселені шешудің өзіндік жолын табу, білімді дербес меңгеру, өзге пікірлерге сыни тұрғыдан қарау және жеке көзқарастың дербестігін қалыптастыруға ұмтылу қабілеті деп қорытындылауға болады.

Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық құзыреттілік – оқушылардың ХХІ ғасырдағы басты құзыреттерінің бірі, ол тек техникалық құралдарды меңгеру қабілетімен шектелмей, ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және қолдану дағдыларын қамтитынына көз жеткіздік. Физика пәнінде бұл құзыреттілік ғылыми деректерді түсіну, тәжірибелерді модельдеу және зерттеу нәтижелерін ұсыну қабілеттерімен тікелей байланысты. Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) осы дағдыларды қалыптастырудың қуатты құралы болып табылады.

Ал физика пәнінің «Электростатика» тарауының мазмұны күрделі ұғымдарды қамтитындықтан, ЦБР пайдалану оқыту процесінің тиімділігін арттырады және оқушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамытады.

Мектеп физика курсының Электростатика тарауын ЦБР қолданудың негізгі бағыттарына тоқталайық:

1. Интерактивті симуляторлар арқылы түсіндіру;

- *PhET Interactive Simulations* («Charges and Fields», «Electric Field Hockey») – электр өрісі, зарядтардың өзара әрекеттесуі және Кулон заңының визуализациясы.

- *Physics Classroom* – анимациялар мен интерактивті есептер.

- Оқушыларға виртуалды тәжірибелер жасатып, нәтижені өз бетінше талдату.
- 2. Сандық есептерді модельдеу;
 - GeoGebra немесе Desmos көмегімен электр өрісі күш сызықтарын сыздыру.
 - Microsoft Excel/Google Sheets арқылы Кулон заңы бойынша есептеулер жасап, график тұрғызу.
- 3. Мультимедиа контентін қолдану;
 - YouTube-тың ғылыми арналарынан (Veritasium, Physics Girl, QazPhysics) бейнематериалдар қарау.
 - 3D-анимациялар мен AR-қосымшалар арқылы (Merge Cube, Augment) зарядтардың орналасуы мен өріс конфигурациясын көру.
- 4. Онлайн-тестілеу және өзін-өзі бағалау;
 - Kahoot!, Quizizz, Google Forms арқылы тарау бойынша интерактивті тесттер құрастыру.
 - Оқушының алған білімін жедел кері байланыс арқылы тексеру.

Жоғарыда аталған ғалымдардың және басқа да ғылыми еңбектерді зерделей отырып оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру қадамдарын 1-ші кесте түрінде келтіреміз

Кесте 1.

Қадам	Іс-әрекет	Құзыреттілік дағдысы
1. Ақпаратты іздеу	Оқушыларға белгілі бір физикалық құбылыс бойынша дереккөздер тізімін жасап беру және өз бетінше жаңа ақпарат табуды талап ету.	Ақпаратты табу және сүзу
2. Ақпаратты талдау	Симулятордағы тәжірибені өзгертіп, алынған нәтижелерді салыстыру.	Сыни ойлау, салыстыру
3. Ақпаратты өңдеу	Деректерді кесте, диаграмма, инфографика түрінде ұсыну.	Мәліметті құрылымдау
5. Ақпаратты ұсыну	Google Slides, Canva көмегімен шағын презентация жасау.	Ақпаратты визуалды жеткізу
5. Қорытындылау	Оқушы өз зерттеуінің қорытындысын жазбаша және ауызша жеткізеді.	Коммуникативтік дағдылар

10-сыныптың «Электростатика» тарауын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) мақсатты және жүйелі қолдану оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интерактивті симуляторлар, мультимедиа контент, онлайн-тестілеу және модельдеу құралдары оқушылардың күрделі физикалық ұғымдарды түсінуін жеңілдетіп қана қоймай, олардың ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және ұсыну дағдыларын дамытады.

ЦБР көмегімен оқушылар тәжірибені виртуалды ортада жасап, нәтижені дербес талдайды, бұл өз бетінше білім алу мен сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырады. Мұндай әдіс оқытудың танымдық белсенділігін арттырып, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын күшейтеді.

10-сыныпта «Кулон заңы» тақырыбын оқыту барысында PhET Interactive Simulations платформасындағы «Charges and Fields» симуляторын пайдалану оқыту үдерісінің тиімділігін арттыра алады. Сабақтың кіріспе бөлімінде оқушыларға екі нүктелік зарядтың өзара әсерлесуін бейнелейтін виртуалды тәжірибе демонстрацияланып, кейін оларды шағын

топтарға бөліп, симуляторда тәжірибені өз бетімен орындау ұсынылады. Топ мүшелері зарядтардың шамасын және олардың арақашықтығын өзгерте отырып, нәтижесінде пайда болатын электр күшінің мәндерін тіркей алады.

Жиналған мәліметтерді Microsoft Excel бағдарламасында өңдеу арқылы оқушылар электр күші шамасының зарядтардың көбейтіндісіне тура, ал арақашықтықтың квадратына кері пропорционалды екенін тәжірибелік жолмен байқай алады. Қорытынды кезеңде топтар өз жұмыстарын график түрінде ұсынып, қысқаша тұжырымдарын Google Slides арқылы презентациялауға мүмкіндік алады. Осындай тәсіл оқушылардың дербес ізденісін, тәжірибелік деректермен жұмыс істеу дағдысын дамытуға, сондай-ақ зерттеушілік қабілеттері мен сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ақпаратты іздеу, өңдеу, интерпретациялау және нәтижені визуалды түрде ұсыну сияқты ақпараттық құзыреттіліктің негізгі компоненттерін жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелер физика пәнінің күрделі заңдылықтарын түсінуді жеңілдетіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға жағдай жасайды.

Физика сабағында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану бірқатар артықшылықтарға ие болғанымен, тәжірибеде белгілі қиындықтар да кездеседі. Ең алдымен, кейбір мектептерде интернет желісінің тұрақсыздығы немесе жеткілікті жылдамдықта болмауы интерактивті платформаларды толыққанды пайдалануға кедергі келтіреді. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі сапалы мультимедиа контенттің аздығы оқушылардың өз ана тілінде ақпарат алу мүмкіндігін шектейді. Мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдылары да әртүрлі деңгейде болғандықтан, цифрлық ресурстарды тиімді енгізу бірқалыпты жүзеге аса бермейді.

Аталған мәселелерді еңсеру үшін бірнеше шешімдерді атап өтуге болады. Біріншіден, интернетке тәуелділікті азайту мақсатында офлайн режимде жұмыс істейтін бағдарламалар мен симуляторларды кеңінен қолдану тиімді. Екіншіден, оқу-әдістемелік орталықтар тарапынан қазақ тіліндегі бейнематериалдар мен нұсқаулықтардың санын арттыру қажет. Үшіншіден, мұғалімдердің кәсіби дамуына арналған курстар мен семинарларды жүйелі түрде ұйымдастыру олардың АКТ құралдарын меңгеру деңгейін арттырады. Осылайша, ЦБР қолданудағы қиындықтарды уақытылы шешу білім беру сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруды да тұрақты әрі нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды: зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру – олардың ХХІ ғасыр талаптарына бейімделген заманауи тұлға болып қалыптасуының негізгі алғышарты. Ақпараттық құзыреттілік тек техникалық құралдарды меңгерумен шектелмей, ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және оны ғылыми негізге ұсыну дағдыларын қамтитыны анықталды.

Физика пәнін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану оқушылардың пәндік білімін меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, олардың зерттеушілік қабілеттерін, сыни ойлау дағдыларын және дербес білім алу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, «Электростатика» тарауын оқытуда интерактивті симуляторлар, мультимедиа құралдары, онлайн-тестілеу мен модельдеу бағдарламаларын жүйелі пайдалану оқушылардың күрделі физикалық ұғымдарды түсінуін айтарлықтай жеңілдетеді әрі олардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ақпараттық құзіреттілік – оқушылардың тек оқу жетістіктерін арттырудың құралы ғана емес, сонымен бірге оларды болашақ кәсіби және әлеуметтік өмірге даярлаудың тиімді тетігі болып табылады. Демек, физика сабағында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану ақпараттық қоғам талаптарына сай білім алушыны қалыптастырудың маңызды шарты болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы //ҚР Үкіметі. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 45 б. Режим доступа: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>. [Дата обращения: 27.11.2024].
2. Каменев К.В. Информационная компетентность как одна из ключевых компетентностей в современной системе образования // Современные научные исследования и инновации. 2015. № 6–5 (50). С. 20–24.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М.: ИЦ ПКПС, 2018. – 324 с.
4. Хуторской А.В. Компетенции в образовании: опыт проектирования. – М.: ИНЭК, 2007. – 327 с.
5. Хуторской А.В. Педагогическая инноватика: учеб.пособие для студ.высших учеб.заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2018. – 256 с.
6. Губайдуллин А.А. Исследовательская компетентность студента в учебном процессе современного вуза: содержание и подходы изучения // Вестник КазНУ. Серия педагогических наук. – 2020. – №1 (66). – С. 56–63.
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
8. Қырықбаев М.М., Нұрсейтова Н. Цифрлы технологияларды пайдалану арқылы оқыту үрдісін жетілдіру // Вестник науки №5 (14) том 4. С. 504 - 508. 2019 г. ISSN 2712-8849 // Электронный ресурс: <https://www.вестник-науки.pf/article/1459> (дата обращения: 10.08.2025 г.)
9. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 2001. – 186 с.
10. Низамов Р.А. Дидактические основы активизации учебной деятельности обучающихся // Издательство Казанского университета. – 2018. – № 4. – С. 449.
11. Зубкова Т.И. Формирование информационной компетентности слабоуспевающих обучающихся – Екатеринбург, 2018. – 124 с.
12. Кригер Е.Э. Педагогические условия развития информационной компетентности обучающихся. – Барнаул, 2017. – 118 с.

ОРТА МЕКТЕПТЕ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Өтеғалиева Нұрила Мырзаахметқызы

7M01506 – Химия магистрант, 2-курс.

Теміртас Гүлназ Бауыржанқызы

7M01506 – Химия магистрант, 2-курс.

Калиманова Данагул Жаскайратовна

Б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, аға оқытушы.

Химия және химиялық технологиялар кафедрасы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Андатпа

Бұл мақалада орта мектепте бейорганикалық қосылыстарды оқытуда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті интеграциялау әдістемесі қарастырылады. Авторлар оқыту процесінде виртуалды

Labster - бұл бүкіл әлемде қолданылатын ақылы виртуалды зертхана. Оның басты артықшылығы—заманауи 3D графикасын қолдана отырып, толыққанды зертханалық

атмосфераны құру. Платформа оқушыларға күрделі ғылыми эксперименттер жүргізуге және нәтижелерді автоматты түрде бағалауға мүмкіндік береді. Labster университеттер мен колледждерде жиі қолданылады. Дегенмен, оның ақылы болуы және жоғары техникалық талаптарды талап етуі оның орта мектепте қолжетімсіз етеді.



Сурет 2. Labster платформасы

Карнеги Меллон Университеті **ChemCollective** тегін онлайн құралын жасады. Ол химия пәніне бағытталған және титрлеу, реакцияны теңестіру, ерітінділер дайындау сияқты тақырыптардағы эксперименттерді виртуалды жағдайда жүргізуге мүмкіндік береді. ChemCollective платформасын әсіресе аналитикалық және жалпы химия салаларындағы зерттеулерде пайдалану тиімді. Дегенмен, интерфейс заманауи стандарттарға толық сәйкес келмейді және әдетте ағылшын тілінде қолжетімді. [6, б. 584]



Сурет 3. ChemCollective платформасы

Өртүрлі платформаларды салыстыру кестесі төменде келтірілген:

Көрсеткіштер	PhET Interactive Simulations	Labster	ChemCollective
Бағасы	Тегін	Ақылы (жеке және институционалды лицензиялар)	Тегін
Графика	2D қарапайым интерфейс	3D жоғары деңгейдегі анимация	2D/жартылай 3D
Қолдану аясы	Мектеп, кейбір колледждер	Колледж, университет, ғылыми орталар	Мектеп (жоғары сынып), университет
Қолдану мақсаты	Теорияны көрнекі түрде көрсету	Күрделі тәжірибелерді	Химиялық есептерді тәжірибелік жолмен шешу

		толық модельдеу мүмкіндігі	
Тілдік қолдау	Көп тілді (қазақ және орыс тілдері бар)	Көбінесе ағылшын тілі, кейде басқа тілдер бар	Негізінен ағылшын
Қолдану форматы	Онлайн және оффлайн	Толық онлайн, лицензия арқылы	Онлайн, кейбір тапсырмаларды оффлайн қолдануға болады
Қолдану қолайлығы	Өте қарапайым, кез келген оқушыға қолжетімді	Техникалық мүмкіндіктерді көбірек қажет етеді, интернет пен құрылғы қуатына тәуелді	Орташа, кейбір тәжірибелер күрделі
Кері байланыс	Нәтижені бірден көрсетеді, бірақ бағалау жоқ	Автоматты бағалау, нәтижені талдау мүмкіндігі	Нәтижені есептеуге және талдауға мүмкіндік бар, бірақ толық автоматты бағалау жоқ
Артықшылықтары	Тегін. Қарапайым, пайдаланушыға қолайлы. Көптілді	Жоғары сапалы. Зерханалық қауіпсіздік мәселесін шешеді. Иммерсивті	Химия пәніне терең бағытталған, есептерді шешуге ыңғайлы
Шектеулері	Күрделі тәжірибелерді көрсетпейді	Ақылы, техникалық талаптары жоғары	Тіл шектеуі, тек химия пәніне бағытталған

Кесте 2. Платформа түрлерін салыстыру

Қорытындылай, PhET – жалпы түсінік пен негізгі ұғымдарды қалыптастыруға, ChemCollective – химиялық есептерді шығару мен зертханалық дағдыны дамытуға, ал Labster – кәсіби дайындыққа көбірек бейімделген тиімді құрал ретінде қолданыла алады. Оқыту барысында мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне және оқу бағдарламасының талаптарына қарай, платформалардың әрқайсысын белгілі бір мақсатқа сай пайдалана алады.

Виртуалды зертханаларды STEM негізінде қолданудың тиімді жолдары

Білім беру саласында STEM технологияларының дамуы білім алушылардың ғылым мен технологиядағы жылдам өзгерістерге бейімделу қажеттілігінен туындайды. Бұл тұрғыда виртуалды зертханалар ерекше маңызды рөл атқарады. Химияны оқытуда мұндай зертханалар дәстүрлі әдістерді толықтыра отырып, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, зерттеушілік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Виртуалды зертханалар оқушыға күрделі тәжірибелерді қауіпсіз ортада орындауға мүмкіндік жасайды. Химиядағы қауіпті реактивтермен жұмыс көп жағдайда шектеулі болатыны белгілі, ал сандық технологиялар негізіндегі модельдер бұл олқылықтың орнын толтыра алады. Мәселен, Alamri жүргізген шолу жұмыстары жоғары оқу орындарында виртуалды зертханаларды қолдану білім алушылардың қауіпсіз әрі сенімді ортада тәжірибелер жүргізуіне ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, виртуалды зертханалардың

қолжетімділігі оқыту процесін икемді етеді. [7, б. 59]. Оқушылар тәжірибелерді ғаламторға қосылған кез келген құрылғы арқылы орындай алады, бұл өз кезегінде білімді жеке қарқынмен меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай әдіс оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тұрақты сақтауға ықпал етеді.

STEM оқыту аясында қолданылған виртуалды зертханалар тек химиялық құбылыстарды түсіндіру құралы болып есептелмейді. Сонымен қатар, инженерлік есептерді шешуге, математикалық модельдер құруға, деректерді өңдеуге, ақпараттық технологияларды пайдалануға жағдай жасайды. Osman және әріптестері жүргізген зерттеулер оқушылардың виртуалды зертханалар арқылы тәжірибе нәтижелерін талдап, математикалық тұрғыдан негіздеуге және оларды техникалық құралдармен рәсімдеуге бейімделетінін көрсетеді. [8, б. 1574]. Бұл тәсілдер ғылымдар арасындағы интегративті байланысты қамтамасыз етеді. Виртуалды зертханалар да зерттеу құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Білім алушылар болжам жасауға, эксперименттерді құрастыруға және нәтижелерді түсіндіруге үйренеді. Бұл процесс оларға ғылыми әдісті меңгеруге мүмкіндік береді. Солайша виртуалды зертханаларды пайдалану студенттердің сыни ойлауы мен талдау дағдыларын айтарлықтай дамытады.

STEM білім берудің тағы бір маңызды қыры – білім берудегі тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Жабдықталуы шектеулі мектептерде немесе қымбат реагенттерді сатып алу мүмкіндігі жоқ ауылдық мектептерде виртуалды зертханалар оқу процесін толыққанды жүргізуге жағдай жасай алады. Себебі Қазақстанның көптеген жалпы орта білім беретін мектептерінде лабораториялық жұмыс жасауға, тәжірибелерді жүргізуге кедергі жасайтын бірқатар мәселелер бар. Осы қиын жағдайда көмекке виртуалды зертханалар келіп, мұғалімдер мен оқушыларға оқу процесін толықтай жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай ақ, Springer жариялаған еңбекте мұндай зертханалардың инклюзивті білім беруді қамтамасыз етудегі рөлі кеңінен қарастырылған. [9, б. 7] Химияны оқыту тәжірибесінде виртуалды зертханаларды енгізудің түрлі әдістемелік жолдары бар. Олар дәстүрлі тәжірибелерді толықтыру құралы ретінде, оқушылардың дербес жұмыс жасауын қолдау мақсатында, жобалық жұмыстарға кіріктіруде және қашықтан оқытуда тиімді пайдаланылады. Мысалы, Tuysuz жүргізген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, виртуалды зертханаларды қолданған оқушылардың үлгерімі мен пәнге деген оң көзқарасы арта түскен. [10, б. 48]. Жалпы алғанда, STEM негізінде ұйымдастырылған виртуалды зертханалар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық сауаттылық дағдыларын қалыптастырады. Бұл тәсіл білім алушыларды ХХІ ғасыр талаптарына сай құзыретті маман ретінде тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар.

Виртуалды зертханаларды тиімді пайдалану үшін нұсқаушы алдымен оқу мақсаттарына сәйкес келетін қолайлы тәжірибелерді таңдауы керек. Сабақ басталмас бұрын платформаның мүмкіндіктерімен танысып, тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне сәйкес дайындау ұсынылады. Виртуалды тәжірибені демонстрацияға да, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына да кепілдік беретін құрал ретінде пайдалана білген дұрыс. Мұғалім оқушыларға зерттеу сұрақтарды қоюға, гипотезаларды және нәтижелерді бағалап, талдауға көмектесуі керек.

Виртуалды зертхананы сабақ жоспарына енгізу әдістері.

Оны енгізудің тиімді әдістерінің бірі-сабақтың зерттеу немесе бекіту кезеңінде виртуалды зертхананы пайдалану. Мысалы, теориялық бөлімді аяқтағаннан кейін оқушылар виртуалды ортада эксперименттер жүргізе алады және нәтижені нақты жағдаймен салыстыра алады. Сонымен қатар, мұғалім виртуалды зертхананы қолданып рефлексия кезеңін сабақ жоспарына енгізеді, бұл оқушыларға өз жұмыстарын бағалауға және қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың өзіндік және жобалық жұмыстарына пайдалану.

Виртуалды зертханаларда оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын шыңдауға тамаша мүмкіндігі бар. Оқушылар өз бетінше эксперименттер жүргізе алады, мәліметтер жинай алады және шағын көлемді ғылыми жобаларды дайындай алады. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылығын, сыни ойлауын және цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытады. Жобалық жұмыс барысында мұғалімдер оқушыларға оқу тақырыбын таңдауға, виртуалды зертхананы дұрыс пайдалануға және нәтижелерге қорытынды жасап, қорғауға көмектесуі керек.

Қорытынды

Қорытындылай келе, виртуалды зертханаларды STEM негізіндегі химия оқу бағдарламасына біріктіру - заманауи білім берудің негізгі құрамдас бөлігі. Бұл әдіс оқушыларға зерттеушілік, ғылыми ойлау және практикалық дағдыларын қауіпсіз және тиімді түрде жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқушылар күрделі химиялық процестерді визуалды түрде бақылап, өз бетінше тәжірибе жүргізіп нәтиже шығара алады.

Виртуалды зертханалар интеграцияланған STEM бағытындағы оқытуды іс жүзінде қолданудың пайдалы құралы болып табылады, өйткені ол химияны физика, биология, математика және информатикамен біріктіріп, нақты мәселелерді шешеді. Оқытудың бұл тәсілі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, шығармашылық ойлауға ынталандырады.

Сондықтан виртуалды зертханаларды жүйелі және мақсатты түрде пайдалану химия пәнін оқытудың сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларды болашақта ғылыми-техникалық салаларда табысқа жетуге дайындайтын негізгі педагогикалық бағыт ретінде қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Morrison, J. (2006). *TIES STEM Education Monograph Series, Attributes of STEM Education*. Baltimore, MD: TIES.
2. Kazu, İ.Y. & Yalçın, S. (2021). The Effect of STEM Education on Academic Performance: A Meta-Analysis Study. *International Journal of Research in Education and Science (IJRES)*, 7(2), 510–536. ERIC EJ1313488.
3. Vasquez, J.A., Sneider, C., & Comer, M. (2013). *STEM Lesson Essentials, Grades 3–8: Integrating Science, Technology, Engineering, and Mathematics*. Heinemann.
4. Çorlu, M.S., Capraro, R.M., & Capraro, M.M. (2014). Introducing STEM education: Implications for educating our teachers in the age of innovation. *Eğitim ve Bilim*, 39(171), 74–85.
5. Adams W. K., Reid S., LeMaster R., McKagan S. B., Perkins K. K., Wieman C. E. *A study of educational simulations Part I & II*. — University of Colorado, PhET Project, 2010. — 23 p. [Электронды ресурс]. — Қолжетімді: https://phet.colorado.edu/publications/MPTL_2010_PhET_final.pdf
6. Yaron, David & Karabinos, Michael & Lange, Donovan & Greeno, James & Leinhardt, Gaea. (2010). The ChemCollective-Virtual Labs for Introductory Chemistry Courses. *Science* (New York, N.Y.). 328. 584-5. 10.1126/science.1182435.
7. Alamri, M. M. (2024). *Virtual Laboratories in STEM Higher Education: A Scoping Review*. ResearchGate. <https://www.researchgate.net/publication/378736835>
8. Osman, M. E., Al-Busaidi, S., & Osman, A. (2024). *Virtual Laboratories in STEM*. ResearchGate. <https://www.researchgate.net/publication/383561299>
9. Springer. (2023). *Virtual Labs for STEM Education*. In: *Advances in Digital Learning*. Springer, Cham. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-031-44792-1_1
10. Tüysüz, C. (2010). The effect of the virtual laboratory on students' achievement and attitude in chemistry. *International Online Journal of Educational Sciences*, 2(1), 37–53.

«ЭЛЕКТР ЖӘНЕ МАГНЕТИЗМ» БӨЛІМІНЕН ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ НЕГІЗІНДЕГІ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Орманова Г.К.¹, Рамазанова С.А.², Шайхслам Г.С.³

¹ п.ғ.к., доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
e-mail: Ganya_66@mail.ru

² ф.-м.ғ.к., доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
e-mail: sara_ra@mail.ru

³ магистрант, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
e-mail: gulnaz.janiim@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада сандық технологияларды қолдану арқылы «Электр және магнетизмнен» физикалық есептерді шығаруға компьютерлік модельдеуді пайдаланудың мүмкіндіктері мен оқыту процесіндегі маңызы қарастырылады. Зерттеу барысында электр өрісіндегі бөлшектер қозғалысы мен электромагниттік тербелістерге қатысты екі есеп алынып, MS Excel электрондық кестесінде сандық модельдеу жүргізілді. Оқушылар мәндерді өзгертіп, нәтижелерді автоматты түрде есептеу, график тұрғызу мүмкіндігін иеленеді. Мұндай тәсіл білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін және цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Мақалада бұл тәсілдің білім сапасына әсері мен оқушылардың STEM құзыреттілігін дамытудағы рөлі талданады.

Негізгі сөздер: сандық технологиялар, физика, STEM бағыты, эксперименттік есеп, MS Excel электрондық кестесі, оқушы құзыреттілігі, «Физика в картинках», Python, MatLab

Кіріспе

Физика пәнін оқытуда теория мен практиканы ұштастыру арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығын оятып, ғылыми ұғымдарды терең меңгеруге жол ашады. Бұл жерде есептерді шешу – тек жаттығу емес, білім алушының ойлау дағдысын, логикалық байланыс орнатуын және ғылыми әдіснамалық түсінігін қалыптастыратын басты құралдың бірі. Сондықтан есеппен жұмыс істеудің тиімді жолдарын іздеу — физиканы оқытудың сапасын арттырудың өзекті бағыттарының бірі.

Дәстүрлі оқытуда негізі көбінесе тақтада түсіндіріліп, оқушылар дайын формула және белгілі алгоритм арқылы есептің шешімін табады. Мұндай тәсіл оқушыны есептің құрылымынан гөрі нәтижеге, жақсы баға алуға ғана бағдарлайды. Физикалық шамалардың өзара байланысын түсіну мен параметрлердің өзгерісін бақылау көбінесе ескеріле бермейді. Осының салдарынан оқушы есептің жауабын шығара алғанымен, құбылыстың мәнін толық түсінбеуі мүмкін.

Ал сандық технологияларды қолдану кезінде оқушы есептерді тек шешіп қана қоймай, оны зерттейді, модельдейді, параметрлерді өзгертіп, нәтижеге қалай әсер ететінін бақылай алады. Осындай тәсіл оқушыны белсенді субъект ретінде қалыптастырып, оны дербес ойлауға, болжам жасауға, график тұрғызуға, өзі есептің алгоритмін құруға, қорытынды шығаруға үйретеді [1]. Бұл әдіс әсіресе күрделі тақырыптарды өткенде мысалы, электр өрісіндегі бөлшек қозғалысы немесе электромагниттік тербелістерді көрнекі түрде түсіндіруде өте тиімді.

Осы мақалада физика пәнінің «Электр және магнетизм» бөліміне жататын екі есеп негізінде MS Excel электрондық кестесінде сандық модельдеу жүргізу жолдары қарастырылады. Модельдеу арқылы оқушылардың есеппен жұмыс істеу тәсілдері, ойлау дағдылары, сонымен қатар цифрлық технологияларды қолданудың оқу процесіндегі рөлі мен тиімділігі сипатталады.

Зерттеудің мақсаты: Физика пәні бойынша «Электр және магнетизм» бөліміне қатысты есептерді сандық технологиялар арқылы оқушылардың пәнді терең меңгеруіне, логикалық ойлау дағдыларын арттыруға ықпал ететін тиімді тәсілдерді сипаттау. Сонымен қатар, MS

Excel электрондық кестесін қолдану арқылы есеп шығару процесін автоматтандырудың және визуалды түрде ұсынудың оқу процесіндегі рөлін айқындау.

Зерттеудің міндеттері:

- Физика пәнін оқыту кезінде сандық технологияларды қолданудың теориялық негіздерін қарастыру;
- Дәстүрлі және сандық технологиялар арқылы есеп шығарудың айырмашылықтарын салыстырып, оқушының пәндік және зерттеушілік дағдыларына әсерін анықтау;
- «Электр және магнетизм» бөліміне қатысты есептерді MS Excel электрондық кестесінде сандық модельдеу арқылы талдау;
- Сандық модельдеудің оқушылардың логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін және цифрлық құзыреттілігін дамытудағы рөлін айқындау.

Зерттеу нысаны: Орта мектептің физика курсына «Электр және магнетизм» бөлімін оқыту әдістемесі.

Зерттеу әдістері: Есеп мазмұнын талдау, шамалар арасындағы тәуелділікті анықтау, сандық модель құру, графиктік визуализация, MS Excel электрондық кестесі арқылы автоматты есептеу, Python және MatLab платформаларында нәтижені салыстыра тексеру.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Сандық технологияларды қолдану арқылы физика есептерін модельдеп нәтиже шығару тәсілін көрсету. Есеп шығаруда дәстүрлі әдіске балама ретінде STEM білім берудің мүмкіндігін ұсыну.

Жұмыстан күтілетін нәтиже: Сандық технологияларды қолдана отырып физика есептерін модельдеу арқылы есеп шығару процесін жеңілдету мүмкіндігін көрсету. Сандық модельдеуді оқушылардың логикалық ойлауын, зерттеушілік қабілетін және цифрлық құзыреттілігін дамыту құралы ретінде қолданудың маңызын түсіндіру.

Қазақстандық білім беру жүйесінде дәстүрлі және сандық технологияларды қолданатын мектептердегі білім сапасына қатысты нақты салыстырмалы кесте табу қиын. Алайда, қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, екі оқыту тәсілінің ерекшеліктерін салыстыруға болады (Кесте 1).

Кесте 1 – Дәстүрлі және сандық технологияларды қолданатын мектептердегі білім сапасының салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	Дәстүрлі оқытуды қолдануда	Сандық технологияларды қолдану арқылы оқытуда
Оқыту тәсілі	Мұғалімнің түсіндіруі, оқулықпен жұмыс, тақтада жазу	Интерактивті құралдар, цифрлық ресурстар, модельдеу бағдарламалары
Оқушының белсенділігі	Пассивті қабылдау, дайын ақпаратты меңгеру	Белсенді қатысу, зерттеу, тәжірибе жасау
Ойлау дағдыларының дамуы	Репродуктивті ойлау, жаттап алу	Сын тұрғысынан ойлау, логикалық және зерттеушілік қабілеттердің дамуы
Құрал-жабдықтар	Тақта, бор, оқулық	Компьютер, интерактивті тақта, арнайы бағдарламалар (мысалы, MS Excel)
Білім сапасына әсері	Теориялық білімге басымдық беріледі	Теория мен практиканың ұштасуы, білімнің терең әрі нақты меңгерілуі
Қызығушылық пен мотивация	Орташа деңгейде, кейде төмен	Жоғары, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады

Көрсеткіштер	Дәстүрлі оқытуды қолдануда	Сандық технологияларды қолдану арқылы оқытуда
Қолдану мүмкіндігі	Барлық мектептерде қолжетімді	Кейбір мектептерде техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі байқалады
Қалыптасатын құзіреттілік деңгейі	Төмен, себебі уақыт, құрал мен орта шектеулі, оқушы өз бетінше жұмыс істей алмайды.	Жоғары, себебі оқушы тапсырманы қайталап, еркін орындай алады, зерттеу және талдау дағдылары дамиды.

Бұл салыстырмалы талдау дәстүрлі және сандық оқыту әдістерінің әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен шектеулерін көрсетеді. Сандық технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың логикалық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) технологияларын қолдану оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары физика пәнінде STEM әдістері мен цифрлық құралдарды кіріктіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлау қабілетін және ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған зерттеулер саны артуда. Әсіресе, «Электр және магнетизм» тарауындағы күрделі теориялық ұғымдарды визуалды модельдеу мен компьютерлік есептеу арқылы түсіндіру тәсілдері назарға алынып жүр. Бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде білім берудің жаңғыртылуы мен цифрлық трансформация аясында өзекті болып отыр. Сандық технологияларды оқу процесіне енгізу – оқушылардың пәнді терең меңгеруі мен функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған басты қадамдардың бірі. Осыған орай, соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар бұл бағытта бірнеше ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді.

Ж.И. Сардарова өзінің зерттеуінде болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру мәселесін көтереді. Ол цифрлық құралдардың білім сапасын арттырудағы рөлін, әсіресе оқушының өз бетімен жұмыс істеуін, тәжірибе жасап көруін ұйымдастырудағы маңызын нақты мысалдармен негіздеген [2].

Сол сияқты С. Бахишева, Р. Кинжекова және А. Кемешова авторлық ұжым ретінде blended learning (аралас оқыту) үлгілерін талдай отырып, білім алушылардың дербестігі мен цифрлық дағдыларын дамытуда заманауи технологиялардың тиімділігін дәлелдейді. Зерттеулерде оқытудың дәстүрлі формаларын сандық құралдармен біріктіру оқушы белсенділігін арттырып, білімді визуалды түрде қабылдау мен талдау мүмкіндігін кеңейтетіні көрсетілген [3].

А.Д. Мендекенова мен Д.М. Джусубалиева да өз еңбектерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда сандық модельдеу, есептерді автоматтандыру және графикалық талдау құралдарының маңызын аша отырып, білім берудегі жаңа тәсілдердің тиімділігін саралайды [4].

Жусупкалиева өз зерттеуінде MS Excel, GeoGebra және PhET сияқты бағдарламалардың физика есептерін модельдеуде тиімді екенін дәлелдейді. Авторлар бұл құралдардың нақты тәжірибелерді алмастыра алатынын және оқушылардың дербес ойлау мен сараптау қабілеттерін дамытатынын атап өтеді [5]. Осы бағытта Раманкулов STEM-элементтерге негізделген физикалық есептерді визуализациялау тәсілдерінің оқушылардың танымдық белсенділігіне оң әсер ететінін анықтаған. Зерттеу барысында олар «электр тізбектерін модельдеу» арқылы оқушылардың теориялық білімді практикамен ұштастыра алғанын көрсетеді [6].

Соңғы уақытта виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR) элементтерімен біріктірілген STEM-модельдеулер де белсенді түрде зерттеліп келеді. Мысалы, Досымов өз зерттеуінде «Электр өрісін визуализациялау» тақырыбы бойынша 3D модельдеу арқылы

оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетінің дамуына назар аударған [7]. Ол оқу процесіне графикалық анализді енгізудің білім сапасына тікелей ықпал ететінін атап өтеді.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер физика пәнінде, соның ішінде «Электр және магнетизм» бөлімінде STEM технологияларын қолдану арқылы оқушылардың цифрлық, логикалық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуда үлкен әлеует бар екенін көрсетеді. Бұл әдістер оқушыны жай ғана білім тұтынушысы емес, білім жасаушы ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, ұсынылып отырған мақалада физика пәнінің «Электр және магнетизм» бөліміндегі есептерді MS Excel электрондық кестесі арқылы модельдеу арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдысын, логикалық ойлау қабілетін және цифрлық құзыреттілігін дамыту жолдары қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар. Физика пәніндегі «Электр және магнетизм» бөліміне қатысты эксперименттік есептерді сандық модельдеу арқылы талдау үшін MS Excel электрондық кестесі пайдаланылды. Оқушыға қолайлы ортада физикалық шамалар арасындағы тәуелділікті формуламен есептеп, кесте және график арқылы көрсету мүмкіндігі жасалды.

Зерттеу барысында есептің мазмұны MS Excel ортасына бейімделіп, параметрлерді өзгерту арқылы нәтижелерге ықпал ететін шамалар зерттелді. Әр кезеңде оқушы әрекеті мен модель нәтижелері бақыланып, өзгерістер тіркелді. Модельдеу барысында уақыт, ығысу, жиілік, амплитуда сияқты шамалар енгізіліп, олардың өзара байланысы визуалды түрде көрсетілді. PhET, oPhysics, Vascak.kz, Electronic Workbench, Efizika, «Физика в картинках» және MATLAB, Python сияқты ресурстарды қолдану оқушыларға эксперименттік және шығармашылық есептерді шешуде қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Міне осы айтылған мәселелерді дәлелдеу үшін 10-сыныптағы «Электр өрісі. Біртекті және біртекті емес электр өрісі. Электр өрісінің кернеулігі. Электр өрістерінің суперпозиция принципі» тақырыбы бойынша төмендегідей эксперименттік есептер MS Excel ортасында модельдеуге ұсынылады:

Тапсырманың қойылуы: Электронның электр өрісінде қозғалысын модельдеу.

Мақсаты: оқушының электр өрісіндегі зарядталған бөлшектің қозғалысын талдау дағдыларын дамыту.

Берілгені: Электронның бастапқы жылдамдығының құраушылары $v_x = 40 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $v_x = 50 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $v_x = 60 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $v_x = 40 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $v_{y0} = 0,60 \cdot 10^6 \text{ м/с}$ болсын. Конденсатордағы өріс кернеулігі $E=1500 \text{ В/м}$, 1600 В/м , 1700 В/м . Электронның конденсатор арқылы ұшу уақытын t ($l=0,3 \text{ м}$) электронның вертикаль x ығысуын және конденсатор арқылы өткеннен кейінгі электрон жылдамдығының бағытын $\text{tg}\alpha$ есептеңіз. Бұл жағдайды компьютерлік экспериментте түсіндіріңіз.

Енді MS Excel электрондық кестесінде есептің математикалық моделін құрамыз (Сурет 1):

Есептің мақсаты – оқушының электр өрісіндегі зарядталған бөлшектің қозғалысын талдау дағдыларын дамыту.

Есептің қойылуы: Электронның бастапқы жылдамдығының құраушылары $v_x = 40 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $50 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $60 \cdot 10^6 \text{ м/с}$, $v_{y0} = 0,60 \cdot 10^6 \text{ м/с}$ болсын. Конденсатордағы өріс кернеулігі $E=1500 \text{ В/м}$, 1600 В/м , 1700 В/м . Электронның конденсатор арқылы ұшу уақытын t ($l=0,3 \text{ м}$) электронның вертикаль x ығысуын және конденсатор арқылы өткеннен кейінгі электрон жылдамдығының бағытын $\text{tg}\alpha$ есептеңіз. Бұл жағдайды компьютерлік экспериментте түсіндіріңіз.

Математикалық модель құру:

Берілгені:	Таңдауы:	Шешуі:
$v_x = 40 \cdot 10^6 \text{ м/с}$ $v_{y0} = 0,60 \cdot 10^6 \text{ м/с}$ $l=0,3 \text{ м}$ $E=1500 \text{ В/м}$ $e = 1,6 \cdot 10^{-19} \text{ Кл}$ $m = 9,11 \cdot 10^{-31} \text{ кг}$ $d = 0,01 \text{ м}$	Электрон көлденең бағытта (оңға қарай, x-бағытында) үлкен жылдамдықпен конденсаторға ұшып кіреді. Сонымен бірге, оның тік (вертикаль, y-бағытта) аздал бастапқы жылдамдығы бар. Конденсатордың ішінде электр өрісі әрекет етеді. Бұл өріс электронға күш түсіріп, оның қозғалысын төмен тартып тұрады (себебі электрон – теріс зарядталған бөлшек). Электрон конденсатор ішінен көлденең бағытта тұрақты жылдамдықпен қозғалып өйткені x-бағытта оған ешқандай күш әсер етпейді. Сондықтан уақытты табу үшін жолды жылдамдыққа бөлеміз: $l = v_x \cdot t \Rightarrow t = \frac{l}{v_x} \quad (1)$ Электронға электр өрісі төмен бағытта әсер етеді, сондықтан үдеу теріс таңбалы болады: $a_y = -\frac{e \cdot E}{m}$ (Электрон тек көлденең емес, тік бағытта да қозғалады. Ол қозғалыстың екі бағыты бар: 1) Бастапқы тік жылдамдықпен жоғары қарай қозғалады; 2) Бірақ электр өрісі оны төмен тартып, үдеу береді (яғни қозғалыс бағыттайды, сосын кері бағытта жылдамдиды). $\frac{d^2 y}{dt^2} = -\frac{e \cdot E}{m}$ — егер өріс болмаса, электрон жоғары қарай баратын орын ауыстыру. $\frac{d^2 y}{dt^2} = -\frac{e \cdot E}{m}$ — электр өрісінің төмен тартып, бағыты өзгерту әсері. Осыны сипаттайтын формула: $y = v_{y0} \cdot t + \frac{a_y \cdot t^2}{2}$ (5) Сонғы тік бағыттағы жылдамдық үш анықтаймыз: $\frac{dy}{dt} = v_{y0} + a_y \cdot t$ (6) Сонында бізге электронның қозғалыс бағыты өзгерді ме, соны білу керек. Ол үшін: $\text{tg}\alpha = \frac{v_y}{v_x} \quad (7)$ Мұндағы: $\frac{dy}{dt}$ — көлденең жылдамдық (тұрақты) $\frac{dy}{dt}$ — соңғы тік жылдамдық	$t = \frac{l}{v_x} = \frac{0,3 \text{ м}}{40 \cdot 10^6 \text{ м/с}} = 0,0075 \cdot 10^{-8} = 7,5 \cdot 10^{-9} \text{ с}$ $a_y = -\frac{e \cdot E}{m} = -\frac{1,6 \cdot 10^{-19} \text{ Кл} \cdot 1500 \text{ В/м}}{9,11 \cdot 10^{-31} \text{ кг}} = -2,634 \cdot 10^{14} \text{ м/с}^2$ $y = v_{y0} \cdot t + \frac{a_y \cdot t^2}{2} = 0,60 \cdot 10^6 \text{ м/с} \cdot 7,5 \cdot 10^{-9} \text{ с} + \frac{-2,634 \cdot 10^{14} \text{ м/с}^2 \cdot (7,5 \cdot 10^{-9} \text{ с})^2}{2} = -2,9 \cdot 10^{-4} \text{ м}$ $\frac{dy}{dt} = v_{y0} + a_y \cdot t = 0,60 \cdot 10^6 \text{ м/с} + (-2,634 \cdot 10^{14} \text{ м/с}^2) \cdot 7,5 \cdot 10^{-9} \text{ с} = -1,38 \cdot 10^6 \text{ м/с}$ $\text{tg}\alpha = \frac{v_y}{v_x} = \frac{-1,38 \cdot 10^6 \text{ м/с}}{40 \cdot 10^6 \text{ м/с}} = -0,0345 \approx -0,035$ Жауабы: $t = 7,5 \cdot 10^{-9} \text{ с}$ $a_y = -2,634 \cdot 10^{14} \text{ м/с}^2$ $y = -2,9 \cdot 10^{-4} \text{ м}$ $\frac{dy}{dt} = -1,38 \cdot 10^6 \text{ м/с}$ $\text{tg}\alpha = -0,035$

Сурет 1 – Электронның электр өрісіндегі қозғалысына арналған математикалық модель, есептің шешу жолы және нәтижесі

Figure 1 shows four screenshots of the DOSBox 0.74 interface, each displaying a window titled "Демонстрация" (Demonstration). The windows show a diagram of a particle in a magnetic field and a table of parameters. The parameters are as follows:

- Top-left window: $V_x = 40 \cdot 10^{-6}$ м/с, $V_y = 0.60 \cdot 10^{-3}$ м/с, $E_0 = 1500$ В, $X = 0 \cdot 10^{-6}$ м, $Y = 0.00 \cdot 10^{-6}$ м, $t = 0.00 \cdot 10^{-10}$ с.
- Top-right window: $V_x = 50 \cdot 10^{-6}$ м/с, $V_y = 0.60 \cdot 10^{-3}$ м/с, $E_0 = 1500$ В, $X = 0 \cdot 10^{-6}$ м, $Y = 0.00 \cdot 10^{-6}$ м, $t = 0.00 \cdot 10^{-10}$ с.
- Bottom-left window: $V_x = 40 \cdot 10^{-6}$ м/с, $V_y = -1.30 \cdot 10^{-3}$ м/с, $E_0 = 1500$ В, $X = 301 \cdot 10^{-6}$ м, $Y = -2.97 \cdot 10^{-6}$ м, $t = 7.54 \cdot 10^{-10}$ с.
- Bottom-right window: $V_x = 50 \cdot 10^{-6}$ м/с, $V_y = -1.07 \cdot 10^{-3}$ м/с, $E_0 = 1500$ В, $X = 297 \cdot 10^{-6}$ м, $Y = -1.41 \cdot 10^{-6}$ м, $t = 5.96 \cdot 10^{-10}$ с.

Электрон қозғалысының MS Excel электрондық кестесінде сандық моделін құру үшін есептің физикалық мазмұнын талдап, есептеуге қажетті шамаларды анықтап, есеп шешу ретін бірізді алгоритмге келтіру қажет. Алгоритмнің әр қадамы оқушыға есеп құрылымын түсініп, формулаларды дұрыс қолдануға бағыт береді.

[illegible]

Электр өрісіндегі электрон қозғалысын түсіндіруде визуалды материалдар оқушыларға құбылысты нақты елестетуге, қозғалыс бағыты мен траекториясын дұрыс қабылдауға көмектеседі. Бұл мақсатта арнайы симуляциялар, анимациялар және интерактивті бағдарламалар қолданылды.

→ Электр өрісін түсінуге көмектеседі.

https://www.vascak.cz/data/android/physicsatschool/templateimg.php?s=elpole_pole&l=en

→Зарядтар және өрістерді көрсетеді.

– YouTube анимациялары:

1. <https://youtu.be/LQiZl8eqxu4?si=RqLdI23xKR4kP6f2>

→Бұл интерактив симуляцияда зарядталған бөлшекті (дискті) электр өрісінде жылжытып бағыттау, траекториясын өзгерту, жұмыс істеу принципін көруге болады

2. <https://youtu.be/-9qMXNPwNmA?si=Z25zl1plsRUO-Re4>

3. <https://youtube.com/shorts/AMWPjXGMIfk?si=7t4bylBGQuIZa126>


→ Электрон траекториясы мен өрістегі қозғалыс бағытын көрнекі түрде көрсетеді.

Электрон қозғалысын зерттеуге арналған есеп MS Excel электрондық кестесінде модельденіп, шамалар өзара байланысты түрде енгізілді. Арнайы кесте құрылып, берілген параметрлер бойынша (жылдамдық, кернеулік, масса, заряд, уақыт) есептің барлық бөліктері автоматты түрде формула арқылы есептелді (Сурет 4). Бұл тәсіл оқушыға формулаларды қайталап қолданбай-ақ, тек бастапқы мәндерді өзгерту арқылы нәтижені бірден көруге мүмкіндік береді.

N	vx, м/с	vy0, м/с	E, В/м	l, м	e, Кл	m, кг	t, с	ay, м/с ²	y1, м	y2, м	y, м	vy, м/с	tga
1	4.00E+07		1500				7.5E-09	-2.634E+14	0.0045	-0.0074094	-0.00290944	-1375850.714	-0.03439627
2	5.00E+07	6.00E+05	1600	0.3	1.60E-19	9.11E-31	6E-09	-2.81E+14	0.0036	-0.0050582	-0.001458178	-1086059.276	-0.02172119
3	6.00E+07		1700				5E-09	-2.986E+14	0.003	-0.0037322	-0.000732162	-892864.9835	-0.01488108

Сурет 4 –MS Excel электрондық кестесінде сандық модельдеу


Модельдеу нәтижесінің дұрыстығына көз жеткізу мақсатында есеп Python және MATLAB платформаларында кодталып, алынған нәтижелер салыстырылды (Сурет 5). Әртүрлі цифрлық ортада бір есептің шешімі бірдей нәтиже бергені есептің сенімділігі мен есептеу дәлдігін дәлелдейді.



Сурет 5 – Электрон қозғалысының MS Excel-дегі нәтижелерін MatLab және Python бағдарламаларында код арқылы тексеру

Бұл әдіс оқушыларға физикалық заңдылықтарды тек жаттап қана қоймай, оларды цифрлық құралдар арқылы зерттеу, бақылау және сараптау дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқыту процесін жеделдетіп, есептің мәнін терең түсінуге жол ашады.


MS Excel электрондық кестесінде $y(t)$ және $E(tga)$ тәуелділіктері бойынша графиктер тұрғызамыз (Сурет 6). Графиктердің дұрыстығын тексеру үшін сол тәуелділіктерді MATLAB платформаларында да кодтап, графиктерді салыстырамыз (Сурет 7):



Электр өріс неғұрлым күшті болса, электронның траекториясы соғұрлым төмен қарай іледі.



Электронның конденсатор ішінде өткізген уақыты неғұрлым ұзақ болса, оның вертикаль ырғусы соғұрлым үлкен болады (төмен түседі).



Сурет 6 – MS Excel электрондық кестесінде бағдарламасындағы $E(tga)$ және $y(t)$ тәуелділік графиктері

Сурет 7 – MatLab $E(tga)$ және $y(t)$ тәуелділік графиктері

Қозғалыс сипаты визуалды түрде көрсетілді. Бұл оқушыға параметр өзгерген сайын нәтиженің қалай өзгередінін көзбен көруге мүмкіндік береді. Жоғарыдағы эксперименттік есеп бойынша барлық әрекеттерді орындап болған соң, өзіңіздің жұмысыңызды қорытындылаңыз.

Келесі дәл осы бағытта А.П.Рымкевич кітабынан алынған №938 программалық есепті қарастырып көруге болады [8].

Тапсырманың қойылуы: Тербелмелі контурдағы энергияның сақталуы және тоқтың уақыт бойынша өзгерісі

Мақсаты: Тербелмелі контурдағы электр және магнит өрістерінің энергияларын анықтау, ток күші мен кернеудің уақыт бойынша өзгерісін зерттеу.

Берілгені: Тербелмелі контурда конденсатор сыйымдылығы C , катушканың индуктивтілігі L , және сызықтық кедергі беріледі. Контурда бастапқы кезде конденсатордағы кернеу U . Табындар: 1) I ток күшінің амплитудасын; 2) W толық энергияны; 3) электр өрісіндегі энергияны $W_{эл}$; 4) магнит өрісіндегі энергияны $W_{м}$; 5) I ток күшінің лездің мәнін.

Енді MS Excel электрондық кестесінде есептің математикалық моделін құрамыз (Сурет 8):

Тербелмелі контур		Тербелмелі контурдағы энергияның сақталуы	
Мақсаты: Тербелмелі контурдағы электр және магнит өрістерінің энергияларын анықтау, ток күші мен кернеудің уақыт бойынша өзгерісін зерттеу.		Есептің шешімі:	
Берілгені: Тербелмелі контурда конденсатор сыйымдылығы C , катушканың индуктивтілігі L , және сызықтық кедергі беріледі. Контурда бастапқы кезде конденсатордағы кернеу U . Табындар: 1) I ток күшінің амплитудасын; 2) W толық энергияны; 3) электр өрісіндегі энергияны $W_{эл}$; 4) магнит өрісіндегі энергияны $W_{м}$; 5) I ток күшінің лездің мәнін.		Есептің шешімі:	
Шешуі:		Төңдеу:	
Берілгені: Тербелмелі контурда конденсатордың электр өрісінде және катушканың магнит өрісінде энергия жиналады. Бұл жүйеде энергия сақталып және бір түрдегі энергия екінші түрге ауыса береді.		Жауабы:	
Тербелмелі контурдағы ток пен кернеу арасында мынадай байланыс бар:		1) $I_m = U \sqrt{\frac{C}{L}}$	
Тербелмелі контурдағы ток пен кернеу арасында мынадай байланыс бар:		2) $W = \frac{1}{2} C U^2$	
Тербелмелі контурдағы ток пен кернеу арасында мынадай байланыс бар:		3) $W_{эл} = \frac{1}{2} C U^2$	
Тербелмелі контурдағы ток пен кернеу арасында мынадай байланыс бар:		4) $W_{м} = \frac{1}{2} L I^2$	
Тербелмелі контурдағы ток пен кернеу арасында мынадай байланыс бар:		5) $I = \frac{U}{\sqrt{L/C}}$	

Сурет 8 – Электронның электр өрісіндегі қозғалысына арналған математикалық модель, есептің шешу жолы және нәтижесі

Есепті жүйелі түрде шығару және MS Excel электрондық кестесінде автоматты модельдеу жасау үшін келесі алгоритм бойынша жұмыс жүргізіледі (Сурет 9):

параметрлер өзгерісі арқылы нәтижеге ықпалын түсінуге, есеп құрылымын жүйелі талдауға бағытталған.

Модельдеу арқылы:

- шамалар арасындағы тәуелділікті графикалық жолмен көрсетуге мүмкіндік туады;
- оқушының аналитикалық ойлау, салыстыру, қорытындылау дағдылары дамиды;
- цифрлық сауаттылық пен зерттеушілік құзыреттілік қалыптасуына негіз қаланады.

Осы ұсынылған тапсырмалар — сандық модельдеуді физика сабағында қолданудың тиімді жолы ретінде ұсынылып отыр. Әсіресе, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне, параметрлерді өзгерте отырып нәтиже алуға және физикалық мағынасын ұғынуға ықпал ететіні көрсетілді.

Сонымен қатар, ұсынылған есептер Python және MATLAB платформаларында кодталып, модельдеу нәтижелері MS Excel электрондық кестесінде алынған деректермен салыстырылды. Бұл бірнеше цифрлық құралдардың өзара байланысын көрсетті.

Қорытынды. Осы зерттеуде физика сабақтарында сандық модельдеу тәсілдерін қолдану арқылы есеп шығарудың әдістемелік мүмкіндіктерін қарастырдым. Екі есептің мысалында есептің құрылымын модельдеу, график тұрғызу, нәтиже алу және оны Python, MATLAB сияқты цифрлық ортада тексеру жолдары көрсетілді. Бұл тәсілдер арқылы оқушылардың тек формуланы қолдануы емес, есептің физикалық мәнін тереңірек түсінуіне мүмкіндік беретін жолдарды анықтадым.

Зерттеу барысында аналитикалық, синтетикалық және эвристикалық тәсілдер бір-бірімен ұштастырылып қолданылды. Бұл — оқушының логикалық ойлау қабілетін, өз бетінше шешім қабылдауын және сандық құралмен жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті.

Бастапқыда қойылған міндеттер — цифрлық құралдарды пайдалану арқылы есепті модельдеу, оның тиімділігін анықтау, және бұл процесті оқушылардың STEM құзыреттілігін дамытуда қолдану — толықтай орындалды деп есептеймін.

Қорытындылай келе, сандық модельдеуді физика сабағында қолдану оқушының теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, зерттеушілік бағыттағы ойлауын дамытуға және есепті шешу процесін терең ұғынуына мүмкіндік береді. Бұл әдісті болашақта оқу процесіне енгізуге болатын тиімді әдістемелік құрал ретінде ұсынамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қырғызхан Г. А. САНДЫҚ БІЛІМ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. — 2020. — Т. 1. — №. 64. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/45/44>
2. Сардарова Ж.И. Болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. — 2022. — №2 (73). — Б. 59–67. <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/download/1218/683>
3. Bakhisheva S., Kinzhekova R., Kemesheva A. Цифрлық қоғам дәуіріндегі оқыту моделі: аралас оқытудың педагогикалық дизайны //Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». — 2022. — Т. 73. — №. 4. — С. 62-75. <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/download/1631/734>
4. Мендекенова А. Д., Джусубалиева Д. М. Сандық технологияларды қолдану арқылы ЖОО-ның білім беру процесінде кәсіби-негізделетін құзыреттілікті қалыптастыру // Вестник КазНПУ имени Абая / серия педагогических наук. — Алматы, 2024. — № 2 (82). — С. 227–235. — ISSN 2759-5754. <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v74.i1.05>

5. Жусупкалиева Г. и др. Физикалық есептерді шығару процесінде STEM технологиясын қолдану //«Вестник НАН РК». – 2023. – Т. 404. – №. 4. – С. 119-130. <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/download/5646/4024>

6. Ramankulov S. Z. et al. STEM-МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНЫҢ «ЭНЕРГИЯ» ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ //Bulletin of Abai KazNPU. Series of Physical and Mathematical sciences. – 2023. – Т. 83. – №. 3. – С. 237-245. <https://bulletin-phmath.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/1491/901>

7. ДОСЫМОВ Е., УАЛИХАН А., Бакиржанкызы А. «АТОМ ФИЗИКАСЫ» КУРСЫН STEM БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ //Вестник университета Ясави. – 2025. – Т. 1. – №. 135. – С. 432-443. <http://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/download/4960/999>

АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ КОРМОВОЙ БАЗЫ БИТИКСКОГО ВОДОХРАНИЛИЩА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Днекешев Бекзат Аманжолович
магистрант

Атырауский университет имени
Х.Досмухамедова

Бисенов Утепберген Кошербаевич
ассоциированный профессор к.б.н.

Кафедра биологии и рыбного хозяйства
Атырауский университет имени
Х.Досмухамедова

Аннотация

В работе представлен гидробиологический анализ Битикского водохранилища (полевая кампания 2024 г.). Проведен сбор зоопланктона и зообентоса на нескольких точках гидробиологического отбора проб, таксономическая идентификация выполнена морфологически с выборочной верификацией. Рассчитаны основные индексы разнообразия и проведен сравнительный анализ структуры сообществ. Установлены пространственные различия в составе биоты, выявлены виды-индикаторы.

Аңдатпа

Жұмыста Битик су қоймасының гидробиологиялық талдауы ұсынылған (2024 далалық науқан). Гидробиологиялық іріктеудің бірнеше нүктелерінде зоопланктон мен зообентос жиналды, таксономиялық сәйкестендіру таңдамалы верификациямен морфологиялық орындалды. Өртүрліліктің негізгі индекстері есептеліп, қауымдастық құрылымына салыстырмалы талдау жасалды. Биота құрамындағы кеңістіктік айырмашылықтар анықталды, индикатор түрлері анықталды.

Abstract

This paper presents a hydrobiological analysis of the Bitik Reservoir (field campaign 2024). Zooplankton and zoobenthos were collected at several hydrobiological sampling points, and taxonomic identification was performed morphologically with selective verification. The main diversity indices were calculated and a comparative analysis of community structure was performed. Spatial differences in biota composition were established and indicator species were identified.

Ключевые слова: Западно-Казахстанская область, Битикское водохранилище, кормовая база, индекс разнообразия Shannon, зообентос, зоопланктон, виды-индикаторы.

Негізгі сөздер: Батыс Қазақстан облысы, Битик су қоймасы, Жем базасы, Shannon әртүрлілік индексі, зообентос, зоопланктон, индикатор түрлері.

Keywords: West Kazakhstan Region, Bityk Reservoir, food base, Shannon diversity index, zoobenthos, zooplankton, indicator species.

Введение. Обеспечение устойчивой кормовой базы является ключевым условием рационального ведения рыбного хозяйства в искусственных и полупроточных водоёмах региона. Зоопланктон и зообентос выступают основными компонентами трофической базы для большинства промысловых и промыслово-значимых видов рыб, поэтому регулярный

мониторинг их видового состава, численности и биомассы необходим для оценки пригодности водоёма для воспроизводства и нагула рыб. Анализ кормовой базы позволяет выявить пространственную и сезонную изменчивость сообществ, определить виды-индикаторы состояния экосистемы и обосновать рекомендации по дальнейшему мониторингу и управлению ресурсами. Битикское водохранилище расположено в Акжайыкском районе Западно-Казахстанской области и занимает промежуточное положение в каскаде Урало-Кушумской оросительно-обводнительной системы. Для водоёма характерны мелководные участки, значительная зарослость прибрежной зоны и частичная проточность, вызванная периодическими притоками и сброской воды из вышестоящих гидроузлов.

По результатам полевого обследования 2024 года гидрохимические параметры в целом соответствуют рыбохозяйственной категории водоёмов, однако наблюдаются локальные участки с повышенной органической нагрузкой и риском гипоксии при заморах.

Эти особенности формируют неоднородные гидрологические и трофические условия по акватории и обуславливают высокую пространственную изменчивость гидробиоты.



Рисунок 1 - Битикское водохранилище (спутник, Google Earth)

Цель данного исследования - оценить структурно-функциональные характеристики зоопланктона и зообентоса Битикского водохранилища и определить их значимость как кормовой базы для промысловой ихтиофауны с формированием практических рекомендаций для мониторинга и управления.

Материал и методы исследований. Исследуемое Битикское водохранилище площадь которого в последние годы сократилась до 1165 га (33 % от площади, указанной в рыбохозяйственном паспорте). Схема Битикского водохранилища с указанием точек отбора проб представлена на рисунке 2.



Рисунок 2 - Схема Битикского водохранилища:
 ● - точки гидробиологического отбора проб

Материалы собирали на Битикском водохранилище (Западно-Казахстанская область) в летний и осенний периоды 2024 г. в соответствии с программой НИР магистранта. Отбор и камеральная обработка проб для оценки состояния кормовых ресурсов рыб выполнялись по стандартным гидробиологическим методикам [2, 3] с последующей таксономической идентификацией. Для анализа кормовой базы осуществлён целенаправленный отбор проб зоопланктона и макрозообентоса. Определены так же видовой состав, численность и биомасса основных кормовых организмов. Дополнительно рассчитан базовый индекс разнообразия Shannon и выделены виды-индикаторы состояния водоёма.

Индекс разнообразия Шеннона (H').

Расчёт выполнен по долям трёх групп зоопланктона (*Rotifera*, *Cladocera*, *Copepoda*) отдельно для численности (тыс. экз./м³) и биомассы (мг/м³) [7]:

$$p_i = \frac{X_j}{\sum_{j=1}^S X_j}, H' = \sum_{i=1}^S p_i \ln p_i \quad (S = 3, \ln = \text{натуральный логарифм})$$

Зоопланктон. На каждой станции формировали интегральную пробу заданного объёма и сразу же фильтровали её через сеть Джеди из мельничного газа марки 13xxx (размер ячеек 100 мкм). Полученный концентрат доводили до конечной концентрации 4% раствора формалина и герметично укупоривали. В лабораторных условиях пробы приводили к рабочему объёму, после чего выполняли камеральный анализ в камере Богорова при увеличении ×16: определяли таксономический состав до принятого уровня, проводили учёт численности и формировали сводные ведомости [6].

Макрозообентос. Отбор осуществляли трёхкратными повторностями дночерпателем Петерсена с площадью захвата 1/40 м² (суммарная площадь отбора на станцию - 3/40 м²). Добытый субстрат тщательно промывали от минеральных илуviй через мельничный газ 52GG с размером ячеек 335 мкм, отфильтрованный остаток переносили в ёмкости. Живых беспозвоночных отбирали непосредственно на месте и фиксировали 90%-ным этиловым спиртом. В лаборатории фиксатор заменяли на 70% этанол для долгосрочного хранения. После двухнедельной стабилизации биомассы пробы разбирали, выполняли определение основных

таксонов по соответствующим определительным таблицам [1, 4], а также проводили взвешивание и подсчёт организмов с последующей систематизацией данных.

Результаты исследований. По материалам учёта 2024 г. в зоопланктоне Битикского водохранилища суммарно отмечено 17 таксонов трёх основных групп: *Rotatoria*, *Cladocera* и *Copepoda*. Видовое богатство в августе составило 11 видов, в сентябре - 9 видов, что отражает умеренное сезонное сокращение состава.

Основные данные состава организмов зоопланктона на Битикском водохранилище представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Изучаемый таксономический состав организмов зоопланктона Битикского водохранилища, август, сентябрь 2024 г.

№	Название вида	Встречаемость, август 2024г.	Встречаемость, сентябрь 2024г.
<i>Rotatoria</i> – Коловратки			
1	<i>Polyarthra spp. Ehrenberg</i>	+	+
2	<i>Asplanchna sp. Gosse</i>	+	+
	Итого: 2	2	2
<i>Cladocera</i> – Ветвистоусые			
1	<i>Alona sp. Sars</i>	–	–
2	<i>Bosmina longirostris (O. F. Müller)</i>	+	+
3	<i>Ceriodaphnia sp. Sars</i>	+	+
4	<i>Chydorus sp. Kurz</i>	–	–
5	<i>Chydorus sphaericus (O. F. Müller)</i>	+	+
6	<i>Diaphanasoma brachiurum (Liévin)</i>	+	+
7	<i>Daphnia cucullata G. O. Sars</i>	+	+
8	<i>Daphnia sp. O. F. Müller</i>	+	+
9	<i>Disparalona sp. Koch</i>	+	–
10	<i>Picripleuroxus sp. Birge</i>	–	–
	Итого: 10	7	6
<i>Copepoda</i> – Веслоногие			
1	<i>Eurytemora affinis (Poppe)</i>	–	–
2	<i>Eurytemora sp. (Sars)</i>	–	–
3	<i>Eudiaptomus sp. Kiefer</i>	+	–
4	<i>Eucyclops sp. (G. O. Sars)</i>	–	–
5	<i>Mesocyclops sp. Sars</i>	+	+
	Итого: 5	2	1
	Всего: 17	11	9

Rotatoria (коловратки). Отмечены *Polyarthra spp.* и *Asplanchna sp.* Оба таксона фиксировались стабильно в августе и сентябре. Постоянное присутствие коловраток указывает на поддержание типичного для продуктивных мелководных водоёмов планктонного комплекса.

Cladocera (ветвистоусые). Всего учтено 10 таксонов, из них шесть формировали «ядро» сообщества с непрерывной встречаемостью в оба срока: *Bosmina longirostris*, *Ceriodaphnia sp.*, *Chydorus sphaericus*, *Diaphanasoma brachiurum*, *Daphnia cucullata* и *Daphnia sp.* Таксон *Disparalona sp.* отмечен только в августе, тогда как *Alona sp.*, *Chydorus sp.* и *Picripleuroxus sp.* в данном цикле наблюдений не зарегистрированы. В целом по группе в августе зафиксировано 7 видов, в сентябре - 6 видов, что свидетельствует о относительной стабильности кладоцер при небольшом сезонном снижении разнообразия.

Copepoda (веслоногие). Из 5 таксонов, учтённых суммарно, в августе наблюдались *Eudiaptomus sp.* и *Mesocyclops sp.*, а в сентябре сохранялась только *Mesocyclops sp.* (прочие таксоны - без находок в рассматриваемый период). Таким образом, для веслоногих характерно сезонное сокращение видового состава к началу осени при устойчивом присутствии *Mesocyclops sp.*

Сообщество зоопланктона Битикского водохранилища характеризуется доминированием кладоцер, постоянным участием коловраток и умеренной сезонной динамикой веслоногих, что типично для мелководных водоёмов с развитой прибрежной растительностью.

По результатам учётов суммарная численность зоопланктона составила 19,9 тыс. экз./м³ в августе и 7,5 тыс. экз./м³ в сентябре (среднее за период - 13,7 тыс. экз./м³). В августе по численности доминировали *Cladocera* (11,3 тыс. экз./м³ - 56,8 %), при участии *Copepoda* (5,6 тыс. экз./м³ - 28,1 %) и *Rotifera* (3,0 тыс. экз./м³ - 15,1 %). В сентябре доля *Copepoda* увеличилась до 45,3 % (3,4 тыс. экз./м³), при снижении *Cladocera* до 29,3 % (2,2 тыс. экз./м³) и *Rotifera* до 25,3 % (1,9 тыс. экз./м³). В целом численность к осени снизилась в 2,6 раза.

Таблица 2 – Количественные показатели зоопланктона Битикского водохранилища, август, сентябрь 2024 г.

№	Группы	август, 2024 г.	сентябрь, 2024 г.	Среднее
Численность, тыс. экз/м ³				
1	<i>Rotifera</i>	3,0	1,9	2,45
2	<i>Cladocera</i>	11,3	2,2	6,75
3	<i>Copepoda</i>	5,6	3,4	4,5
Всего:		19,9	7,5	13,7
Биомасса, мг/м ³				
1	<i>Rotifera</i>	5,22	3,41	4,315
2	<i>Cladocera</i>	97,2	10,91	54,055
3	<i>Copepoda</i>	220,4	55,6	138
Всего:		322,82	69,92	196,37

Қазіргі білім берудің маңызды және өзекті міндеттерінің бірі – бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындау. Бұл міндетті шешу ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) көмегінен мүмкін емес. Соңғы онжылдықта оқу процесіне компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар белсенді түрде енгізілуде, ал АКТ-ның маңызы тек білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар қызметтің кез келген басқа саласында да қарқынды өсуде.

Химияны оқытуға арналған интерактивті оқыту тапсырмалары (ИКТ) осы мәселелердің кейбірін шешуге көмектесетін құралдардың бірі болып табылады. ИКТ оқушылардың химияны оқуға деген ішкі мотивациясын дамытады, ақпаратты іздеуді және беруді жеңілдетеді, оқуды көрнекі етеді және оқу процесінде белсенділікке негізделген тәсілді қолдануға және оқытуды даралауға ықпал етеді. Бұл құжат білім беру процесінде ИКТ қолдану мүмкіндігін ұсынады.

Интерактивті әдістерді, инновациялық технологияларды, педагогикалық ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдалануға қызығушылық артып келеді. Себебі, дәстүрлі оқыту оқушыға дайын білім берсе, заманауи технологиялар өз бетінше ізденуге, зерделеуге, талдауға, қорытынды жасауға үйретеді. Мұғалімнің бейіндік пәндердің негіздерін оқытуды дәстүрлі емес форматта ұйымдастыру, оқу үдерісін белгіленген стандарттар негізінде құрастыру және бұл жобаларды сауатты пайдалана білуі жан-жақты, терең теориялық білімге, практикалық дағдылар мен құзыреттерге кепілдік береді. Химия сабағының бірнеше түрі бар. Нақтырақ айтсақ, оларды түсіндіру кезінде әдіс-тәсілдерді, міндеттерін анықтап, олардың қолданылуын, жалпы әдістерін, догматикалық әдістерді, иллюстрациялық әдістерді, эвристикалық әдістерді және т.б. Оқыту әдісі дегеніміз – мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың мақсатты, бірлескен іс-әрекеті. Химияны оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1. Химияны оқытудың мазмұны мен әдістемесі тәжірибеге негізделген теориялық ғылым.

2. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті ойлау жақтарын дамытуға бағытталған, заттың нақты қасиеттерін, күйін, қасиеттерін, құрылысын, құрамын өзгерту, т.б., оқушыларды ойлауға жетелейді. Әрбір әдісті тәрбиелік, дамытушылық қызметтерді тиімді орындайтын процесте қолдану мақсатқа сай.

Сондықтан мұғалім әрбір әдісті таңдағанда барлық үш функцияның тиімді орындалуына назар аударуы керек.

Әдістерді оңтайлы таңдауда проблемалар бар. Содан кейін келесіге назар аудару керек.

- Оқытудың заңдылықтары мен принциптері.
- Оқытудың мақсаты мен міндеттері.
- Ғылым мазмұны мен зерттелетін пәннің мазмұны мен органикалық үйлесімділігі.
- Оқушылардың оқу мүмкіндіктері. (жас, дайындық деңгейі, сынып ұжымының ерекшеліктері)

Сыртқы жағдайлардың ерекшеліктері.

- Мұғалімнің өз мүмкіндіктері.

Оқыту әдістерінің құрылымы әртүрлі және олар белгілі бір процестің жетілдірілуімен үнемі дамып отырады.

Химияны оқыту әдістемесі әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Әдіс – бұл «жол». Ол догматикалық, иллюстративті, эвристикалық болуы мүмкін. Оқытудың догматикалық әдісі – мұғалімнің оқу материалын ауызша, көрнекі құралдарды қолданбай, дәлелдеусіз, тек оқушыларды қайталауға, есте сақтауға тарту арқылы баяндауы.

Оқытудың иллюстрациялық әдісі – мұғалім оқушыға дайын білімді түсіндіру үшін әртүрлі арнайы әдістерді қолданады. Олар: мұғалімнің түсіндіруі, оқулықпен жұмыс, магнитофонмен жұмыс және т.б. Мұндай көрмелер эксперименттерде, макеттерде, нұсқаулық кестелерде қолданылады. Мұғалім көрсетеді, түсіндіреді.

Зертханалық тәжірибелер. Химияда интерактивті әдістерде қолдануға болатын кейбір экспонаттар.

«Бақылау сынағы»: бұл әдісті химиялық элементтер, атом құрылысы, периодтық жүйе және басқа барлық тақырыптар бойынша қосымша зерттеулер жүргізу үшін пайдалануға болады. Бұл әдісті қолдану үшін біз келесі иллюстрацияны қолданамыз, яғни 60-80 үлкен химиялық элементі бар үлкен плакат және әрбір элементте шағын (көрінбейтін) реттік нөмірі бар. Химиялық элементтер Менделеевтің периодтық жүйесінен таңдалады

Реттік нөмірі плакаттың көлеміне байланысты, бірақ плакатқа сурет салу кезінде химиялық элементтер кездейсоқ орналастырылады және плакатта «Бақылау сынағы» деп жазылған. Бұл әдісті жоғарыда аталған тақырыптар бойынша ойын түрінде, топ басшыларының ішінде топта немесе әр сабақта оқушылардың периодтық жүйедегі дағдыларын дамытуға көмектесуге болады.

Бұл жағдайда бір оқушы тақтаға шығып, бір минут ішінде химиялық элементтерді бір-бірден атау керек, басқа оқушыларда айтуға көмектесе алады. Егер студент 1 минуттық кезеңде ең көп элементті тапса, ол студент ең жоғары бағамен немесе ұпаймен бағаланады. Осылайша мұғалім оқушылардың периодтық жүйемен үнемі әрекеттесуін және химиялық элементтердің белгісін есте сақтаудың қызықты болуын қамтамасыз етеді.

Химияны оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың бірнеше мысалын келтірейік. Оларға: «Білім қоры», «Текше ойыны», «Білім үйі», «Жұмбақ сандық», «Мерген ойыны» және т.б.

Еліміздің ертеңі, халқымыздың болашағы, еліміздің әлемдік қауымдастықтағы беделі ең алдымен балаларымыздың өсіп-өніп, қандай адам болып қалыптасуына байланысты. «Білім берудің жаңа моделі қоғамда азат ойлы жеке тұлғаның қалыптасуына жол ашады. Біз өз қадір-қасиетін сезінетін, ерік-жігері берік, сенімі берік, өмірлік мақсаты айқын тұлғаларды тәрбиелеуге мүмкіндік аламыз».

Бұдан шығатыны, жаңа жағдайда білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеті өнеркәсіп саласы үшін білікті мамандарды даярлау болады.

Мектептерде химияны оқытудың тиімділігін арттыру міндеттері әртүрлі әдістер арқылы шешіледі. Бұл мақсатқа жетудің мүмкін жолдарының бірі – мұғалімдер жұмысына оқу ойындарын енгізу. Мұндай ойындардың химияны оқытудағы рөлін айта отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырумен қатар, зейінін жинақтау, қиындықтарды өз бетінше жеңу, тез шешім қабылдау қабілеттерін дамытатынын атап өткен жөн. Олардың қиялы, зейіні, сөйлеуі, есте сақтау қабілеті де дамып, күрделі химиялық ұғымдарды игеріп, есте сақтауы да оңай. Тіпті ең пассивті студенттер де топтық ойындарда құрдастарымен бірге жүруге бар күш-жігерін салады. Ойын барысында оқушылар ой-өрісін кеңейте отырып, жаңа білім мен дағдыларды меңгереді. Оқыту ойындары балалардың оқу-танымдық іс-әрекетке байқаусызда кірісіп, күрделі материалды түсінуге, есте сақтауға және кейінірек еске түсіруге жағдай жасайды.

Дидактикалық ойындарды сабақтарда өтілгенді қайталау және қорытындылау, оқушылардың білімін бағалау және басқа мақсаттарда қолдануға болады. Осы сабақтардың барлығында жаңа да, бұрын өтілген материал да талқыланып, басқа пәндермен байланыс орнатылады. Ойындарды оқыту нысаны ретінде пайдалану тіпті жалықтыратын тақырыптарды да оқушылар үшін қызықты және тартымды етеді. Мұғалімнің міндеті – сабақта ойынды өткізу әдістемесін әзірлеу (бұл тұтас сабақ немесе 10-15 минуттық үзінділер болуы мүмкін), ойынға бәсекелестік элементті енгізу, бағалау жүйесі мен ұпайларды таңдау, ойынның шарттары мен ережелерін студенттерге алдын ала хабарлау. Міне, химия сабағында қолданылатын дидактикалық ойындар [3, с. 49].

«Химияны қыздыру». а) Одан да қысқа жауаптары бар қысқа сұрақтар;

ә) Формулалар жазылған карточкаларды көрсету, оқушылар оларды атайды және керісінше;

в) Формулалар немесе атаулары бар карталарды бір-біріне көрсетіп, сыныпты топтарға бөлу.

«Әртүрлі». Бейорганикалық заттардың кластарына және басқа санаттарға сұрыпталуы қажет формулалары бар көптеген карталар. Басқа принциптерге негізделген классификациялар да ұсынылуы мүмкін.

Мысалы, Fe_2O_3 , H_2CO_3 , K_3PO_4 , $\text{Ca}(\text{OH})_2$, SO_3 , $\text{Cu}(\text{OH})_2$, P_2O_5 , H_2SO_4 , CuO , $\text{Zn}(\text{OH})_2$, HNO_3 , $\text{Mg}(\text{OH})_2$, Na_2CO_3 , H_3PO_4 , $\text{Ba}(\text{OH})_2$, Al_2O_3 , NaCl

Факультативтік сабақтарды тиімді ұйымдастыру оқушыларға жеке-радикалды көзқарасты қолданбай мүмкін емес. Химияны оқытуда саралау ерекше маңызды. Бұл тақырыптың ерекшелігіне байланысты: Кейбір оқушыларға химия игерімі айтарлықтай қиындықтармен байланысты, ал басқалары тақырыпты зерттеу қабілеттерін білдірген. Химиядағы білімнің беріктігі проблемасын деңгейлерді саралау технологиясы арқылы шешуге болады.

Жалпы заманауи инновациялық технология оқушылардың әртүрлі білім беру іс-шараларына және танымдық белсенділікке қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Химияны оқытуда ойын технологиялары жиі қолданылады, сабақтар - ойындар өткізіледі. Мысалы, 10-сыныптағы органикалық химияны зерттеуде: «Максималды көмірсутектер», «Көмірсутектер» ойынды оқыту технологиясы пән бойынша білім оқушылардың күшті ассимиляцияға қол жеткізуге көмектеседі.

Инновациялық технологияларды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады: химиялық жылыту, жаңа материалды түсіндіру кезеңінде, білім, дағдыларды түзету. Ақпараттық технологиялар сабақтарды жарқын және мазмұнды етеді, студенттердің және олардың шығармашылық күштерінің танымдық қабілеттерін дамытады. Бұл проблемалар мультимедиялық сабақтардың технологиясы арқылы шешіледі. Анимация, дыбыстық және динамикалық әсерлердің арқасында оқу материалы есте қаларлық болады, оны үйрену оңай. Химия сабағында компьютерлік бағдарламаларды қолдану әдеттегі сабақта мүмкін емес нәрсені көруге мүмкіндік береді: химиялық процесті модельдеу, қауіпті реакция жасау [2, с. 256].

Оқушылар сабақтарды құруға белсенді қатысады (ақпаратты іздеу және жүйелеу), осылайша тақырып бойынша өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастырады, сонымен қатар ақпараттық компьютерлік технологияларды иелену дағдыларына ие. Сабаққа дайындық кезінде оқушылар интернет-ресурстарды, білім беру учаскелерін сабақтың тақырыптары бойынша қосымша жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ақпарат өрісі ретінде пайдалана алады. Компьютерлік инновациялық технология – бұл оқу құралы, сонымен бірге бұл ерекше байланыс түрі. Инновациялық технологиялардың ерекшелігі – көп функционалдылық, тиімділік, өнімділік, қанықтылық, оқушылардың тез және тиімді шығармашылық өзін-өзі шығарған мүмкіндігі, олар үшін жеке білім беру траекториясының болуы.

Интернеттегі білім беру жобалары оқушыларға компьютер құралдары арқылы оқушыларға қызығушылықпен, қажеттіліктермен тақырып таңдауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан іс-шараларға қатысу, жеке жаттығу траекториясы салынады. Әр түрлі олимпиадаларға, конкурстар мен жобаларға қатысатын оқушылар одан әрі оқыту үшін профильді таңдаумен анықталады. Факультативтік сабақтарға инновациялық технологиялар арқылы білім беру жобаларына қатысуға маңызды себептер: жаңа білім игеру, өз күштеріңізді бағалау, білім беру қызметін ұйымдастырудың жаңа формаларын білуге мүмкіндік береді. Білім берудің жаңа моделін іске асырудың басым міндеттерінің бірі оқушылардың жетістіктерін бағалаудың ашық объективті жүйесін құру арқылы білім беру қызметтеріне сұранысты бағалау тетіктерін қалыптастыру болып табылады. Осылайша, компьютерлік технологияны қолдану сабақтың тығыздығының жоғарылауынсыз, ассимиляция сапасына нұқсан келтірмейді, мұғалімге сабақ қарқынын арттыруға мүмкіндік береді, ойландыратын, білімді тестілеуді жақсы білуге көмектеседі. Мұның бәрі оқу деңгейін жоғарылатады және студенттерге тақырыпқа қызығушылық тудырады.

Қазіргі уақытта білім беруді дамытудың негізгі бағыттары талқылануда. Жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл жүйенің негізгі сипаттамасы – оқушылардың шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігі педагогикалық технологиялармен анықталады. Қазіргі оқу үдерісін оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жаңа, тиімдірек технологияларды іздеусіз елестету мүмкін емес. Білім беру технологиялары кәсіби шеберлікті арттыру және қоғам білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаттарға жету үшін орасан зор әлеует ұсынады.

Осылайша, инновациялық технологияларды қолдану оқушының құзыреттілігін арттырады, шығармашылық ойлауын дамытады, қабілеттерін белсендіреді, оқудың тиімділігін арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Сластенин В.А. Педагогика: инновационная деятельность. -М.: Магистр, 1997. -224с.
2. Хуторсий А.В. Педагогическая инноватика. –М.: Издательский центр «Академия», 2008. -256с.
3. Абкин Г.Л., Задачи и упражнения по химии. –М.: Просвещение
4. Хуторский А.В., Педагогическое инноватика: методология, теория, практика. Научное издание. –М.: Изд-во УНЦ ДО, 2005.
5. Инновации в общеобразовательной школе. Методы обучения. Сборник научных трудов/ Под ред. А.В. Хуторского. –М.: ГНУ ИСМО РАО, 2006
6. Пидкасистый П.И., Педагогика. –М.: Педагогическое общество, 2006. -151с.
7. Арсеньев А.М., Факультативные занятия в школе// Советская педагогика, 1968.

ТОПЫРАҚ ЭРОЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Даменова Айгүл Касеновна

М.Х.Дулати атындағы Тараз
университеті, «Білім берудегі тарих және
география кафедрасы» доцент.

Асан Алтынай Ерланқызы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
6B01506 География мұғалімдерін
даярлау, студент.

Андатпа

Бұл мақалада топырақ эрозиясы жер ресурстарын деградациялаудың маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылып, оның ауыл шаруашылығына тигізетін әсері зерттеледі. Мақалада эрозияның түрлері табиғи және адам әрекеттерінен туындайтын себептері, сондай-ақ оның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдары талданады. Арнайы назар топырақты қорғау және эрозияны азайту әдістеріне аударылады, оның ішінде агротехникалық, инженерлік және орман-мелиоративтік тәсілдер, сонымен қатар халықаралық және Қазақстандық тәжірибе қарастырылады. Жұмыс топырақ құнарлылығын сақтау және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға бағытталған кешенді көзқарасты қалыптастыруға арналған.

Аннотация

В данной статье почвенная эрозия рассматривается как один из важнейших факторов деградации земельных ресурсов и исследуется ее влияние на сельское хозяйство. В статье анализируются виды эрозии, причины, возникающие вследствие природных процессов и человеческой деятельности, а также ее экономические, экологические и социальные последствия. Особое внимание уделяется мерам по защите почв и снижению эрозии, включая агротехнические, инженерные и лесомелиоративные методы, а также рассматривается международный и казахстанский опыт. Работа направлена на формирование комплексного подхода к сохранению плодородия почв и устойчивому развитию сельского хозяйства.

Annotation

This article examines soil erosion as one of the key factors contributing to land resource degradation and studies its impact on agriculture. The paper analyzes the types of erosion, the causes arising from natural processes and human activities as well as its economic, ecological and social consequences. Special attention is given to soil protection and erosion control measures, including agrotechnical, engineering, and forest reclamation methods, along with an overview of international and Kazakhstani experience. The study aims to develop a comprehensive approach to preserving soil fertility and promoting sustainable agricultural development.

Негізгі сөздер: топырақ эрозиясы, ауыл шаруашылығы, жер деградациясы, экологиялық тұрақтылық, табиғатты қорғау.

Топырақ-адам өмірін қамтамасыз ететін және ауыл шаруашылығының дамуын қолдайтын негізгі және алмастырылмайтын табиғи ресурс. Ол биологиялық әртүрлілікті сақтауда, заттар айналымында, су және газ балансын реттеуде маңызды рөл атқарады. Құнарлы қабатты сақтау-қоғамының тұрақты дамуы үшін маңызды фактор. Қазіргі ауыл шаруашылығы көптеген қиындықтарға тап болады, соның ішінде топырақ эрозиясы-табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен жоғары топырақ қабатының бұзылуы мен жылжуы-ерекше орын алады. Соңғы онжылдықта топырақ эрозиясы әлемдік ауқымда өзекті экологиялық және экономикалық проблемаға айналды. Бұл тақырып өзекті, себебі жыл сайын миллиондаған гектар құнарлы жерлер эрозияға ұшырап, өнімділіктің төмендеуіне, жердің деградациясына және экономикалық шығындарға әкеледі. Кіріспеде мәселенің қазіргі жағдайы, зерттеу мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ тақырып таңдау негіздемесі қарастырылатын болады. Зерттеу мақсаты-топырақ эрозиясының ауыл шаруашылығына әсерін талдау және оның теріс әсерін азайту бойынша ұсыныстар жасау.

Зерттеу міндеттері:

- эрозия түрлерін анықта;
- пайда болу себептерін анықтау;
- ауылшаруашылығына салдарын бағалау;
- халықаралық және Қазақстан тәжірибесін талдау;

-практикалық ұсыныстарды жасау.

Топырақ эрозиясы-табиғи және адам әрекеттерінің әсерінен жоғары құнарлы қабаттың бұзылуы мен жылжуы. Ол ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына қауіп төндіретін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Эрозия термині латын тілінен-бұзу,шаю деген сөзінен шыққан. Бұл табиғи факторлардың немесе адамның шаруашылық әрекеті салдарынан топырақтың жоғарғы қабатының бұзылып,жойылу процесі. Эрозияның негізгі түрлері:

1. Су

эрозиясы-жаңбыр мен қар суларының әсерінен топырақтың шайылуы,шұңқырлар мен арықтардың пайда болуы;

2. Жел эрозиясы-күшті желдің әсерінен ұсақ топырақ бөлшектерінің ұшуы, көбіне құрғақ аймақта кездеседі.

3. Ауылшаруашылық эрозиясы-жерді дұрыс өңдемеу, монотондық егіншілік,тыңайтқыш пен суаруды шамадан тыс қолдану нәтижесінде жердің деградациясына ұшыратады.

4.Антропогенді эрозия-орман кесу, құрылыс жұмыстары,мал жайылымының көп болуы және өсімдікті өртеп жіберу салдарынан топырақтың бұзылуы.

Көбінесе бірнеше эрозия түрлері бір уақытта әсер етіп,топырақтың деградациясын жеделдетеді.

Эрозияның пайда болу себептері:

Табиғи факторлар: климаттық жағдай,жаңбыр мөлшері, желдің күші,жер бедері, су эрозиясына бейім баурайлар, топырақ құрылымымен құрамындағы бөлшектердің мөлшері, өсімдік қаптамасының жеткіліксіздігі.

Адамдық факторлар:жерді тиімсіз пайдалану,баурайларды артық егу,монотондық егіншілік, орман кесу,мал жайылымының көп болуы,қарқынды құрылыс жұмыстары. Мысалы, Қазақстанда солтүстік және шығыс аймақтарындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің 40%-ға дейінгісі эрозияға ұшырайды, көбінесе адам әрекеті салдарынан. Эрозияның ауыл шаруашылығына әсері айтарлықтай. Құнарлы қабаттың жоғалуы астық,көкөніс және техникалық дақылдардың өнімділігін төмендетеді.Мысалы,жоғары қабаттың 1-ге жойылуы бидай өнімділігін 8-10%, жүгері-12%,картоп-15% төмендеуі мүмкін.Эрозия топырақ құрылымын және су ұстамдылығын нашарлатады,тыңайтқыштар мен суаруға қажеттілікті арттырады. Бұл құнарсыздандыру,тұздану және жердің деградациясына әкеледі,нәтижесінде фермерлер үшін экономикалық шығындар туындайды.[1]

Экономикалық және экологиялық салдары:

Экономикалық: табыстың төмендеуіне,өнім бағасының өсуі,жерді қалпына келтіруге қосымша шығындар.Топырақтың құнарсыздануы өнімділіктің төмендеуіне,тыңайтқыштарға және суаруға жұмсалатын шығындардың артуына себеп болады.Кейбір есептер бойынша,эрозия салдарынан әлемдік ауыл шаруашылығы шамамен 400 миллиард доллар шығын көреді. Экологиялық:биологиялық әртүрліліктің азаюы,шөлдену,гидрологиялық режимнің өзгеруі, климаттық өзгерістерге әсерін береді.Эрозия шаңды дауылдар,селдер және су тасқындары қаупін арттырады.Қазақстанда топырақ жоғалуы жылына 30-40 т/га дейін жетеді.Эрозияның алдын алу және күрес шараларына-агротехникалық яғни контурлы егу,баурайларды террассалау, егін айналымы,жабық дақылдарды қолдану,минималды өңдеу.Инженерлік шарада дренаж жүйелері,су өткізгіш арықтар,баурайларды бекітуді жасай аламыз.Орман-мелиоративтік шарада орман жолақтарын отырғызу,өсімдік жамылғысын қалпына келтіру,орманды қорғауды атауға болады.Кешенді қолдану арқылы топырақ жоғалуын 50-60% төмендетуге болады.Халықаралық және Қазақстандық тәжірибені қарастырайық.Халықаралық тәжірибеде Қытай мемлекетін алсақ, Жасыл қабырға,АҚШ-тағы топырақты сақтау бағдарламалары,Италия мен Францияда террассалау әдісі-эрозияны 40-60% төмендетеді.Қазақстанда no-till технологиясы,контурлы егу,орман жолақтарын отырғызу,жайылымдарды қалпына келтіру-топырақ жоғалуын азайтып,өнімділікті 15-20% арттырады [7].

Топырақ эрозиясының ауыл шаруашылығына әсері. Топырақ тек өсімдік тіршілігінің негізі ғана емес, сонымен қатар экожүйедегі қоректік элементтердің айналымын қамтамасыз ететін күрделі тірі жүйе болып табылады. Бұл процесс топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін өзгертеді. Құнарлы қабаттың жоғалуы ауыл шаруашылық өнімдерінің өнімділігін төмендетіп, ауыл аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етеді. Топырақ эрозиясының ауыл шаруашылығына тигізетін ең айқын әсері-гумустық қабаттың жойылуы. Гумус-топырақтағы органикалық заттардың ыдырауынан түзілетін, өсімдіктердің қоректік элементтерін сақтайтын ең маңызды бөлік. Эрозиялық процесстер кезінде осы қабат ең бірінші болып шайылады. Зерттеулерге сәйкес, эрозияға ұшыраған жерлерде гумус мөлшері эрозиясыз жерлермен салыстырғанда 1,5-2 есе азаяды. Ал гумустың 1%-ға кемуі ауыл шаруашылық өнімнің орташа есеппен 10-12%-ға төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар, эрозия кезінде топырақтағы негізгі қоректік элементтер-азот, фосфор және калий жоғалады. Бұл элементтер өсімдік тіршілігі үшін басты маңызға ие. Мысалы, азот фотосинтез процесін қамтамасыз етсе, фосфор-өсімдіктің тамыр жүйесінің дамуына жауап береді, ал калий-өсімдік төзімділігін арттырады. Эрозия салдарынан осы элементтердің шайылып кетуі ауыл шаруашылық дақылдарының сапасы мен өнім көлеміне тікелей байланысты. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің су эрозиясына ұшыраған егістік жерлерде азот мөлшерінің 40%-ға дейін азайғаны байқалған. Мұндай жағдайда шаруалар өнімді артыру үшін қосымша тыңайтқыш қолдануға мәжбүр болады, бұл өз кезегінде өндіріс шығындарын көбейтеді. Эрозия кезінде топырақтың түйіртпекті құрылымы бұзылып, ол тығыз және су өткізбейтін қабатқа айналады. Мұндай өзгерістер тамыр жүйесінің өсуін шектейді, ал топырақтың сумен ауаны өткізу қабілеті төмендейді. Мысалы, жел эрозиясына ұшыраған аймақтарда топырақ беті қатайып, ылғал сіңірмейді. Нәтижесінде жаңбыр немес қар суы топыраққа сіңбей, ағып кетеді, бұл егіннің сусыз қалуына әкеледі. Эрозиялық процесстер топырақтың микроорганизмдер тіршілігі үшін қажетті ылғал мен органикалық қалдықтар азаяды. Бұл өз кезегінде топырақтағы табиғи биологиялық айналымның бұзылуына және минералдық заттардың жетіспеушілігіне әкеледі.

Топырақ эрозиясының ауыл шаруашылығына тигізетін тағы бір маңызды әсері — ылғал айналымының бұзылуы. Эрозияға ұшыраған топырақ су ұстай алмайды, ал бұл егіннің өсуіне қажетті ылғалдың тапшылығына себеп болады. Құрғақ аймақтарда су тапшылығы өсімдіктердің физиологиялық процесстерін баяулатып, өнімнің төмендеуіне алып келеді. Ал ылғалдың жеткіліксіздігіне байланысты тыңайтқыштардың тиімділігі де азаяды, себебі олар өсімдікке толық сіңбей қалады. Су эрозиясы кезінде топырақтың беткі қабаты жаңбыр суымен бірге шайылып кетеді. Бұл жағдайда өзендер мен су қоймалары лайланып, ауыл шаруашылығына арналған ирригациялық жүйелер бітеледі. Нәтижесінде егістік алқаптарын суару қиынға соғады. Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарында жел эрозиясы кең тараған. Қатты жел кезінде топырақтың ең ұсақ, ең құнарлы бөлшектері ұшып кетеді. Мұндай аймақтарда топырақтың табиғи құрылымы бұзылып, оның өнімді қабаты біртіндеп азаяды. Жел эрозиясы нәтижесінде ылғал буланып кетеді, ал бұл өсімдіктердің тамырларына су жетпеуіне себеп болады. Осындай жағдайлар Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында жиі кездеседі. Мысалы, Қызылорда облысының мақта өсірілетін аудандарында жел эрозиясы нәтижесінде топырақтың ылғал мөлшері 25–30%-ға төмендеген. Желмен ұшқан топырақ бөлшектері ауыл шаруашылық техникасына да зиян келтіреді: агрегаттардың жұмыс істеу мерзімі қысқарады, ал өңдеу сапасы төмендейді. Сонымен қатар, атмосфераға таралған шаң өсімдіктердің жапырақтарын жауып, фотосинтез процесін әлсіретеді. Топырақ эрозиясы тек егіншіліктің ғана емес, бүкіл экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына себеп болады. Шайылған топырақ өзендер мен көлдерге түсіп, су сапасын нашарлатады. Бұл ауыл шаруашылық суару жүйелерін ластап, олардың өнімділігін төмендетеді. [5], Сонымен қатар, эрозия кезінде топырақтағы органикалық көміртек атмосфераға босап шығады. Бұл парниктік газдардың көбеюіне және климаттың жылынуына әкеледі. Осылайша, эрозияның ұзақ мерзімді салдары тек жердің өнімділігін емес, сонымен қатар климаттық тұрақтылықты да бұзады. Эрозияның тағы бір маңызды әсері — ауыл шаруашылық экожүйелеріндегі биологиялық әртүрліліктің төмендеуі. Құнарсызданған

топырақта өсімдік түрлерінің саны азаяды, ал бұл өз кезегінде жануарлар дүниесінің өзгеруіне әкеледі. Өсімдіктердің түрлік құрамының өзгеруі топырақтағы микроорганизмдер мен жәндіктердің тіршілігіне де әсер етеді. Мысалы, эрозияға ұшыраған жайылымдарда шөп түрлері азайып, мал азығының сапасы төмендейді. Топырақ эрозиясы нәтижесінде минералды заттардың айналымы бұзылады. Қоректік элементтер сумен немесе желмен бірге шайылып кетіп, топырақтың химиялық балансы өзгереді. Мұндай жағдайда топырақтың рН деңгейі артады немесе төмендейді, яғни ол өсімдіктер үшін қолайсыз ортаға айналады. Мысалы, оңтүстік өңірлерде су эрозиясы салдарынан топырақтың сілтілігі артса, солтүстік облыстарда қышқылдық деңгейінің көтерілуі жиі байқалады. Бұл жағдай ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасын төмендетеді және тыңайтқыштарға тәуелділікті арттырады. Осылайша, топырақ эрозиясы ауыл шаруашылығы саласына көпжақты әсер етеді:

- Топырақтың құнарлы қабатын азайтады;
- Қоректік элементтердің айналымын бұзады;
- Су және ауа режимін нашарлатады;
- Өсімдіктердің биологиялық өнімділігін төмендетеді;
- Экожүйенің тұрақтылығын әлсіретеді.

Эрозияның бұл биологиялық және экологиялық салдары ауыл шаруашылығында ұзақ мерзімді дағдарыстарға алып келуі мүмкін. Сондықтан эрозияға қарсы шаралар кешенін енгізу — ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудағы басты міндеттердің бірі. [4]

Эрозия тек аграрлық салаға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Ол өзен-көлдердің лайлануына, су көздерінің ластануына, өсімдік және жануарлар әлемінің азаюына себеп болады. Құрғақ аймақтарда бұл процесс шөлденуге, ал ылғалды жерлерде батпақтану мен тұздануға алып келеді. Сонымен қатар, топырақ эрозиясы көміртек айналымына әсер етіп, жаһандық жылыну үдерісін күшейтеді. Қазақстан жағдайында бұл мәселенің өзектілігі өте жоғары. Елдің солтүстік және шығыс өңірлеріндегі көптеген егістік жерлер эрозияға бейім. Мұнда жыл сайын гектарына ондаған тонна топырақ жоғалады, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Сол себепті топырақты қорғау мен тиімді пайдалану — елдің экологиялық және экономикалық саясатының маңызды бағыты болуы тиіс. Эрозиямен күрестің ең тиімді тәсілі — алдын алу шараларын жүйелі түрде қолдану. Контурлы жырту, егіс айналымын сақтау, минималды өңдеу (no-till технологиясы), қорғаныш орман белдеулерін отырғызу және жайылым айналымын реттеу — осындай шаралардың негізгі бағыттары. Сонымен қатар, инженерлік және гидротехникалық әдістер — дренаж жүйелерін құру, су ағындарын реттеу және баурайларды бекіту — эрозиялық процестерді бәсеңдетуге мүмкіндік береді. Шетелдік тәжірибелер көрсеткендей, эрозияға қарсы күрестің табысты болуы тек техникалық шараларға емес, сонымен қатар экономикалық және әлеуметтік тетіктерге де байланысты. Мысалы, АҚШ-та фермерлерге экологиялық егіншілік жүргізгені үшін субсидиялар беріледі, ал Қытайда “Жасыл қабырға” жобасы арқылы шөлейттенуге қарсы ауқымды орман белдеулері жасалды. Мұндай бастамалар Қазақстан үшін де тиімді үлгі бола алады. [6], Соңғы жылдары елімізде экологиялық саясат пен аграрлық реформалар аясында топырақты қорғауға бағытталған маңызды қадамдар жасалды. No-till технологиясын енгізу, орман жолақтарын қалпына келтіру және жайылымдарды тиімді басқару нәтижесінде эрозия жылдамдығы төмендеп, топырақ құнарлылығы артты. Дегенмен, климаттық өзгерістер мен антропогендік қысым артып отырған жағдайда бұл бағыттағы шараларды әрі қарай тереңдету қажет. Болашақта топырақ ресурстарын сақтау тек ауыл шаруашылығының тұрақтылығын емес, сонымен бірге ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етеді. Эрозияның күшеюі ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің төмендеуіне, халықтың көші-қонына және ауылдық кедейліктің өсуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан топырақты қорғау мәселесі елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясының маңызды бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Топырақ эрозиясына қарсы күрес кешенді және ұзақ мерзімді көзқарасты қажет етеді. Бұл бағытта ғылыми негізделген агротехнологияларды қолдану, мемлекеттік деңгейде экологиялық бақылауды күшейту және

жер пайдаланушылардың жауапкершілігін арттыру аса маңызды. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен экожүйелік тепе-теңдікті сақтау – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен болашақ ұрпақтың тұрақты дамуының басты кепілі болып табылады [9].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Ермекова,С.А Қазақстандағы жер деградациясы мен экологиялық тұрақтылық мәселелері.-Экология және тұрақты даму журналы,2023 45-51б.
- 2.Жақыпов,Н.С.Агроэкологиялық негіздер және топырақ қорғау жүйелері.-Астана.2021
- 3.Баймуканов,А.М &Кулмаганбетов,К.Т Топырақ эрозиясының ауыл шаруашылығына әсері және оны болдырмау шаралары.-Алматы:Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті баспасы,2022
- 4.Глазовская,М.А. Геохимия природных и техногенных ландшафтов.-Москва:Высшая школа,1988.
- 5.Добровольский,Г.В. Почвоведение.-Москва:Издательство МГУ,2012.
- 6.Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.Национальный доклад о состоянии окружающей среды Республики Казахстан за 2024 год.-Астана.
- 7.ФАО ООН.Доклад о состоянии мировых почвенных ресурсов.-Рим,2021.
- 8.Lal R.Soil Erosion and the Global Carbon Budget.-Science,2023.
- 9.Pimentel D.Soil Erosion,A Food and Environmental Threat.-Environment,Development and Sustainability,2006.

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Салауатова Жайдарлы Жанболатқызы

zh.salauatova@asu.edu.kz

7M01505 Білім берудегі биология 1 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған

профессор Нургалиева А.К.

Андатпа

Бұл мақалада биология пәнін оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану мәселесі қарастырылады. Білім беру саласындағы жаңашылдықтар қазіргі қоғамның сұранысына сәйкес құзыретті тұлға қалыптастыруды басты мақсат етіп қояды. Сондықтан биология пәнін оқыту әдістемесінде ақпараттық-коммуникациялық құралдар, жобалық оқыту, қашықтан оқыту және цифрлық ресурстарды қолдану ерекше орын алады. Авторлар инновациялық технологиялардың оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық ізденісін жетілдіруге, ғылыми дүниетанымын кеңейтуге ықпал ететінін айқындайды. Әдіснамалық негізде білім алушының іс-әрекеттік, тұлғалық және құндылықтық сипаттамаларына көңіл бөлінеді. Мақалада әртүрлі ғалымдардың көзқарастары салыстырылып, олардың пікірлері арқылы инновациялық оқытудың артықшылықтары мен шектеулері ашылады. Қорытынды бөлімде биологияны оқытуда инновациялық әдістерді тиімді қолданудың нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі артып, білім нәтижесі сапалы қалыптасатыны дәлелденеді.

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема эффективного использования инновационных технологий в процессе преподавания биологии. Нововведения в сфере образования ставят главной целью формирование компетентной личности в соответствии с запросами современного общества. Поэтому в методике преподавания биологии особое место занимают информационно-коммуникационные средства, проектное обучение, дистанционное обучение и цифровые ресурсы. Авторы отмечают, что инновационные технологии способствуют развитию критического мышления учащихся, совершенствованию их творческого поиска, расширению научного мировоззрения. В методологической основе уделяется внимание деятельностным, личностным и ценностным характеристикам обучающегося. В статье сопоставляются взгляды различных ученых, через их мнения раскрываются преимущества и ограничения инновационного обучения. В заключительной части доказывается,

что в результате эффективного применения инновационных методов при обучении биологии повышается познавательная активность учащихся и качественно формируется образовательный результат.

Abstract

This article examines the issue of effective use of innovative technologies in the process of teaching biology. Innovations in the field of education set the primary goal of forming a competent individual in accordance with the demands of modern society. Therefore, in the methodology of teaching biology, special emphasis is placed on the use of information and communication tools, project-based learning, distance learning, and digital resources. The authors highlight that innovative technologies contribute to the development of students' critical thinking skills, enhance their creative inquiry, and broaden their scientific worldview. The methodological basis focuses on the activity-based, personal, and value-oriented characteristics of learners. The article compares the views of various scholars, revealing the advantages and limitations of innovative teaching through their perspectives. In conclusion, it is substantiated that the effective application of innovative methods in teaching biology increases students' cognitive activity and ensures the qualitative formation of learning outcomes.

Негізгі сөздер: биологияны оқыту, инновациялық технологиялар, әдіснамалық негіз, ақпараттық-коммуникациялық құралдар, жобалық оқыту, қашықтан оқыту, құзыреттілік.

Ключевые слова: преподавание биологии, инновационные технологии, методологическая основа, информационно-коммуникационные средства, проектное обучение, дистанционное обучение, компетентность.

Keywords: biology teaching, innovative technologies, methodological basis, information and communication tools, project-based learning, distance learning, competence.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің басты міндеті – заманауи ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, оқушыны жан-жақты дамыған тұлға етіп қалыптастыру. Әсіресе жаратылыстану пәндері, соның ішінде биология, оқушылардың ғылыми дүниетанымын жетілдіруге, табиғатты тануға және экологиялық мәдениетті дамытуға ерекше үлес қосады. Сондықтан биология пәнін оқытуда инновациялық технологияларды енгізу өзекті мәселе болып табылады.

Арбузова Е.Н. мен Опарин Р.В. биологияны оқытуда инновациялық тәсілдерді қолданудың тиімділігін ерекше атап өтеді. Олардың пікірінше, «инновациялық технология – білім беру жүйесін жаңаша ұйымдастырудың негізгі құралы, ол оқытудың нәтижесін сапалы етуге мүмкіндік береді» деді [1, 45]. Иванова Т.В. болса, биологиялық білім беруді жалпы білім беру жүйесінің негізі деп қарастырып, «табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыда түсіндіру арқылы оқушының ойлау жүйесі дамиды» деді [2, 29]. Матяш Н.В. инновациялық педагогикалық технологияларды студенттерге арналған оқу құралында жобалық оқытудың маңыздылығын көрсетіп, оны құзыреттілікті дамытудың ең басты тетігі деп бағалаған [3, 67]. Ал Гаджиева П.Д. жобалық оқытуға сүйене отырып, «оқушының белсенді әрекеті мен өздігінен білім алуы инновациялық әдістің басты артықшылығы» деп тұжырымдайды [4, 33]. Осы ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, мақалада биологияны оқытудағы инновациялық технологиялардың әдіснамалық негіздері қарастырылады. Мақсат – биологияны оқытуда жаңа технологияларды қолданудың тиімді жолдарын анықтау, міндет – теориялық негіздерді айқындау, оқыту тәжірибесінде олардың нәтижелілігін көрсету.

Биологияны оқыту үдерісінде инновациялық технологиялар дәстүрлі әдістерді толықтыра отырып, оқушылардың белсенді танымдық әрекетін дамытуға бағытталады. Қазіргі таңда педагогика ғылымында инновациялық технологиялардың бірнеше түрі кең қолданысқа еніп отыр. Соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жобалық оқыту, модульдік оқыту, проблемалық оқыту және қашықтан білім беру әдістері ерекше орын алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану биология пәнін оқытуда ерекше маңызға ие. Оқушылар интерактивті тақтаны, мультимедиялық бағдарламаларды, бейнематериалдар мен виртуалды зертханаларды қолдана отырып, биологиялық үдерістерді терең түсіне алады. Арбузова Е.Н. «инновациялық технологиялар оқушының ақпаратты қабылдауын ғана емес, оны талдап, сараптап, өз көзқарасын білдіруіне де мүмкіндік береді» деді [1, 120]. Мәселен, жасуша құрылысы тақырыбын оқытқанда 3D модельдерді пайдалану оқушылардың көрнекі ойлау қабілетін дамытады.

Иванова Т.В. табиғатты тану үдерісін мектептегі биологиялық білім берудің негізгі міндеті деп есептеп, «биологияны оқытуда инновациялық әдістердің басты мақсаты – табиғат заңдылықтарын ғылыми тұрғыда түсіндіру» екенін атап өткен [2, 30]. Демек, биология пәнінің

мазмұны инновациялық технологиялармен ұштасқанда ғана оқушылардың ғылыми дүниетанымы кеңейеді.

Жобалық оқыту технологиясы оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне баулиды. Матяш Н.В. бұл әдісті «оқушылардың өзіндік ізденісін дамытатын инновациялық құрал» деп сипаттап, жобалық оқытуды жүйелі түрде ұйымдастырғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болатынын айтады [3, 89]. Мысалы, экология тақырыптарында оқушылар шағын жобалар дайындап, табиғатты қорғау бойынша ұсыныстарын ортаға салады. Бұл олардың сыни тұрғыдан ойлауын арттырады және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырады.

Қашықтан оқыту әдісі қазіргі цифрлық дәуірде кеңінен қолданыс тапты. Әсіресе пандемия кезеңінде қашықтан білім беру білім саласының басты құралына айналды. Гаджиева П.Д. бұл жөнінде «қашықтан оқыту – тек уақытша қажеттілік емес, ол болашақта білім берудің ажырамас бөлігіне айналады» деді [4, 35]. Биология пәнінде онлайн сабақтар мен виртуалды зертханалар арқылы тәжірибелік дағдыларды дамыту мүмкіндігі пайда болды. Сонымен қатар модульдік оқыту технологиясы да тиімді тәсілдердің бірі. Ол білімді белгілі бір блоктар арқылы беріп, әр бөлімді аяқтағанда оқушылардың жетістігін бағалауға мүмкіндік жасайды. Бұл әдістің ерекшелігі – оқушылардың білімін кезең-кезеңімен жетілдіруінде.

Биология пәнінің мазмұнында инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың құзыреттілігін арттырады. Құзыреттілік – тек білімді меңгеру емес, сол білімді өмірде қолдана алу қабілеті. Жобалық және проблемалық оқыту барысында оқушылар нақты проблемаларды шешуге машықтанып, алған білімін өмірлік жағдайларда пайдалануға дағдыланады. Ғалымдардың пікірлерін саралай келе, инновациялық технологияларды қолдану биологияны оқытудағы әдіснамалық негіздердің маңызды бөлігі екені айқындалады. Әдіснамалық тұрғыда бұл – оқушының іс-әрекетін белсендіру, тұлғалық қасиеттерін дамыту, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру.

Соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулерде виртуалды зертханалардың білім алушылардың биологиялық құбылыстарды тереңірек түсінуіне ықпал ететіні анықталған [5]. Мысалы, кейбір оқу орындарында виртуалды микроскоптар мен симуляторлар қолданылады. Бұл оқушыларға биологияның күрделі және абстрактілі аспектілерін визуалды түрде көріп, практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінде биология пәнін оқыту үшін арнайы онлайн ресурстар мен платформалар кеңінен қолданысқа енуде. Мысалы, Khan Academy, Coursera және Edmodo сияқты платформалар арқылы оқушылар биология бойынша қосымша ақпарат ала алады, видеолар мен тесттер орындап, оқып-үйрену үдерісін бақылап отырады. Бұл тәсілдер оқушыларға өз бетімен оқуға және білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшалар да білім беруді жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Биологияны үйренуде қолданылатын мобильді қосымшалардың бірі ретінде «Bioman Biology» қосымшасын атап өтуге болады. Бұл қосымша оқушыларға биология пәнінің түрлі бөлімдері бойынша интерактивті тапсырмалар мен ойындар ұсынады [6].

Ғалымдар биологияны — ХХІ ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде.

Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология

кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы [2].

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Биология сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын. Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, ХХІ ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін. Және сабақта оқытудың интерактивті әдістері мен СТО бағдарламасының кейбір элементтерін көп қолданып жүрмін.

Қазіргі оқу үрдісінде дәстүрлі емес сабақтар, кештер, дидактикалық ойындар, әр түрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсат біреу, ол оқушыға тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының есінде қалатындай етіп ұйымдастырып бекіту. Ұстаз оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапынан шығармашылық ізденістер жасап, әр түрлі дидактикалық кештер ұйымдастыруы керек.

Биология пәнінің дидактикалық ойын кештерінің мазмұны тіршіліктің құндылығын, биологиялық мәселелердің маңыздылығын жете түсінуге, оқушылардың өмірге деген көз қарастарын жан-жақты дамыту, оқытудың теориялық бағытын, практика жүзінде іске асыру, қоршаған ортамызды аялай білуге үйрету және оқушыларға өмір сүру заңдылықтарын терең сезініп, оны дұрыс қабылдауына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологияның принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен білім алып, ізденіс арқылы дамытын, өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын, өмірге бейім жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаңа оқыту технологиясы арқылы оқушы қандайда болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйренсе алады. Технологиялық жүйелікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талаптарды қатаң ескерген мұғалім, оқушылар шығармашылығын арттырып, білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт-бағдар бере алады және жаңа технологияның дамыта және деңгейлеп оқыту әдістері оқушы білімін жүйелеуге, таным деңгейін кеңейтуге мол мүмкіндік береді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы арта түспек деп ойлаймыз.

Биологияны оқытуда жаңа технологияларды қолдану білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға және олардың пәнді тереңірек меңгеруіне септігін тигізеді. Мультимедиялық құралдар, виртуалды зертханалар, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар, жасанды интеллект және басқа да жаңа технологиялар биологияны оқытуда тиімді қолданылады. Бұл технологиялар білім беру процесін жаңартып, оқушылардың білім алу әдістерін өзгертеді, олардың тәжірибелік дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, биология пәнін оқытуда жаңа технологияларды қолдану оқушылардың жалпы танымдық белсенділігін арттыруға және оларды болашақ ғылымға дайындауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, биология пәнін оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім сапасын арттырудың, оқушылардың құзыреттілігін дамытудың, ғылыми дүниетанымын кеңейтудің негізгі тетігі болып табылады. Арбузова Е.Н. айтқандай, «инновациялық технология – білім берудің сапалы нәтижесіне бастайтын жол» [1, 223]. Иванова Т.В. да бұл ойды қолдап, биологияны оқытудағы жаңашыл әдістердің маңызы артып келе жатқанын көрсетеді [2, 39]. Матяш Н.В. жобалық оқытудың әлеуетін ерекше атап, оны болашақ мамандарды даярлаудағы басты құрал деп бағалаған [3, 102]. Ал Гаджиева П.Д. болса, қашықтан оқытудың болашағын көріп, оның инновациялық білім берудегі орны айрықша

екенін айтқан [4, 36]. Демек, инновациялық технологияларды әдіснамалық негізде қолдану – қазіргі білім берудің басты шарты. Биологияны оқытуда бұл әдістерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ғылыми қызығушылығы артып, зерттеушілік қабілеті дамиды. Нәтижесінде құзыретті, сыни тұрғыдан ойлай алатын, өмірлік дағдысы қалыптасқан тұлға тәрбиеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арбузова, Е.Н., Опарин, Р.В. Инновационные технологии в преподавании биологии: учебное пособие для вузов. — М.: Издательство Юрайт, 2023. — 242 с.
2. Иванова, Т.В. Естественнонаучное и биологическое образование в системе общего образования // Биология в школе. – 2018. – № 1. – С. 28–40.
3. Матяш, Н.В. Инновационные педагогические технологии: проектное обучение: учебное пособие для студентов ВПО. 2-е изд., доп. — М.: Академия, 2020. — 156 с.
4. Гаджиева, П.Д. Проектное обучение как инновационная педагогическая технология // Дистанционное и виртуальное обучение. – 2017. – № 10. – С. 31–37.
5. Ахметов, К.Ә. (2017). Биологияны оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті.

ЭКО-БРЕДИНГ – КӘСІПОРЫННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

Ахимбаева Балхия Сайфуллақызы

Жетекшісі: қауым профессор., э.ғ.к. Сулейменова Г.Н.

Аға оқытушы, магистр **Жанаева А.А.**

Андатпа

Мемлекеттің туризм саласын дамуына әсер ететін негізгі бағыттары: экономикалық, саяси, экологиялық, мәдени және әлеуметтік. Елдегі туризмді дамытудың экономикалық артықшылықтары көбінесе ондағы туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік органдардың белсенді қатысуы пайдасына шешуші дәлел болып табылатындығын атап өткен жөн. «Ұлттық экономика мен халықаралық саудадағы туризмнің үлесі оны әлемдік дамудың маңызды көрсеткішіне айналдырды. Оның ұлттық экономикалық қызметтегі және халықаралық алмасудағы тұрақты рөлі, сондай-ақ оның сыртқы сауда тепе-теңдігін теңестіруге әсері оны әлемдік экономикалық қызметтің негізгі салаларының біріне айналдырады» [8, б.11-17.] Бұл жерде дүниежүзілік ЖІӨ-гі үлесі 10% жеткендігі мысал бола алады. Туризмді дамытуға еліміздің туристік-рекреациялық әлеуеті жеткілікті және оны дамытудың қажетілігі, маңызы алуан түрлі. Оның маңыздылығын төмендегі топтарға бөлініп көрсетілген:

1. Аймақтарда немесе жекелеген әкімшілік облыстарда туризм саласының дамуы тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетуге деген сұранысты арттырады. Нәтижесінде тұтыну тауарларын өндірудің қарқыны дамиды, аймаққа немесе әкімшілік облыстарға қомақты табыс әкеліп жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсартып тұрақты жұмыс орнын қалыптастырады және мамандануына ықпал жасайды.

2. Өңірдегі байланыс пен көлік кәсіпорының табыстары көтеріледі. Туризмнің дамуы кез-келген көлік инфрақұрылымын жетілдіруге және дамуына ықпал жасайды. Біртіндеп туристік көлік дәліздері пайда болады. Мысалға: Егерде Алакөл туристік аймағын қарқынды дамытатын болсақ Астана-Алакөл, Алматы-Алакөл, Семей-Алакөл авто және пойыз жол дәліздері жоғары сұранысқа ие болар еді. Нәтижесінде аталған дәліздердің бойында қызмет көрсету орындары пайда болып жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады. Осындай дәліздерді Каспий теңізі аймағында да дамытуға болады. Байланыс міндетті түрде туризм саласындағы қызметті жеңілдететін және тез ақпарат беретін сала.

3. Туристік ағынның артуымен кәдесый (сувениер) өнімдеріне, жергілікті қолөнер бұйымдарына деген сұраныс пайда болып, тұрғындардың қосымша немесе тұрақты табыс көзіне айналар еді және жарнама жұмыстарына көмек болады.

4. Туристік кәсіпкерлікті дамыту жергілікті жердің ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұранысын арттырып ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің табыстарын көбейтеді.

5. Туризмнің өсуі көптеген жұмыс орындарының ашылуына ықпал жасайды, мемлекетке және жергілікті жерге түсетін салықтың мөлшерін көбейтеді. Кейбір өңірлерде туризмнен түсетін салық, жетекші салаға айналады.

Осы нәтижелерге қол жеткізу үшін туризм саласында кластерлеу немесе кластерлік жүйемен дамытуды қажет етеді.

Мемлекетіміз дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып бірнеше туристік кластерді құруда және жоспарлауда. Келушілер ағынын ұлғайту және Қазақстанды әлемдік туристік нарық жүйесіне ықпалдастыру мақсатында жаңа тұжырымдама туризмді дамытуға кластерлік тәсілді қолдануды көздейді. Қолда бар әлеуеттің (табиғи-климаттық, тарихи, мәдени) арқасында Қазақстан әлемдік туристік нарықта белгілі бір орынды иеленуге қабілетті.

Тұжырымдамаға сәйкес, Қазақстанда «Астана-Еуразия жүрегі», «Алматы - Қазақстанның еркін мәдени аймағы», «Алтай інжулері», «Ұлы Жібек жолын жаңғырту», «Каспий қақпасы» және «табиғат пен көшпелі мәдениеттің бірлігі» сияқты алты мәдени - туристік кластерді құру және дамыту жоспарланған [9, б.1-2].

Елімізде туристік ресурстар мен өнімдер бар болғанымен инфрақұрылым дұрыс жолға қойылмауы (көлік инфрақұрылымы, телекоммуникациялық байланыс арналары, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б.) саяхаттан қанағаталу дәрежесі және жыл өте сұранысы да төмендейді. Ол өз алдына халықаралық туристік нарықта бәсекелестікке төтеп бере алмаймыз. Туристік кластерді құрудың негізгі мақсаты осы бәсекелестікке сай болу және туризмды табыс көзіне айналдыру. Сонымен бірге дамуына кедергі болатын мәселелерді дер кезінде анықтау және алдын алу.

Мемлекет басшысының 2014 жылғы 4 қарашадағы № 939 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясаты тұжырымдамасының басымдықтары ескеріле отырып, Қазақстанда алты мәдени-туристік кластер құрылуы мүмкін деп жариялаған:[10, б.4.].

1. *«Астана – Еуразия жүрегі»* – бұл қазіргі Астана қаласы негізінде қаланатын туристік кластер. Кластер аумағында астанамыздың көрікті нысандары енгізілген. Негізгі бағыттары конгресті туризм және этно-туризм (мәдени-спорттық іс-шаралар, оқиғалар, конференциялар, форумдар және т.б.). негізгі мақсаты: 1) қаланың брендін жасау және маркетингтік компания; 2) қалалық бағдарды дамыту; 3) халықаралық туристік және конгресті-көрмелік ұйымдарға (MICE) кіру; 4) Event-management агенттіктерінің қатысуымен концерттік іс-шаралар бағдарламаларын жасау; 5) спорттық және мәдени объектілерді тиімді басқару үшін халықаралық компанияларды тарту; 6) қызмет көрсету саласының жұмыскерлері үшін оқу орталығын құру.

2. *«Алматы – Қазақстанның еркін мәдени аймағы»* – Алматы қаласы мен Алматы облысының бір бөлігі кіретін кластер. Бұл аймаққа аудандағы танымал табиғи, тарихи және емдік –сауықтыру орындарымен облыс аумағындағы ұлттық парктер кіреді.

3. *«Алтай інжуі»* – Шығыс Қазақстан облысының солтүстік және шығыс бөліктерін қамтиды.Кластердің орталығы Өскемен қаласы. Құрамына Берел қорғандары, Бұқтырма су қоймасы, Жайсан көлі, Ертіс өзені, Катон-Қарағай ұлттық паркі, Қиын-Керіш шатқалы, Батыс Алтай мемлекеттік қорығы, Алкөлдін солтүстік бөлігі, Жидебай жері мен Семей және Риддер қалалары кіреді. Аймақта экологиялық туризмге көбірек мән беретін болады.

4. *«Ұлы Жібек жолын жаңғырту»* – Қызылорда,Түркістан, Жамбыл облыстарының біршама аумағы кіреді. Құрамына кіретін нысандар: Түркістан қаласы(Қожа Ахмет Яссауи кесенесі), Отырар қалашығының және отырарлық алқаптың археологиялық объектілері, Сауран археологиялық кешені, Қаратау және Ақсу – Жабағлы мемлекеттік табиғи қорықтары, Сайрам-Өгем ұлттық паркі, Байқоңыр кешені, Қасқасу тау курорты, Қызылорда, Сарыағаш, Шардара,Тараз қалалары. Кластердің орталық объектісі қажылық пен туризмнің халықаралық орталықтары болып танылған Қазақстанның рухани, тарихи-мәдени және туристік орталығы Түркістан қаласы болады. Алдағы уақытта аумағы ұлғайып қосымша нысандар қосылады.

5. *«Каспий қақпасы»* Маңғыстау облысын және Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарының бір бөлігін қамтиды. Ақтау қаласы кластердің орталығы болады. Құрамына: Бекет ата, Шопан ата және Қараман ата жерасты мешіттері, Омар мен Тұр кесенесі, Шерқала, «Қарақия» – Қара көл мемлекеттік табиғат қорығы, «Бөкей Ордасы» ескерткіштер кешені, Сарайшық қалашығы, Кендірлі курорттық аймағы. Кластердің негізгі туристік өнімдеріне жағажай туризмі, тарихи, мистикалық, өндірістік, мәдени туризм және турне жатады.

6. *«Табиғат пен көшпенді мәдениет бірлігі»* Ақмола және Қарағанды облыстарын, Солтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-батыс бөлігін және Павлодар облысының батыс бөлігін қамтиды. Бурабай курорттық аймағы кластердің орталығы болып саналады. Құрамына: Көкшетау, Бурабай, Бұйратау, Баянауыл, Қарқаралы ұлттық парктері, Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы, Имантау-Шалқар курорттық аймағы, Зеренді демалыс аймағы, Солтүстік Балқаш маңы, Қызылорда мемлекеттік табиғи қорығы кіреді. Мемлекетіміздің алдағы уақыттағы кластерді дамытудағы стратегиясы – кластер ішілік және

аралық көлік логистикасын дамыту, инвесторлар тарту, қызмет түрлерімен қызмет етушілерді дамыту, келген туристерге ұлттық құндылықтарымызды дарыту және т.б. Аталған кластердің әлеуеті өте жоғары, ендігі жерде тек қойылған мақсат, міндеттерді орындау.

Қазіргі таңда кластерлік бағытта дамытуды қажет ететін туризмнің бірқатар мәселелерінің қатарына: туристік ресурстарды дамыту; көлік логистикасын және қолжетімділігін дамыту; туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру; эко және этнотуризмді дамыту; мектептерде, оқушыларға арналған арнайы ұйымдарда жазғы демалыс лагерлерінде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту; медициналық және санаторий-курорттық туризмді дамыту; іскерлік туризмді дамыту; туризм индустриясындағы адам ресурсын дамыту; туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және туроператорлар мен басқада туристік ұйымдардың көрсететін қызметінің цифрлық қолжетімділігін арттыру; Қазақстандық халықаралық туристік бренд қалыптастыру жатады. Алайда инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, қызмет сапасының төмендігі және кадр тапшылығы сияқты мәселелердің өзектілігі дәйекті шешілмеген.

Туризмді кластерлік жүйемен дамыту – Қазақстан экономикасының тұрақты өсіміне ықпал ететін стратегиялық бағыт. Кластерлік тәсіл аймақтық ресурстарды тиімді біріктіруге, жаңа жұмыс орындарын құруға, инвестиция тартуға және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы Алматы, Астана, Бурабай сияқты туристік орталықтардың дамуы кластерлік саясаттың әлеуетін айқын көрсетеді. Сонымен қатар кластерлік модель туризм инфрақұрылымын жетілдіруге, қызмет сапасын көтеруге және елдің туристік имиджін қалыптастыруға жол ашады. Демек, жүйелі қолдау мен тиімді басқару жағдайында туризм Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды драйверіне айналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Маршалл А. *Экономикалық ғылым принциптері*. – Лондон, 1890. – 600 б.
2. Портер М. *Конкурентное преимущество*. – М., 1993. – 350 б.
3. ҚР Туризмді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020. – 120 б.
4. **United Nations — Tourism Satellite Account: Recommended Methodological Framework (TSA: RMF 2008)**. United Nations Statistics Division / UNWTO, 2008. – 124 p.
5. **Frechtling, D. C. — “Measurement and analysis of tourism economic contributions for sub-national regions through the Tourism Satellite Account” (Central paper / UNWTO workshop)**. 2009). -18.
6. **OECD — Tourism Trends and Policies 2024 (Highlights / report)**. OECD publishing, 2024.-7.
7. UNWTO / ILO / World Bank — қосымша нұсқаулықтар және көрсеткіштер жинақтары (2023–2024). -31.
8. **Қазақстан республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы**.
https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360?utm_source=chatgpt.com
9. **«Қазақстан туризмі: Қазіргі жағдай және дамудың болашақ бағыттары»**.
https://el.kz/qazaqstan-turizmi-qazirgi-zhagday-zhane-damudyn-bolashaq-bagyttary_400022074/?utm_source=chatgpt.com
10. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы.
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000939?utm_source=chatgpt.com.

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ РӨЛІ (МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ АСПЕКТІСІ)

Сырымов Ерсайын Ғизатоллаұлы

*Атырау облысы, Исатай ауданы, Жұмабай Мырзағалиев атындағы орта мектеп
математика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі
ersain_94.94@mail.ru*

Аңдатпа. Бұл мақалада PISA зерттеулері оқушылардың білім сапасын ғана емес, олардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын және мәселені модельдеу қабілетін көрсетеді. Бұл білім беру жүйесінде жаңа әдістер мен технологияларды енгізудің қажеттілігін айқындайды. Сол технологиялардың бірі – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне енгізу. Әсіресе PISA форматындағы есептерде, яғни логикалық, өмірмен байланысқан және модельдік есептерді шешуде, жасанды интеллект оқушыларға есепті құрылымдауға, талдауға және жүйелі ойлауға үйретеді қарастырылды.

Түйін сөздер. PISA, жасанды интеллект (ЖИ), функционалдық сауаттылық, оқу процесі, Математиканы оқыту әдістемесі, есептерді шешу, логикалық ойлау.

Аннотация. В данной статье рассмотрены основные исследования PISA, показали не только качество знаний учащихся, но и их функциональную грамотность, логическое мышление и способность моделировать проблемы. Это определяет необходимость внедрения новых методов и технологий в системе образования. Одна из таких технологий – внедрение искусственного интеллекта (ИИ) в учебный процесс. В частности, в задачах формата PISA, то есть в логических, связанных с жизнью и решающих модельные задачи, искусственный интеллект учит учащихся структурировать, анализировать и систематически мыслить отчет.

Ключевые слова: PISA, искусственного интеллекта (ИИ), функциональная грамотность, учебный процесс, методика преподавания математики, решение задач, логическое мышление.

Abstract. In this article, PISA studies have shown not only the quality of students' knowledge, but also their functional literacy, logical thinking, and ability to model problems. This highlights the need for new methods and technologies in the education system. One such technology is the integration of artificial intelligence (AI) into the learning process. Specifically, in PISA-style tasks, which involve logical, life-related, and problem-solving scenarios, AI helps students to structure, analyze, and think systematically.

Keywords: PISA, artificial intelligence (AI), functional literacy, educational process, mathematics teaching methodology, problem solving, and logical thinking.

Кіріспе. Білім беру жүйесінің басты мақсаты – жеке тұлғаның шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, алынған білімді өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдануға үйрету. Қазіргі таңда Қазақстанда бұл бағыттағы өзгерістер халықаралық деңгейдегі зерттеулермен, әсіресе PISA (Programme for International Student Assessment) бағдарламасымен тығыз байланысты.

PISA зерттеулері оқушылардың білім сапасын ғана емес, олардың функционалдық сауаттылығын, логикалық ойлауын және мәселені модельдеу қабілетін бағалайды. 2018 және 2022 жылдардағы PISA нәтижелері бойынша, қазақстандық оқушылардың математикалық және логикалық ойлау бағытында орта деңгейден сәл төмен нәтиже көрсеткені белгілі. Бұл білім беру жүйесінде жаңа әдістер мен технологияларды енгізудің қажеттілігін айқындайды.

Сол технологиялардың бірі – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне енгізу. ЖИ тек көмекші құрал емес, сонымен қатар ойлау мәдениетін қалыптастырудың жаңа құралына айналып отыр. Әсіресе PISA форматындағы есептерде, яғни логикалық, өмірмен байланысқан және модельдік есептерді шешуде, жасанды интеллект оқушыларға есепті құрылымдауға, талдауға және жүйелі ойлауға үйретеді.

Негізгі бөлім. PISA зерттеулеріндегі логикалық ойлау тапсырмалары. PISA тесттерінің ерекшелігі – дайын формула немесе стандартты ереже қолдану емес, нақты өмірлік жағдаятты түсініп, талдап, математикалық модель құру. Мысалы, «қала мен ауыл арасындағы қашықтықты есептеу», «отбасылық бюджет жоспарлау», «жол қозғалысының уақыты мен

жылдамдығы» сияқты есептерде оқушының логикалық пайымдау және байланыс орнату қабілеті бағаланады.

Осындай тапсырмаларда оқушылар көп жағдайда деректерді өңдеу мен шешім табу стратегиясын таңдауда қиналады. Себебі олар стандартты формулаларға үйреніп қалған. Сондықтан мұғалімнің міндеті – оқушыны логикалық қадамдар тізбегін құруға, өз ойлау жолын түсіндіруге, яғни есепті “оймен модельдеуге” үйрету.

Бұл мақсатта соңғы жылдары мектеп тәжірибесінде диалогтік оқыту, зерттеуге негізделген оқу, модельдеу әдістері, және ЖИ негізіндегі интерактивті платформалар кеңінен қолданылуда. Осындай тәсілдер оқушылардың өз бетімен ойлануына, шешім қабылдау логикасын түсіндіруіне мүмкіндік береді.

Математикалық модельдеу және жасанды интеллект интеграциясы. Математикалық модельдеу – нақты құбылысты немесе процесті математикалық тілде сипаттау әдісі. Бұл тәсіл PISA форматындағы тапсырмалардың өзегін құрайды, себебі өмірдегі жағдайды сандар, теңдеулер және қатынастар арқылы бейнелеу талап етіледі.

Модельдеу барысында оқушы бірнеше кезеңнен өтеді: мәселені түсіну, айнымалыларды анықтау, байланыстар орнату, шешім табу және нәтижені интерпретациялау. Дәл осы кезеңдерде жасанды интеллект құралдары тиімді көмекші бола алады.

Мысалы, ChatGPT сияқты ЖИ жүйесі есептің мәтінін талдап, берілген шамалар арасындағы байланысты анықтай алады. Ол оқушының жазған шешімін логикалық тұрғыдан тексеріп, қатесін көрсетіп, балама шешім жолдарын ұсынады. Мұндай әдіс оқушыға өз ойын талдауға, салыстыруға және қайта ой елегінен өткізуге үйретеді.

Мысал ретінде келесі PISA үлгісіндегі есепті қарастырайық:

«Сағат тілі мен минут тілі 12:00-ден кейін бірінші рет 90° бұрыш жасайды. Ол қашан болады?» Оқушы бұл есепті шешу үшін уақыт пен бұрыш арасындағы байланысты модельдеуі керек. Ал ЖИ оған 12:00-ден кейін минут тілінің қозғалыс жылдамдығы 6°/мин екенін, ал сағат тілінің қозғалысы 0,5°/мин екенін еске салып, теңдеу құруға көмектеседі:

$$6t - 0,5t = 90 \rightarrow t = 15,38 \text{ минут} \approx 12:15.$$

Осылайша, ЖИ есепті шешу процесін түсіндіру арқылы оқушының логикалық пайымдау қабілетін дамытады, тек нәтижені емес, ойлау жолын қалыптастырады.

Жасанды интеллектіні жүйелі қолдану оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге де мүмкіндік береді. Оқу материалдары оқушының деңгейіне сай бейімделіп, күрделілік деңгейі автоматты түрде реттеледі. Бұл — жекелендірілген оқыту қағидасының жүзеге асуы. Сонымен қатар, ЖИ мұғалімге оқушылардың шешім стратегияларын сараптауға, үлгерім динамикасын бақылауға және оқу процесін тиімді модельдеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жасанды интеллект пен математикалық модельдеуді білім беру жүйесінде біріктіру – оқыту процесін жаңа деңгейге көтерудің тиімді жолы, қазіргі білім берудің инновациялық бағыты. PISA халықаралық зерттеулерінің талаптарына сай оқушылардың логикалық ойлау, талдау және дәлелдеу дағдыларын дамыту — қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағытта жасанды интеллектіні тиімді пайдалану мұғалімнің кәсіби қызметін толықтырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

Жасанды интеллект арқылы оқыту процесінде оқушылар жеке траекториямен жұмыс істейді, өз қателерін жылдам анықтап, логикалық есептерді шешу жолдарын талдауға мүмкіндік алады. Мысалы, ChatGPT, GeoGebra, Mathway секілді платформалар логикалық есептің шешу кезеңдерін кезең-кезеңімен түсіндіріп, оқушының ойлау стратегиясын жетілдіреді. Бұл өз кезегінде PISA тапсырмаларының ерекшелігіне сай функционалдық сауаттылық пен сыни ойлау дағдысын дамытады.

Сонымен қатар, мұғалімнің рөлі бұл процесте бәсеңдемейді, керісінше жаңа деңгейге көтеріледі. Жасанды интеллект мұғалімге көмекші құрал ретінде қызмет етіп, сабақ

дайындауда, сараланған тапсырмалар таңдауда және нәтижелерді талдауда тиімді шешім қабылдауға ықпал етеді.

Алдағы уақытта жасанды интеллект мүмкіндіктерін терең зерттеп, білім берудің барлық деңгейлерінде интеграциялау жолдарын қарастыру — ғылыми-әдістемелік қауымдастықтың маңызды міндеті болып табылады. Математика пәнін оқытуда AI технологияларын тиімді қолдану тек оқу сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың логикалық мәдениетін, математикалық интуициясын және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыруға зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. OECD. (2022). PISA 2022 Assessment and Analytical Framework. Paris: (<https://www.oecd.org>)
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. (2023). PISA халықаралық зерттеулеріне дайындық жөніндегі әдістемелік нұсқаулық. – Астана.
3. Ахметова, А., & Сейсенбаева, Г. (2021). Жасанды интеллектіні білім беру үдерісінде қолданудың мүмкіндіктері. // Білім берудегі инновациялар журналы, №4, 15–21 бет.
4. Мұқанова, С. (2022). Математика сабақтарында логикалық ойлауды дамытудың тиімді әдістері. – Алматы: РБАО.

МҰНАЙДАН АЛЫНАТЫН ПОЛИМЕРЛЕРДІҢ ДЕГРАДАЦИЯСЫ: МИКРОПЛАСТИКТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Балабекова Шолпан Турдибековна

Сеньор лектор, магистр

Химия және химиялық технология кафедрасы
Х.Досмұхамедов атындағы Атыру университеті

Гумарова Светлана Амантаевна

Педагог – зерттеуші, Эль-Фараби атындағы
BINOM SCHOOL мектеп- лицей

Калиманова Данагул Жаскайратовна

Б.ғ.к., қауымдастырылған профессор.
Химия және химиялық технология кафедрасы
Х.Досмұхамедов атындағы Атыру университеті

Аннотация

Бұл мақалада мұнай химиясынан алынатын полимерлердің деградациясы нәтижесінде микропластиктердің түзілуі және олардың адам ағзасына тигізетін ықтимал әсерлері қарастырылады. Соңғы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, микропластиктердің ағзаға ену жолдары, таралуы және токсикологиялық әсерлері сипатталады. Сонымен қатар, мұнайдан алынатын полимерлердің экологиялық қауіптері мен оларды азайтуға бағытталған заманауи шешімдер талданады.

Кілт сөздер: микропластиктер, мұнай химиясы, полимерлер, деградация, токсикология, экология.

Аннотация

В данной статье рассматривается процесс деградации полимеров нефтехимического происхождения, приводящий к образованию микропластика, а также потенциальное воздействие этих частиц на организм человека. На основе современных научных исследований проанализированы пути проникновения микропластика в организм, его распространение и токсикологическое влияние. Также обсуждаются экологические риски и возможные решения по снижению загрязнения микропластиком.

Ключевые слова: микропластик, нефтехимия, полимеры, деградация, токсикология, экология.

Abstract

This review article explores the degradation of petroleum-derived polymers leading to microplastic formation and its potential impact on human health. Based on recent scientific studies, the article discusses the pathways of microplastic

entry into the human body, their distribution, and toxicological effects. It also highlights the environmental risks posed by synthetic polymers and examines current and prospective solutions for reducing microplastic pollution.

Keywords: microplastics, petrochemicals, polymer degradation, toxicity, ecology.

Қазіргі таңда пластикалық ластану ғаламдық экологиялық және биомедициналық мәселелердің қатарына жатады. Жыл сайын әлемде шамамен 400 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі, оның едәуір бөлігі мұнай-химиялық өнеркәсіптен алынатын синтетикалық полимерлерге тиесілі. Полимерлердің негізгі түрлері - полиэтилен (PE), полипропилен (PP), полистирол (PS), және поливинилхлорид (PVC) - қоршаған ортада ұзақ уақыт бойы ыдырамай, ұсақ бөлшектерге айналады. Бұл ұсақ бөлшектер - микропластиктер адам ағзасына әртүрлі жолдармен еніп, биологиялық әсерлер тудыратыны дәлелденіп келеді [1, 2].

Мұнай химиясынан алынатын полимерлер және олардың деградациясы.

Жаһандық пластмасса өндірісі соңғы 70 жылда күрт өсіп, 359 миллион тоннаға жетті. Қытай дүниежүзілік өндіріске 17,5% үлес қосатын әлемдегі ең үлкен өндіруші, ал Түркия Жерорта теңізі аймағында тәулігіне 144 тонна пластик қалдықтарын ең көп шығарады. Микропластиктер теңіз қалдықтарының 75% құрайды, ластанудың 80-90% құрлықтағы көздер, ал мұхиттағы көздер тек 10-20% құрайды. Микропластика адамдар мен жануарларға цитотоксиктік, иммундық жауап, тотығу стрессі, тосқауыл атрибуттары және генотоксичность сияқты улы әсерлерді тудырады, тіпті ең аз 10 мкг/мл дозаларда да.

Полимерлердің көпшілігі мұнай химиясының өнімдері болып табылады. Мұнай – табиғи жолмен миллиондаған жылдар бойы жер қойнауында қалыптасқан органикалық зат. Оның құрамынан этилен, пропилен сияқты көмірсутек мономерлері алынады. Осы мономерлер полимерлену арқылы полиэтилен (PE), полипропилен (PP), поливинилхлорид (PVC), полистирол (PS) және басқа да синтетикалық пластиктерге айналады.

Мұнай - полимер өндірісінің негізгі шикізаты. Бүгінгі таңда әлемде жылына 390–400 миллион тоннадан астам пластик өндіріледі. Бұл өнімдердің басым бөлігі мұнай мен табиғи газдан алынатындықтан, мұнай-химия өнеркәсібі дамыған елдер полимер өндірісінде жетекші рөл атқарады.

Қытай - әлемдегі ең ірі пластик өндіруші әрі тұтынушы ел болып табылады. Елдің жоғары технологиялы өндірістік әлеуеті мен халық санының көптігі ішкі және сыртқы нарықтағы сұранысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қытайда көптеген халықаралық және жергілікті компаниялар полимер шикізатын өндірумен және өңдеумен айналысады.

АҚШ - мұнай-химия саласы дамыған, технологиялық тұрғыда алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі. Елде полимерлердің барлық негізгі түрлері кең көлемде өндіріледі және олар жаһандық нарыққа экспортталады. ExxonMobil, Dow Chemical, Chevron Phillips сияқты алып компаниялар АҚШ-тың полимер саласындағы қуатын көрсетеді.

Германия - Еуропадағы жетекші полимер өндіруші ел. Германияда тұрақты даму және экологиялық стандарттарға сай өндіріс жүйесі қалыптасқан. Елдің полимер өнеркәсібі жоғары сапалы өніммен танымал, ал BASF, Covestro сияқты ірі химия корпорациялары әлемдік нарықта ерекше орын алады.

Сауд Арабиясы - мұнай қорларына негізделген пластик өндірісінің маңызды орталығы. Елдің шикі мұнай мен газ қорларына байлығы полимер өндірісі үшін арзан және қолжетімді шикізат көзіне айналдырды. SABIC (Saudi Basic Industries Corporation) - әлемдегі ең ірі мұнай-химия компанияларының бірі және Сауд Арабиясының полимер өндірісіндегі басты күші.

Бұл мемлекеттер заманауи технологиялар мен ресурстардың көмегімен жаһандық полимер нарығының қалыптасуына тікелей әсер етіп отыр. Сонымен қатар, олар өндірістің қоршаған ортаға әсерін азайту үшін қайта өңдеу, биополимерлер және экологиялық тұрақты баламаларды дамыту бағытында да жұмыс істеуде.

Мұнай өнімдерінен синтезделетін полимерлер термопластикалық қасиетке ие, икемді, әрі берік болғандықтан кеңінен қолданылады. Алайда, олардың табиғи ортада биологиялық ыдырауы өте баяу жүреді. Полимерлердің фотодеградация, термодеградация және

механикалық ыдырау нәтижесінде молекулалық құрылымы бұзылып, микропластик және нанопластик бөлшектерге айналатыны белгілі [3].

Мысалы, полиэтиленнің күн сәулесінің ультракүлгін спектрінде ыдырауы тізбекті тотығу реакциясы арқылы жүреді, ал полистиролдың құрылымы стирол мономеріне дейін ыдырауы мүмкін. Бұл процестер табиғи ортада бірнеше жылдарға, кейде ондаған жылдарға созылады.

Мұнайдан алынатын полимерлердің басты кемшілігі - олардың биологиялық тұрғыдан ыдырамайтындығы. Табиғатта бұл материалдар ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы сақталады, әсіресе ауа жетіспейтін немесе күн сәулесі түспейтін ортада.

Полимерлердің деградациясы - олардың бастапқы құрылымының бұзылып, молекулалық немесе микроскопиялық деңгейде өзгеріске ұшырауын білдіреді.

Физикалық деградация - сыртқы механикалық және климаттық факторлардың әсерінен полимерлердің ұсақ бөлшектерге бөлшектенуі. Мысалы, ультракүлгін сәуле, жел, жаңбыр, температура ауытқуы сияқты табиғи құбылыстар пластиктің құрылымын әлсіретіп, оның бөлшектенуін жылдамдатады. Бұл процесс негізінен материалдың беткі қабатында жүреді және ұзақ уақыт талап етеді.

Химиялық деградация кезінде полимер молекулаларының химиялық байланыстары бұзылады. Бұл әсіресе тотықтыру және фотодegradация механизмдері арқылы жүреді. Күн сәулесінің құрамындағы ультракүлгін толқындар полимер тізбектеріндегі химиялық байланыстарды үзіп, молекулалардың ыдырауына алып келеді. Сонымен қатар, ауаның құрамындағы оттегімен әрекеттесу нәтижесінде тотығу процестері де орын алады. Бұл полимерлердің құрылымдық тұрақтылығын төмендетіп, олардың үгітіліп кетуіне ықпал етеді.

Биологиялық деградация - кейбір бактериялар мен саңырауқұлақтар кейбір түрлерін баяу ыдырата алады, бірақ көпшілік полимерлер үшін бұл өте баяу процесс. Осы процестердің нәтижесінде пайда болған микропластика қоршаған орта мен тірі ағзалар үшін аса қауіпті. Ол су, топырақ, ауа арқылы таралып, азық тізбегіне енеді.

Микропластиктердің пайда болуы және таралуы.

2004 жылы британ зерттеушісі Ричард Томпсон және оның әріптестері алғаш рет микропластиканың қоршаған ортада кездесетінін дәлелдеп, осы терминді ғылыми айналымға енгізді (Thompson et al., 2004). Содан бері микропластика ғылыми қауымдастықтың, үкіметтердің, үкіметтік емес ұйымдардың және т.б. назарын аударды. Пластмассалар өткен ғасырдың екінші жартысында қолданылған салыстырмалы түрде жаңа материалдар болғанымен (Gündoğdu and Çevik 2017), олардың шамадан тыс өндірілуі және әртүрлі өнімдер мен салаларда қолданылуы қоршаған ортаға айтарлықтай қауіп төндірді (Osman et al. 2020 ; Qasim et al.2020). Бастапқы микропластика, мысалы, бетті жууда қолданылатын косметикалық микротүйіршіктер әдейі кішкентай етіп жасалады және сондықтан олар осылай жіктеледі (Wang et al.2019). Нанопластика ерекше алаңдаушылық туғызады, өйткені олар микропластиктерге қарағанда тірі организмдер үшін олардың көптігі мен реактивтілігіне байланысты үлкен қауіп тудырады. Олардың кішкентай мөлшері тірі жасушаларға оңай еніп, шалғай жерлерге жетуге мүмкіндік береді, бұл олардың ықтимал зиянын күшейтеді (Sharma et al. 2022).

Микропластиктер — өлшемі 5 мм-ден кіші болатын пластик бөлшектер. Олар екіге бөлінеді:

1. Бастапқы микропластиктер – бұл арнайы қызметтік мақсатта өндірілетін өте ұсақ пластик бөлшектер, мысалы, косметикалық өнімдердегі микросфералар мен тазартқыш скрабтардың құрамында кездесетін пластик гранулалар.
2. Екіншілік микропластиктер – бұл бастапқыда ірі көлемдегі пластик өнімдер (мысалы, бөтелкелер, пакеттер, ыдыстар, құрылыс материалдары) қоршаған ортада күн сәулесі (ультракүлгін сәулелену), механикалық тозу, температура ауытқуы және биологиялық факторлардың әсерінен біртіндеп ыдырап, микроскопиялық бөлшектерге айналған кезде пайда болатын ұсақ пластик фрагменттері.

2023 жылы жүргізілген зерттеулерге сәйкес, ашық су айдындарында және теңіз түбінде кездесетін микропластиктер саны жыл сайын өсіп келеді [4]. Сонымен қатар, олар желмен ауа

арқылы да таралады. Бұл құбылыс микропластиктердің жаһандық масштабтағы таралуын түсіндіреді.

Микропластиктердің адам ағзасына ену жолдары. Микропластиктер адам ағзасына негізінен үш жолмен енеді:

1. Қоректену арқылы - ластанған тағам (балық, теңіз өнімдері, тұз), бөтелкедегі су, көкөністер арқылы;
2. Тыныс алу жолдары арқылы - ауада кездесетін микропластик бөлшектерін ингаляциялау арқылы;
3. Тері арқылы - косметикалық немесе тұрмыстық өнімдермен ұзақ байланыс кезінде [5].

2024 жылы жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, адам қанынан, плацентадан, өкпеден және бауырдан микропластик бөлшектері табылған. Бұл олар ағзаның әртүрлі жүйелеріне еніп, жинақтала алатынын дәлелдейді [6].

Микропластиктердің ағзаға әсері: токсикологиялық қауіптер. Токсикологиялық зерттеулерге сүйене отырып, микропластиктердің келесі әсерлері анықталды:

Жүрек-қан тамыр жүйесі: 2024 жылғы Италия зерттеуі бойынша, қан тамырларында микропластиктердің болуы инфаркт пен инсульт қаупін 4,5 есе арттырады [7].

Асқорыту жүйесі: микропластиктер ішектегі микробиотаның теңгерімін бұзып, ішек қабынуына, малабсорбцияға алып келеді.

Жүйке жүйесі: зертханалық жануарларда микропластиктердің миға жиналуы когнитивті қабілеттің төмендеуіне себеп болған.

Генетикалық мутациялар: кейбір микропластиктер бетіндегі ауыр металдар мен ПАУ (полиароматикалық көмірсутектер) мутагенді әсерге ие.

Микропластиктермен күрес бағытында бірнеше қадам ұсынылады. Олар біріншіден, пластикалық қалдықтарды сұрыптап өңдеу және жанбайтын қалдықты азайту. Екіншіден, биodeградацияланатын полимерлерді өндіру. Үшіншіден, мұнайдан алынатын полимерлердің орнына биополимерлер қолдану. Төртіншіден, микропластикті анықтау және бақылау әдістерін жетілдіру, оның ішінде жасанды интеллект негізінде детекция (MicroDetect-Net 2025 жобасы [8]). Сонымен бірге, тұтынушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру.

Мұнай-химия саласынан алынатын синтетикалық полимерлердің қоршаған ортада деградациялануы микропластиктердің түзілуіне әкеледі. Бұл бөлшектер адам ағзасына түрлі жолмен еніп, физиологиялық және биохимиялық процестерге теріс әсер етеді. Соңғы ғылыми зерттеулер микропластиктердің ағзада жинақталып, созылмалы аурулардың дамуына ықпал етуі мүмкін екенін дәлелдеуде. Осыған байланысты, мұнай-химиялық өнімдерге деген тәуелділікті азайту, альтернативті материалдарды дамыту және қалдықтарды басқаруды жақсарту - ХХІ ғасырдағы басты міндеттердің бірі.

Сонымен қатар, бұл мәселені шешуде экологиялық білім мен сананы қалыптастырудың маңызы ерекше. Жас ұрпаққа мектептен бастап табиғатты қорғау, қалдықтарды дұрыс басқару, қайта өңдеу мен тұтыну мәдениетін үйрету арқылы ғана ұзақ мерзімді оң өзгеріске қол жеткізуге болады. Экологиялық сауаттылықты арттыру – тек табиғатты қорғау ғана емес, адамзаттың денсаулығы мен болашағын қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Zhang, L., Zhu, K., Yang, S., Huang, B., Cao, C., & Qian, Q. (2023). Degradation of biodegradable microplastics under artificially controlled aging conditions with UV radiation. *Journal of Bioremediation & Biodegradation*, 4(3), 463-471. <https://doi.org/10.37871/jbres1698>
2. Liang, Y., et al. (2024). Gastrointestinal Incomplete Degradation Exacerbates Neurotoxic Effects of PLA Microplastics via Oligomer Nanoplastics Formation. *Advanced Science*. <https://doi.org/10.1002/advs.202401009>
3. Gallo, F., Fossi, M. C., & Weber, R. (2022). Marine litter plastics and microplastics and their toxic chemicals components. *Environmental Sciences Europe*, 34(1), 1-19.

4. Allen, S., et al. (2023). Atmospheric transport and deposition of microplastics in a remote mountain catchment*. *Nature Geoscience*, 13(5), 339–344.
5. Wright, S. L., & Kelly, F. J. (2023). Plastic and Human Health: A Micro Issue? *Environmental Science & Technology*, 57(2), 650–658.
6. Marwah, R., et al. (2025). MicroDetect-Net (MDN): Leveraging Deep Learning to Detect Microplastics in Clam Blood, a Step Towards Human Blood Analysis. *arXiv preprint*. <https://arxiv.org/abs/2508.19021>
7. Du, X., Zhang, S., & Zou, E. (2024). Marine microplastics and infant health. *arXiv*. <https://arxiv.org/abs/2410.17391>
8. UNEP. (2023). Turning off the Tap: How the world can end plastic pollution and create a circular economy. United Nations Environment Programme.

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ № 3

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ДРАЙВЕРЛЕРІ

СЕКЦИЯ № 3

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ДРАЙВЕРЫ ЭКОНОМИЧЕСКИХ И СОЦИАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ

Қашқынбай Д.С. Жасанды интеллект және автоматтандырудың еңбек нарығына әсері: қазақстан экономикасындағы трансформациялық үрдістер	3
Салтанова Г.А., Айтқұлова А.К Stem-білім берудің цифрлық трансформациясы: жиі технологияларын қолдану тәжірибесі және даму болашағы	9
Айтқұлова А.К. Информатика пәнін stem технологиясы негізінде оқытудың артықшылығы	16
Есқали В. Р., Келдибаева А. Б. Кенжебаева Ж.Е. Видеоматериалы как средство повышения эффективности преподавания литературы в школе	18
Идрисова Т.А., Мухамбетова Г.С. Жасанды интеллектті заңда қолдану мәселелері	23
Мизамова Г.Н., Шангитова Ж.Е. Ақпараттық технологиялар және тұрақты даму: экология мен энергетикаға арналған цифрлық шешімдер	28
Мухамбетова М.Ж., Нурбекова Г.Ф., Сұлтанбекова И.С. Жасанды интеллект дәуірінде оқушыларды бағдарламалауға даярлаудың маңызы	33
Карабалина С.Х. Мұғалімнің заманауи құзіреті және жиі құралдары	38
Назарова С.Ә. Мырзағалиева А.Б. Жасанды интеллект құралдарын педагогикалық интеграциялау жолдары	43
Туленова У.Т., Махметова Ж. Мектептің оқыту процесінде электрондық оқыту құралдарын пайдалану	51
Орманова Г.К., Рамазанова С.А. Алпыс Г.С. Физика пәні бойынша оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыруда цифрлік білім беру ресурстарының рөлі	55
Өтеғалиева Н.М., Теміртас Г.Б., Калиманова Д.Ж. Орта мектепте бейорганикалық қосылыстарды оқытуда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті интеграциялау әдістемесі	60
Абдуллаева К.М., Шангитова Ж.Е. Современные тенденции развития информационных технологий в науке и образовании	66
Баязов Т.Ж., Кулбаева М.М. Қылмыстық процестегі жасанды интеллект	69
Утемуратов У.Н. Современные цифровые образовательные практики в обучении русскому языку	73
Мерғалиева Д.К. QUIZZ, KAHOOT и не только: новые инструменты для увлекательной химии	78
Упишева А.М., Қуанбаева А.О., Қуанбаева Б.У. SOFT SKILLS ЖӘНЕ STEAM негізінде әзірленген пәнаралық сабақ үлгілері және оқу тапсырмалары	82
Ниязова А.У., Турсунбаева А.У. Дәуіт Ф.Қ. жасанды интеллекттің болашақ педагогтердің жұмсақ дағдыларын дамытудағы рөлі мен проблемалары	88
Дюсегалиева Б.М. Цифровизация в сельском хозяйстве и кооперации	92
V.V. Smakota. Digital technologies in the life of modern society: sociological dimension	100
Мерешова А.Б. Ерекше балалармен түзете дамыту жұмыс жүргізудің психологиялық -педагогикалық шарттары	104

**СЕКЦИЯ №4.
БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ, ЭКОЛОГИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ЗЕРТТЕУЛЕР**

**СЕКЦИЯ № 4.
СОВРЕМЕННЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ БИОЛОГИИ, ХИМИИ И
ЭКОЛОГИИ**

**SECTION NO 4
PHIOLOGY, LANGUAGE, AND INTERCULTURAL COMMUNICATION**

Тарвердиева Р. <i>Ленқаран физикалық-географиялық аймақтың лейшафттарының трансформациясына әсер ететін факторлар</i>	108
Бамбеева Р.Н., Даваева Ц.Д., Сангаджиева Л.Х. <i>Органолептические и физико-химические характеристики питьевой воды юстинского района республики калмыкия</i>	112
Манжикова А.В., Бамбеева Р.Н Сангаджиева Л.Х. <i>Морфология состояния пищеварительной системы тканей крупного рогатого скота при использовании добавок модификации диатомита</i>	119
Ирзагалиев Қ.С. <i>Табиғи жайылымдарды ұтымды пайдалану мәселелері</i>	124
Айтуар А., Кенжебай Р.Н. <i>«Мейрам ана» шипалы су бұлагының химиялық құрамы</i>	128
Батиров Х.Ф. <i>Семена двулетних корнеплодов при зимней вегетации</i>	133
Нургалиева А.К.,Тілесбаева А.О. <i>Биология пәнінде инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілігін арттыру</i>	139
Каирова Д.Ж. <i>«Биология пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың ботаникадан практикалық дағдыларын қалыптастырудағы жылыжайдың рөлі»</i>	144
Калауова А.С., Берекеқызы Ж., Назарханқызы Ә. <i>Виртуалды зертханалар арқылы химияны stem негізінде оқытудың тиімді жолдары</i>	148
Орманова Г.К., Рамазанова С.А., Шайхслам Г.С. <i>«Электр және магнетизм» бөлімінен физикалық эксперименттік есептерді шығаруға компьютерлік модельдеу негізіндегі stem технологиясын қолданудың тиімді әдістері</i>	156
Днекешев Б.А., Бисенов У.К. <i>Анализ состояния кормовой базы битикского водохранилища западно-казахстанской области</i>	165
Есалиева А.Б. <i>Сравнительный анализ сезонной динамики накопления нитратов в бахчевых культурах</i>	171
Ибраева А.М., Жапарова С.Б. Коспанов Н.М. <i>Применение сывороточных белков и побочных продуктов молочной промышленности в производстве строительных материалах</i>	177
Рысжан Ә.Е. <i>Природные кремнистые сорбенты: диатомиты, опоки и индери́д</i>	188
Жаббарбергенов М.Ж., Маматалиев А.А., Намазов Ш.С. <i>Модифицированной аммиачной селитры на основе добавки каракалпакского вермикулита</i>	195
Дюсегалиев М.Ж. <i>О новом «жайык-жемском» заводском типе каракульских овец черной окраски жакетного смушкового</i>	199
Талғатова А.Д., Сыдыкбаева С.А. <i>8-сынып химиядан электрондық оқыту платформасын әзірлеу және енгізу</i>	204
Alipkali A.A. <i>Complex ecological sustainability analysis: leather product repair and recycling processes</i>	209
Бекше А.Б. <i>Проблемалық-дамытушылық оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу және оны орта мектепте биологияны зерттеуде қолдану</i>	218

Беркінқызы Ұ. Орта мектеп деңгейіндегі биологияға қызығушылық пен үлгерімдегі гендерлік айырмашылықтар	222
Тілесбаева А.О. Биология пәнін оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілігін арттыру	224
Махмутова Ж.С. Инновационные методы преподавания химии на основе steam при формировании профессиональных компетенций	229
Таджикулова Н.А., Еламан З.А. Судағы микропластик: көздері, салдары және тазарту салдары	232
Сарсенгазиева А.С. Дәрілік өсімдіктердің перспективалы түрлерін зерттеудің өзекті бағыттары	237
Махатова Л.Е. Влияние пластика на экосистему казахстана	243
Қаныбек А.А., Нурбаева Ф.К. Оценка экологического состояния водных объектов западного казахстана	246
Сакипова Г.С., Калиманова Д.Ж., Балабекова Ш.Т. Химия пәнінен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруда химиялық эксперименттерді қолдану әдістемесі	250
Советжан А.Ғ. Кейс әдісін қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту жолдары	253
Кулжанов А.М., Шамшеденова С.С. Картонды қайта өңдеу технологияларының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары	259
Муканова А.К., Курманбаева А.С. Использование техногенных минеральных образований в строительной отрасли: возможности и перспективы	264
Сембаева А.М., Калауова А.С. Химия пәні бойынша инновациялық технологиялар арқылы факультативтік сабақтарын тиімді ұйымдастыру	268
Даменова А.К., Асан А.Е. Топырақ эрозиясы және оның ауыл шаруашылығына әсері	274
Салауатова Ж.Ж. Биологияны оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолданудың әдіснамалық негіздері	278
Ахимбаева Б.С., Жанаева А.А. Эко-брединг – кәсіпорынның тұрақты даму құралы	282
Закирова А.Ш., Джетимов М.А. Функционалды сауаттылықты қалыптастырудағы химиялық модельдеудің педагогикалық мүмкіндіктері	287
Абулғазиев А.У., Жандосова Г.Ө., Жұмағазиев А.З. Қазақстанның туристік шаруашылығын дамытудағы кластерлік жүйенің мәселесі	293
Сырымов Е.Ғ. PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда жасанды интеллектінің рөлі (математикалық модельдеу аспектісі)	299
Балабекова Ш.Т., Гумарова С.А., Калиманова Д.Ж. Мұнайдан алынатын полимерлердің деградациясы: микропластиктердің пайда болуы және оның адам ағзасына әсері	301

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына арналған
«Досмұхамедұлы оқулары – 2025: Ғылым мен білімнің дамуындағы заманауи инновациялар
және жасанды интеллект» атты
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
материалов Международной научно-практической конференции «Досмухамедовские чтения
– 2025: Современные инновации и искусственный интеллект в развитии науки и
образования», посвященной
85-летию Атырауского университета имени Халела Досмухамедова

International Scientific and Practical Conference
«Dosmukhamedov Readings – 2025: Modern Innovations and Artificial Intelligence in Science and
Education Development»
dedicated to the 85th anniversary of Kh. Dosmukhamedov Atyrau University
PROCEEDINGS

*“Sveto Copy” қағазы. Пішімі А4. Көлемі 37,7 б.т.
Таралымы 100 дана*



*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
«ASU Press» баспа орталығында басып шығарылды.*

*Техникалық редакторы: Батыргалиева Салтанат
Мұхабасын жасағандар: Батыров Ғалымжан, Төкешов Алтынбек
Түптеген: Жамбылов Маркс, Марданова Сауле*